

НАРОДНЫЙ УЧИТЕЛЬ



КУМАШ НУРГАЛИЕВ

**Бұл кітап 2005 жылы,
Құмаш Нұрғалиұлы мен Қанипа Айкенқызы
80-жылды мерейтойында жарық көрді.**

**Кітап қазақ және орыс тілдерінде жазылған.
Веб-сайтта кітаптың қысқартылған нұсқасы берілді.**

ХАЛЫҚ МҰҒАЛІМІ



ҚҰМАШ НҰРҒАЛИҰЛЫ

Алматы 2005



Ғасырдың қаһарманы

*Халқымыздың кемеліне келіп өркендеуі үшін,
ең алдымен азаттық пен білім керек,
оны дәріптеп танытатын азаматтық керек.*

Ш. Уәлиханов

Есімі бүгінде аңызға айналған, бар өмірін ауыл мектебін өркендетуге арнаған Құмаш Нұрғалиұлының еңбегін бүгінде біз зор мақтанышпен айта аламыз. КСРО халық мұғалімі кезінде Еңбек Қызыл Ту, Ленин ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған көптеген сыйлықтардың лауреаты атанған абзал азамат өмірі, қашанда бүгінгі ұрпақ үшін үлгі тұтар асқар тұлға. Осынау есімі егеменді елімізде үлкен әріппен жазылатын ұстаз жайындағы естелік кітаптың мәні мен маңызы ерекшелене түседі. Ұлағатты ұстаз болу бақытына ие болу кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Президентіміз жолдауында көрсеткендей «Қазақстандағы мектеп уақыт өте келе үздік әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілуі тиіс» деген сөздері кезінде Құмаш Нұрғалиұлының 31 жыл басшылық жасаған Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл ауданындағы Боран мектебіне дәл арналғандай көрінеді.

Өмірді ерекше сүйе білген оның өмірі ерлік пен батылдықтан тұратынын естелік кітап беттерінен тани түсеміз. Ұрпақ тәрбиесі келешек тұтқасы екенін жақсы түсінген Құмаш Нұрғалиұлы ауыл мектебін мәдениет орталығына айналдыра білді. Соғыстан кейінгі жылдары Республикамызда мектеп ғимаратын типтік жоба бойынша салуға бірінші болып қол жеткізуінің өзі майдандағы батырлығы мен ерлігінің жалғасы деуімізге әбден болады. Мектеп директоры, педагогикалық жетекші, білгір ұйымдастырушы ретінде Құмаш Нұрғалиұлы өз заманынан әлдеқайда озық тұрғанын көреміз.

80-жылдардың өзінде-ақ мектепті компьютерлік класпен жабдықтауды армандап, көптеген игі-іс шараларды атқарғаны туралы естелік кітапта нақты мәліметтер мол. Мұның өзі мектеп мұғалімдерінің идеялық-теориялық, ғылыми-практикалық даярлығы мен методикалық шеберліктерін арттыруда бүкіл оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартуды қамтамасыз еткенің көреміз. Өз ісінің майталман шебері ғибратты ұстаз авторлық мектеп құру арқылы, бүгінгі күн талаптарына сай келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу ісіне белсене араласып жас өспірімдерді әлемдік деңгейде көрінуіне жол ашты. Естелік-кітап беттерін парақтаған сайын бұл мектепте оқушыларды дара тұлға етіп тәрбиелеу ісіне көп көңіл бөлініп, мектептегі әрбір сабақтың жоғары дайындықпен, шығармашылық жаңалықпен мазмұнды нәтижелі өтуіне бар жағдай жасалынғанын байқатады. Сондай-ақ өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм, елжандылыққа тәрбиелеуде рухани және мәдени дамуына ерекше үлес қоса отырып, осы мақсатты орындау жолында Құмаш Нұрғалиұлының ұстаздықты, адамдық асыл қасиеттермен ұштастыра білгені жайлы жазылған деректердің қай-қайсысы болмасын бүгінде ұстаздар қауымына педагогикалық институт түлектеріне білім мен тәрбие беруде құндылығы зор еңбек екенін танытады.

Кеңес өкіметі кезінде жаңашыл мұғалім ретінде танылып, халық құрметіне бөленген ауыл мектебін көркейтуге ерекше үлес қосқан халық мұғалімдері: Қ. Айтқалиев, Г. Кубраков, Қ. Нұрғалиев сынды азаматтардың еңбектерін бүгінде зор мақтанышпен айта аламыз. Егер біз егеменді еліміздің ХХІ ғасырдағы мектебі қандай болу керек деген сұраққа жауап іздесек Қ. Нұрғалиұлының өнегелі өмірі, ұстаздық жолы жайлы жазылған осы естелік-кітаптан толық таба аламыз.

Ұстаз бақыты – ұрпағы екенін жақсы түсінген Құмаш Нұрғалиұлының келер ұрпаққа қалдырған асыл мұрасы 40 жыл бойындағы ағартушылық еңбегі қашанда үлгі болып жарқырай бермек. Болашақтың қамын ойлаған ұлағатты ұстаз, ардақты әке арманын, бүгінде өз ұрпақтары жалғастыруда.

Осы педагогикалық әулетте кезінде әке жетпеген арман-мұраттардың жарқын көрінісі егеменді еліміздің білім саласына қосқан, әлі де қоса беретін республикамызға ғана емес, халықаралық деңгейде танымал ұл-қыздарының шығармашылық, педагогикалық еңбектері бүгінде халық игілігіне айналуда.

Нағыз халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлы жайлы қызығы мен қиындығы мол өміріне әлі талай дастандар жазылатынына сеніміміз мол.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі



Әйтимова Б.

2005 жылы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 60 жыл толады, бұл жыл әсіресе, Ұлы Жеңіс әкелген ардагерлер үшін ерекше есте қаларлықтай.

Сондай ардагерлердің бірі-атақты педагог-жаңашыл, есімі аңызға айналған, өмірді сүюімен ерекшеленген, рухы күшті, балаларды тәрбиелеумен, білім берумен жан-тәнімен айналысқан Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиев.

Ұлы Отан соғысы кезінде, әскери бұйрықты орындау үстінде ол 19 жасында ауыр жараланды. Аяқ-қолы істен шықты, соның өзінде педагогикалық білім беру үшін өз бойынан күш-жігер таба білді. Құмаш Нұрғалиев таңқаларлықтай ерлік жасады: жер бетіндегі ең адамгершілікті мамандықты таңдады: ауылды жерде мұғалім, кейінірек ауыл мектебінің директоры қызметін атқарып, өмірін одан әрі қызғылықты жалғастырды.

Қашықтағы ауылда, Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл ауданының Боран ауылында, облыс орталығынан 500 шақырымдай қашықтағы елді мекенде, Қазақстан Республикасының шығыстағы шекарасында Қ. Нұрғалиев ауыл мектебінің авторлық үлгісін құрды. Ол үлгі әлеуметтік ашықтыққа, интегративтікке, кешендікке, жүйелікке, ғылымилыққа, икемділікке, адамгершілікке негізделген. 1975 жылы мектеп КСРО Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық көрмесіне қатысып II орын алды, ал 1980 жылы ҚазКСР Ауыл шаруашылығының қола медаліне және III орынға ие болды.

Құмаш Нұрғалиұлы мектепте 31 жыл басшылық жасаған кезінде өзінің ұстаздық шеберлігін, білім берудегі жетіктігін таныта білді. Өз мектебін дамытуда соңғы кездегі ғылым мен техникалық жетістіктеріне сүйенді. Мектеп мәселесі туралы кез-келген деңгейдегі басшыларға батыл ұсыныс жасай алды, оның дұрыс шешілуін батыл талап етті.

Құмаш Нұрғалиұлының негізгі тұжырымдамасының идеясы мектептерді дамыту жүйесінде іске асырылды: мектеп ауылдың әлеуметтік және мәдениет орталығы, психологиялық-педагогикалық ғылыми негізінде мектеп мұғалімдерін әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, білім сапасын арттыру үшін мектептің теледидар – техникалық орталығын құру, оқушылардың бастауыш кәсіптік білімін өндірістік еңбекпен біріктіріп оқыту, тұлғаны мәдениеттілікке тәрбиелеу, оқушыларды әлеуметтік-инабаттылық құндылыққа бейімдеу.

Осынау тамаша адам, ерінбейтін еңбекқор, тәжірибелі жетекші, іскер ұйымдас-тырушы ретінде халыққа білім беруді дамытуда көп еңбек етті, барлық мұғалімдердің ұстазы болды. “Бұл ғажап адамның өзінің өмірі – ерлік, шәкірттерді рухани адамгершілікке тәрбиелеуде, олардың азаматтық сапасын қалыптастыруда гибратты өнеге болып табылады”, – деп Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев атап көрсеткен. Бұл Ұлы Отан соғысының ардагері, Боран мектебінің үздіксіз басшысы, бар ғұмырын ауыл мектебін дамытуға арнаған, есімі үлкен әріппен жазылатын ұстаз үшін жоғары баға еді.

Құмаш Нұрғалиұлы Әскери Қызыл Ту, Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен,

Құмаш Нұрғалиұлы Өскери Қызыл Ту, Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен, Еңбек Қызыл Ту, Ленин ордендерімен, бес медальмен марапатталды, "ҚазКСР Халық ағарту ісінің үздігі", "КСРО ағарту ісінің үздігі" белгілеріне, Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарына ие болды, "ҚазКСР-ның еңбегі сіңген мұғалім", "Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты" атанды.

1981 жылы "КСРО Халық мұғалімі" атағын иемденген Құмаш Нұрғалиұлы еді.

Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық қызметі Кеңестер Одағының энциклопедиялық сөздігінде, Қазақстан педагогикалық ақыл-ойының Антологиясында бейнеленді. Оның шығармашылығы жайлы құжатты-публицистикалық фильмдер топтамасы шықты: "Комсомольский билет", "Здравствуй солнце" "Учитель", "Открытый урок". Екі кітап жазылды: "Құмаштың мектебі" мен "Өлімді жеңген өмір". Кезеңдік басылымдарда 50-ден астам мақала жарияланды.

Боран ауылындағы оның авторлық мектебін қазірде баласы, педагогика ғылымының кандидаты Талаант Құмашұлы басқарады. Бұл мектептен білім алған оқушылардың 30%-дан астамы жоғары оқу орындарына грант және несие арқылы түседі, өте жақсы мектеп бітірушілер "Алтын белгіге" ие болады. Жарыстар мен олимпиадада жеңімпаздар атанады. Ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде білімді ақпараттандыру педагогикалық идеясын жүзеге асырады және мектептің теледидар техникалық жүйесі арқылы ауыл эфиріне шыға алады. "Қазақстан Республикасының ауыл мектептері үшін" "Қашықтан оқыту" жобасы бойынша бұл мектеп ЮНЕСКО зерттеу институты мен РБАО мәртебесіне ие.

Бұл жылдары Құмаш Нұрғалиұлына көрсетілген қадір-құрмет үшін біз терең сезімді алғысымызды білдіреміз.

Шығыс Қазақстан облыстық әкімшілігінің шешімімен 1995 жылы Юрий Иванович Лавриенко басқарған Өскемен қаласындағы № 43 мектеп Құмаш Нұрғалиевтің есімімен аталды.

Құмаш Нұрғалиев атындағы жекеменшік колледж оның баласы Марат Құмашұлының бастамасымен құрылды. Колледжде Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев атындағы стипендия тағайындалған.

Күршім ауданының әкімі Қонысбай Қойшыбайұлы Төлеубековтың шешімімен ауданның үздік мұғалімдері үшін Құмаш Нұрғалиев сыйлығы тағайындалған.

Бұл кітап КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлының жанашыл шығармашылығына, қоғамдық қызметіне, жеке тұлғасына қызығушылар үшін аса құнды еңбек болып табылады.

Кітапты құрастыру кезінде Құмаш Нұрғалиұлымен бірге оқыған, онымен қызметтес болған, ұзақ жылдар қатар жүрген адамдардың естеліктерін, көзкөргендердің – соғыс ардагерлерінің, жазушылардың, оның әріптестері мен шәкірттерінің жазғандарын өзгертпей, ұқыптылықпен пайдаландық.



МАРҚАКӨЛ

*Шар айна жарқыраған Марқакөлім,
Айнала қоршап қойған бақытты ел.
Матайбай, Тесіктас пен Салқын шоқы,
Бірге өскен, Марқакөлдің тұтас теңі.
Сарытау, Жиренбайтас және Күршім,
Жоқ шығар бір -бірінен артық кемі.
Сұлу көл Алтайыма мақтан болған,
Жыр етем, тебіреніспен Марқа сені.
Болады көрген адам көңілі жай.
Көрінбес шалғыныңнан жабағы - тай,
Дәм тартып, көптен бері шалғай кеттім.
Сағындым қайран, Марқа, уа, дариға-ай!*

Осы сәнді Марқакөл өңіріндегі Сармөңке деген ауыла, Кеңес өкіметі орнаған жетінші жылдың алтын күзінде белсенді колхозшы, озат жалақышы Нұрғалидың отбасында тұңғыш нәресте Құмаш дүниеге келеді. Жас жұбайлар Нұрғали мен Күлдәрінің қуанышында шек жоқ. Олар баламыз өзіміз көрген қорық пен жоқшылықты көрмей өседі, мектепке барып оқу оқиды, сауатты, білімді азамат, мүмкін мұғалім болар деп қуанады, солай боларына берік сенеді. Оның да жөні бар еді. Кеңес өкіметі ыңғайған сайын, өмір көңілді, тұрмыс ауқатты бола берді. Сауатсыздықты жойып, жаппай білім алу жорығы күшейе түсті.

Құмаш та өсіп оқу жасына жетті. Тамыз таусылып, қыркүйегі басталарда Нұрғали тұңғышын жетектеп, жеті жылдық мектепке әкелді.

– Мына тұңғышым Құмашты өзіңе тапсырдым, – деді ол мектеп меңгерушісіне. – Өзім бай-құлақтарға жалшы болып оқи алмап едім, енді балаларым оқысын. Мүмкін өзің сияқты білімді мұғалім болып шығар...

Әкесінің бұл сөздері Құмаштың бүкіл өмір бойы жадында сақталып қалды. Әкенің бұл тілегі мен арманы да тегін айтыламаған шығар. Ол тұңғышынның өзінен кіші інілерімен және көрші балалармен ойнағанда, оның аузынан ымы да *мектеп, сынып, мұғалім, шөкірт* деген сөздер түспей, өзі үнемі “мұғалім” болып ойнауға тырысатындығын байқайтын. Болашақ, әке тілегі мен арманы осы байқаулардан, әлде ауылағаны ең сауатты, ең білімді адамдар мұғалім деп халықтың санасында ежелден сіңген ұғымнан туған шығар. Қалай болса да, әкенің бұл сөздері, мұғалім болу арманы жас ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталып қалды.

Құмаш жасынан зерек болып, мектеп табалдырығын аттағаннан бастап үздік оқыды. Сол зеректігін, сол үздік үлгірін кластан класқа көшкен сайын баянды етіп отырды. Әсіресе орыс тілі мен әдебиетін, тарих пәнін ерекше жақсы көріп, олардан үнемі өте жақсы баға алып отырды. Ол оқуды жақсы оқимын деп оржөкіректікке салынбайтын, қайта өзі шығарған қиын есептерді, басқа да пәндер бойынша жолдастарына, әсіресе Қанша

деген көрші тұратын қызға ерінбей, ренжімей түсіндіретін.

Пионер қатарында болу, комсомолға өту Құмаштың дүние-танымын байытып, қоғамдық жұмыстардың қыры мен сырын қанығуына көп әсер етті. Жылдар өтіп, кластан класқа көшкен сайын мұғалім болу арманы Құмаштың жүрегінде берік беки берді. Ол сегізінші класты тамамдағаннан кейін, педагогикалық училищеге оқуға түсіп, арманына тез жетуге асықты. Бірақ өмірдің өз дегені бар екен. Аяулы әке кенет қайтыс болды. Артына ерген үш бауырын өсіріп, анасы Күлдәріге қолғанат болу Құмаштың жоспарын күрт өзгертті. Сегіз класты бітірген Құмаш ауылдық Кеңес хатшысы болып қызметке орналасты. Кешікпей колхоз комсомолдері оны өз ұйымының хатшысы етіп сайлады. Ауылдық Кеңес пен комсомол ұйымындағы жұмыс, кешкілікте тоғызыншы класқа арналған оқулықтарды өз бетімен оқу жас жігіттің өміріне жаңа мазмұн беріп, оның азаматтық тұлғасының дамып, қалыптасуына ықпал етті” (М. Әбуғалиев).



“...Баалық бойының табиғаты ол өскен жердің көркемдігіне ұқсамайды! Кіші сержант балаалық қызығушылығын еске түсіріп баяу ғана ырғалып тұрған биік шыршаға, соғыс жүріп жатқан таныс емес қаланың бейнесіне таңырқай қарады. Соғыс кезінде адам машина емес, әр нәрсені ойлауға дәті бара бермейді, пулеметке таяп келіп қаланың төңірегіндегі ғасырлар жасаған үлкен ағашты көрді, оның алдында алғашқы қарға бөленген шырша тұрды. Ал төңірегі гүрсілдеген үрейге толы еді...”
(Н.Иванова, В.Садовщикова).

“...Құмаштың бөлімшесіне жотада бекініп алып, өлім сеуіп, оқ боратып тұрған жау дзотының үнін өшіріп, полктің екпіндеп шабуыл жасауына жол ашу бұйырылды. Он екі жауынгер қос-қостан брон бұзар граната алып, ымырт үйіріле лай батпақты бауырымен сүзе, бар күшті қос шынтақтың қырына түсіріп, сүйретіліп жылжып кетті.

Ол арттағы жолдастарына бұйрықтың орындалғанын хабарлап белгі беру үшін, шалқасынан аунап түсті де, березент белбеуіне байланған ракета атқыш пистолетті алып аспанға атып жіберді. Енді фашистер оғы сол маңайды тінткілей оқ бораның астына алды.

Ақыры тапты, дәл жанынан жарылған снаряд жарқыншағы қара санды қақырата қақ бөліп кетті. Ол ауыр жараланғанын сезді. Көзі мұнартып, басы айналып бара жатты. Бар күшін бойына жинап, сол аяғының өкшесін жерге тіреп, жан дәрмен жаңағы снаряд қопарған орға қарай ұмтылды. Үлгермеді, енді бораған оқ қас пен көздің арасында қалған жалғыз аяқ пен қолды тағы қырқып түсті. Сол сәтте уралаған қаһарлы дауысты құлағы шалып еді, басы айналып, талықсып кетті. Тағы бірде есін жиганда аспанда аппақ тұман торлаған ай далада өзін зімбілге салып көтеріп келе жатқан қарулас достарын көрді” (К.Зөкенов).

Өліммен “бетпе-бет” қардай бораған оттың ортасынан аяқ қолдан айырылған қазақтың қайсар ұлы өзінің тірі екенін сезінді. Ауруы жанына батса да шыдамдылық таныта білді. Басы айналып, көзі қарауытып, бірде есі кіріп, бірде мүлде әлсіреп кеткен кезде, оның көз алдында туған жері елестеді.



“Санитарлық взводтың төрт солдаты келіп, Нұрғалиевты көтеріп плащ-палаткаға салды да, полктың тылына жеткізді” (М.Әбуғалиев).

Ауыр жараланған сол жігіттің шыдамдылығына, қайсарлығына ерекше риза болған дивизия командирі “ойпырмай, нағыз батыр ғой мына жігіт” деген ойды сөзбен емес, көзімен білдірді.

“Алғаш есін жиганда ол сөйлесетіндей халде болған жоқ. Санада саңылау бар, көзі түскен жерге қадала қарайды, тісін қайрай береді. Дивизия командирінің өзі келіп, кіші сержанттың кеудесіне жауынгерлік Қызыл Ту орденін қадап, «Рахмет саған, солдат!» деген шынайы ықыласын айтып, көп сөйлеспей, әлденеден жүзін тайдырып, шығып кетті. Соғыста талайды бастан кешіріп жүрген комдивтің өзі мына жас жігіттің сау-тамтығы қалмағанын көріп, дәті шыдамаса керек. Тек сол комдив келіп кеткеннен кейін ғана Құмашқа: «Осы менің ахуалым нендей?» деген түйсік келді. Ол Валентинаның көмегімен, айнала ақ дәкемен шандыған, әбден құр сүлдері қалған денесін көтеріп отырғанда барып бар шындықты білді...” (С.Қалиев).

Валентина Шевелева өз көргенін былай баяндайды: “Түннің бір уағында санитарлар бір зембіл әкелді. Зембілде шинелмен жабылған бір орам бірдене жатты. Бүкіл соғыс бойына мен мұндайды көрмегем. Шошып кеттім. Екі аяқ бір қолы жоқ, бір бала жатыр. Түрі аппақ шүберектей болып кетіпті” (“Учитель” д/ф).

“Медсестра Лиза орамамен сүртіп тұрған шприцті қолынан түсіріп алды. Ол зембіл ішіндегі жаралы солдаттың қанға бөгіп жатқанын көріп, шошып кетті.

– Құдайым-ау, құр сүлдері қалыпты ғой, – деп шыр-шыр етіп, зембілді айналып жүрді де қойды” (Ж. Ыбыраев).

“Бас хирург шатыр ішіне дереу ақ жапқан тақтаны қойдырып, бірден операцияға кірісіп кетті. Жұқа тарамыспен теріге ілініп тұрған екі аяқты және бір қолды, алып тастап, далалық госпитальдағы барлық шараларды жасап бақты. Ендігі дәрігерді қинаған ой жаралыға қан құю. Өр тамшыны «қасқалдақтың қанындай» қастерлеп ерекше есеппен, тек осындай ауыр жағдайға сақтап ұстаса да, ол госпитальда үнемі дерлік жетпейтін. Сондықтан да қан – өмір шырағы атанады. Ал қан құймаса қалалық ауруханаға апарғанша жаралының жағдайы қыл үстінде.

– Менен алып құйыңыз, – деді Құмашты алғаш қабылдаған кезекші медбике Валентина Шевелева, жағдайды бірден түсініп.

– Көріп тұрсыз ғой, бұл кісіге өте көп қан керек.

– Онда бізден де алыңыз, – деп медбикелер Наташа Солодкина мен Лиза Великанова өздерінің көмек беруге әзір екендіктерін білдірді. Сөйтіп, олар алғашқы қатерден алып қалды ” (К.Зәкенов).

“Ол майдан госпиталінің палаткасында есін жиып, көзін ашқанда, өзінің қан-сөл жоқ жүзіне телміре қарап отырған, гимнастерка өңірінде «Сталинградты қорғағаны үшін» деген медалі жарқыраған, ботакөз медсестра қыз Валентина Шевелеваны алғашқы рет көрді. Өз өмірін бәске тігіп, Құмашты ажал аузынан алып шыққан адам... Ал тағы екі медсестра қыз Лиза Великанова мен Наташа Солодкинаның жас жауынгердің өмірі үшін өздерінің қандарын беріп, оның төсегінің жанында апта бойы ауысып, кезекші болғандарын Құмаш кейінірек білді...” (С.Қалиев).

“Медбикелердің бірі, Наташа Солодкина:

– Біздің, бауырымызсың, енді біздің қанымыз бір, - деп Құмашқа жымия қарады. Кіші сержанттың тіл қатуға да шамасы шамалы еді. Медбике айтқандарын да жөнді ұға қойған жоқ. Наташа жаралы жауынгерді жұбату үшін күлімдей сөйлеп:

– Ұрыс алаңында ауыр жараланып, ұзақ жатып қалыпсың, қан көп кетті. Тала берген соң мына Лиза екеуміздің қанымызды саған құйды. Содан аман қалдың. Енді біз саған апай боламыз, – деді” (Ж.Ыбыраев).

“Санитарлық бөлімге жеткізген соң, жансыз сұлық жатқан, көзі жұмулы Нұрғалиевті бір топ адамның қасына салған екен. Бірде есі кіріп, бірде есінен айрылып қалың ұйқыға шомған... Бір тұста көзін ашады. Ақ желеңді біреулер жанай өтіп барады екен. Нұрғалиев айғайлап, соларды шақырады. Дауысты естіп ақ желеңділер бұны көтеріп палата ішіне әкеліпті. Жаңағы екі сестрадан кейін естігенде Құмаштың төбе құйқасы шымырапты:

Неге десеніз, қансырап, өң-сөлсіз, кірпік қақпай жатқан жігіттен үміт үзіп, көтеріп әкелгендер оны өлгендердің қасына салған екен.

Медбикелер:

– Сіздің бағыңызға санитарлар кездесіп, бізге әкелді. Өйтпесе, өйтпесе өлдеқалай болатын ба едіңіз... – депті.

Бұл ұзаққа созылатын тақсіреттің алғашқы сәті ғана болатын. Одан кейін дәрігерлердің азамат үшін айқасы басталды” (М.Шегендіков).

“Құмаш қабақ шытып, ауыр күрсінді. Шындары аспанмен тілдескен Алтай сілемдері көзіне елестегендей. Сол биік шыңдар оған қуат қосқандай. Өрине, әлсіздікке бір сәт те мүрсат бермеу керек. Парасат биіктігін, тапжылмас ұстамдық мінезін асқар тауларынан жүрекке құйып алғандай сезінді өзін. Көктемде буырқана бүрсанған Ақ қаба, Қара қаба өзендері, тау төбесінде тостағандай дөңгеленген айдынды Марқакөлі, жиегіндегі Төр жайлау – бәрі есіне түсті. Он жігіт қатар тұрып алып шалғымен шөпті бірінен соң бірі шауып келеді. Сол жұмыстан бәрі де рахат тапқандай. Тау беткейіне қарай бірінен-бірі қалыспай, шалғы тартып бара жатқаны сағынышты бір көріністер болып елестейді. Сөйтіп, шөп шауып шаршап келгенде айызың қана сусын ішкенге не жетсін, шіркін. Қазір де шөл шыдатпай бара жатыр еді.

– Су, су, бір жұтым су берші, - деді медбикелердің бірін шақырып. Валя Шевелева ақ халатын иығына іле салған күйі аяғын тықырлатпай, ақырын басып келіп, аузына су тамызды.

– Шыдай тұр, бауырым! Одан артыққа рұқсат жоқ, әзір, – деп Құмашқа күлімдей қарап, ұзап кетті” (Ж.Ыбыраев).

Медбике Мария Васильевна Ракованың дәрігер Александр Михайлович Молоденковқа жазған хатынан:

“Ұлы Отан соғысы кезінде медперсонал қандай қиындықтарды бастан кешіргенін сипаттап беру мүмкін бе? Құлап жатқан бомбалар мен жауып тұрған оқтың астында жұмыс істедік, жаралы солдаттар мен командирлерге көмек көрсеттік.

Несін айтасыз... Қиын жағдайларда операция жасауға тура келетін. Жарықты гильзадан немесе керосин шамнан түсірдік, соңғы кезде движокты ыңғайлап алдық. Бомба жауған, артиллериялық атыстардың астында да талай қалдық. Өсіресе, түнде, оның үстіне орманда қорқынышты болатын. Дәрі-дәрмектер де, жара таңатын материалдар да жетіспейтін, бинттерді жуып, залаалсыздандырып, қайта қолдануға тура келетін. Жібекті былай табатынбыз: біздікілер жау самолетін қағып түсірген жерлерге барып, парашют арқанынан операция бөлмесіне арнап жібек жіп өзірлейтінбіз.

Есімде, траншеялар мен блиндаждарды су басқан. Түнде артиллериялық атыс болды. Ауыр жаралылар қайта жарақаттанудан қорғанып, екінші төсектен жерге құлап жатты. Палатка жанына снаряд түсіп, екі санитар жараланды. Біреуі – Трухин тізесінен жарақат алды, мен оның жарасын таңып, аттардың қасына шұңқырға түсірдім. Мен оған “аттар таптап кетеді ғой” десем, ол “Мен қорғанам, тек менің үш балапаным үшін өмірімді алып қала көріңіз” деп жауап берді. Соғыстан кейін Трухин хат жазып, алғыс айтты, тек тізесі бүгілмейтін болып бітті.

Өлі есімде, санитар жүгіріп келіп, қолы мен аяғынан жараланған ауыр халдегі солдат келіп түскенін айтты. Операцияны үзбестен, сіз не істеу керегін айтып нұсқау бердіңіз: оны операцияға дайындау, яғни шок жағдайынан шығару керек еді. Оны жара таңатын палаткаға, оң жақтағы бірінші столға, жылырақ болсын деп пешке жақын жатқызды. Сіз операцияны аяқтап, бізге келдіңіз де, ауыр жаралыны қарап, медбикеге: “Ампутация жасайтын аспаптарды өзірлеңіз” дедіңіз. Жауынгер қазақ болатын. Мен наркоз бере бастаған кезде ол: “Доктор, менің өмірімді қорғап қалыңызшы!” деп өтінді. Сіз оған “өмірде не істемексің?” дедіңіз. Ал ол болса: “ Мен өлі есепші болып жұмыс істей аламын” деп жауап берді. Мен Құмаш Нұрғалиев тірі қалғанын, екі аяқсыз, бір қолмен Қазақстанда өмір сүріп жатқанын білдім. Ол жай ғана өмір сүріп емес, ол өмірді қайта құрып, өзі сүйген ұстаздықтың тасын біртіндеп қалап қажымай асқан төзімділікпен жеңіске жетті. Бұл оның бейбіт өмірдегі ерлігі емес пе?” Өмір үшін отқа түсіп күресе білген Құмаш Нұрғалиұлы бейбіт өмірді ерекше сүйе білді. Соның арқасында көптеген жетістіктерге жетті. Бейбіт өмірдегі еңбектің қиындығы мен қызығын бағалай біліп, жастарға үлгі-өнеге көрсетті. Ұлағатты ұстаз еңбек жолындағы ерлігін жастарға әрқашан таныта білді.

“Бұрын басынан ауырлықты өткізбеген адам, адамзатқа төнген жан азабының не екенін сезіне алмайды. Ал Құмаш өзінің тірі қалуын ғана ойлап қойған жоқ сонымен қатар, жансыз аяқтары мен тік тұрып барынша сау адамша өмір сүруді қалады. Ол үшін басқа да қажеттіліктерімен бірге, басқа мінезділік таныту қажет болды. Басында қаны тиылмады, мезгіл-мезгіл талып қалды, соның өзінде өзін Мәскеуге жеткізуін талап етті. Қашыққа ұшуға оның денсаулығының жарайтындығы туралы жауапкершілікті өз мойнына алып, жазбаша қолхат берді.

Келісті келген, қара шашты кіші сержант, адамдар арасында, адамдармен бірге азап көрді. Сәл-пәл жеңілденсе өзін ажал тырнағынан кімнің алып қалғанын білгісі келіп мазасыз күй кешті. Қозғалыссыз, әлсіз жатып, шаршаған дәрігерлермен зыр жүгірген медбикелердің қамқорлықтарына жүрек жылуын айтып қамқорлық жасауды армандады. Осылардың бәрін жазда туған еліне апарып, әлемдегі ең сұлу көл Марқакөлдің жағасына шомылдырып, тау ормандарын тамашалатып, табиғатты тамашалаттырар ма еді...

Құмаш шалқасынан қозғалмай жатып Балтық бойының сұрғылт аспанына қарады, сол сәтте оның аяқтары мен сол жақ қолының қатты сырқырағанын сезінді. Ол сол сәтте денелерінде жоқ мүшелердің соншалықты қатты ауыратынын және оның ұзаққа созылатынын түсіне бастады. Қайғы-қасіретке берілуін зиянды екенін сонда ойлады. Өзін зембілге салып “Ли-2” ұшағына кіргізгенде Мәскеуге бет алғанын сезінді.”

“Ол кезде Мәскеудегі №3431 әскери госпиталь Радио көшесіндегі №10-а үйде орналасқан-ды. (Қазір ол – Мәскеу облысының Н.К.Крупская атындағы педагогика институты). Құмаш осы госпитальдың аса ауыр жарақаттанғандар палатасына орналастырылды. Осы палатада астананың ең білгір, ең тәжірибелі дәрігерлері жас қазақ жауынгерінің өмірін сақтап қалуға қолдан келгеннің бәрін жасады. Оларға Құмаштың өзі де көмектесті. Ерен шыдамдылығымен, қайтпас қайсарлығымен өлімді жеңуге берік бел байлап, күрделі 12 операцияға төтеп берді...

Госпитальда ол үшін “атпайтын таң, батпайтын күн” тура екі жылға созылды. Жас жігітті талай ойлар мазалап, қажай берді. Бұл ойлар әуелде көңілсіз, еңсені түсіріп, жан дүниенді қажытатын ойлар еді. “Шынында, ендігі болашақ қандай болмақ? Қатардан қалмау, өмірден лайықты орнын табу, тіпті, өмірдің өзін дұрыс сүре білу, жар табу, бала сүю үшін не істей алады? Әрине, үкімет далада қалдырмас, тиісті пенсиясын беріп, мүгедектер үйіне орналастырар. Сонда жиырмаға енді келген жас жігітке бұл өмір өмір бола ма, одан көзді жұмудың өзі артық емес пе?!”...

Әйтсе де осынау қара түнек ойларға қарсы кейде, бұлт арасынан көрінген күн сәулесіндей, оның көкірегінде жарқын ойлар да жалт ететін. “Алдымен, қайғы-қасіреттің қаншалықты ауыртпалығын түсініп, өз еркінді осыған қоя білуің керек. Қайғыңның өршуіне жол бермей, болашаққа деген берік сенімнен айырылмау қажет. Ел-жұрт, туған-туыс, жора-жолдастар күтуде. Соларға сен, соларды тірек ет. Егер маңдайыңа жазған тағдырдың тауқыметі осы болса, оған қол көтеріп, беріле салудың жөні жоқ. Сұрапыл соғыста қан кешіп жүріп, мойымағанда, енді неге діңкең құриды. Сабыр ет, кеудемде жан, иығымда бас барда мен де бір қажетке жарап қалармын». Осындай қайрат-жігерге толы өршіл ойлар ақыры жеңіп шықты. Ол госпитальда жатып-ақ өзін болашақ мұғалім болуға даярлай бастады...” (М.Әбугалиев).



Құмаш Нұрғалиев Мәскеудегі әскери госпитальда





Сергей Леванов жолдастарымен

“Осындай аласапыран ойлардың шырмалуында әуелгі екі-үш айда қабағы ашыламай, бұйығы жүрген Құмаш бір күні төсектері қатар жауынгер жолдастары аға лейтенант Сергей Левановты, капитан Константин Глебовты әдеттен тыс ақжарқын әңгімеге тартты.

– Сен айтшы, Сергей Николаевич, егер ауылға оралсам, осы мен тым құрығанда жөні дұрыс колхоз есепшісі бола аламын ба, жоқ па?

– Болғанда қандай, бірақ сен алдына есепшіден гөрі, үлкенірек мақсат қой. Сендей батыр да қайсар жігіттің не болам десе – болдыра

алатынына мен кәміл сенемін, – деді көршісінің қас-қабағын ұдайы барлап жүретін Сергей Николаевичте қуанышын жасыра алмай” (С.Қалнев).

– “Құмаш, басқа да көптеген Отан қорғаушылар сияқты, госпитальда емделіп қана қоймай, өмірге жолдама алу үшін оқып, өзі таңдаған мамандықты үйренуге ұмтылды. Бұл үшін Үкімет оларға қажетті қамқорлықтың бәрін туғызды. Госпитальда ұзақ уақыт емделуге мәжбүр болған ауыр жаралылар сауыға бастап, ой және дене еңбегіне жарағандардың палаталарына оқытушы-үйретушілер жіберіліп тұрды...

Госпитальда оқытушылар Құмаш сияқты кісілерге толық білім берумен қатар, олардың өзіне, өз күштері мен мүмкіндіктеріне, тағдыр тауқыметі түсірген ауыр сынға төтеп бере алатындықтарына сенімдерін арттыра түсті. Өсіресе мұғалімдер – Зинаида Алексеевна Толстикова мен Наталья Васильевна Балдина қазақ жігіті Құмаш Нұрғалиевтың жүрегінде ұмытылмас із қалдырып, шексіз алғыс сезімдерін ұялатты. Біріншісі орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берсе, екіншісі тарих пен географияны оқытты. Осы екі пәннің екеуін де Құмаш ерекше құмарта оқып үйренді” (М.Әбуталиев).

“Қатаң сақталған тәртіп бойынша күн сайын палаталарға оқытушылар келіп жүрді. Олар берілген тапсырмалардың орындалуын тексерді, диктант жаздырды, оқушының өз еркімен сабақ әзірлеуіне жетекшілік етті. Орта мектептің жоғары кластарының оқу жоспарында көзделген барлық пәндерді оқытты.

Ол госпитальда болған уақыттың ішінде 9 және 10-кластардың программаларының материалдарын толық өтіп, орта білім алуды өз алдына міндет етіп қойды. Құмаш физкультурадан басқа барлық пәндерді үйрене берді. Кейінірек емдеу гимнастикасы методисінің басшылығымен физкультурамен де шұғылданды.

...Бір күні кезекті сабақтан кейін З. А. Толстикова екеуі онаша қалғанда, Құмаш көптен бері бүйірін жылытып жатқан, жүзеге асар-аспасы әлі де беймәлім бір ойын айтып қалды.

– Бәлкім, мен де мұғалім болып, қазақ балаларына орыс тілін үйретермін, – деді ол.

Зинаида Алексеевна оқушысының жүзінен берік шешімді байқағандай болды. Ол жарқын жүзін жайната жымып күлді.

– Гажап емес. Сен балаларды оқытып, тәрбиелей аласың. Оған күмәнданбай-ақ қой. Тек білімінді институтта одан әрі жалғастырсаң болғаны. Демек, сенің ойыңды, тілегіңді толық құптаймын. Арманың алға жетелей берсін!

Ұстазының осы демеу сөздері шәкіртінің шешімін бекіте түскендей еді” (М.Әбуталиев).

“1945 жылдың орта тұсында өзіміз жүріп көреміз деген аяқсыздарға протез дайын болды. Өркімнің өзіне шақталған ағаш аяқ. Ағаш аяқты жай киіп көргеніңнің өзінде алғашқыда қара терге түсесің. Ал протез киіп алып, тік тұрсаң өз салмағың қара санды бунайды, өлтіре бунайды” (М.Әбуғалиев).

“Оң жағымда да сол жағымда да емші қыздар. Мені мына жасанды аяққа қойдырды. Мен біресе оңға құлаймын, біресе солға құлаймын. Олар мені қайта тұрғызады. Мен бір аттап тағы құлаймын. Олар қайта көтереді. Тағы аттап, тағы құлаймын. Осылай күніне алпыс-жетпіс рет құлайтын шығармын” (Қ. Нұрғалиевтің естелігінен).

“Ал енді екі ай өткенде ол өзінің Төлеу деген досымен бірге Москваны жаяу шарлап жүрді. Екі сержант төрт протез аяқпен бүкіл Кремльді шыр айналып, оның қақпалары мен мұнараларының атын жаттайды. Олардың бірде Третьяков галереясын, енді бірде тарихи музейдің залдарын баяу жылжып аралап жүргенін көресің. Кейде екеуі өздеріне мақсат қойып, бүгін Чеховтың үйіне жаяу жетуге, ертең Герценнің үйіне жетуге уәделеседі. Сөйтіп, ұзақ аурухана төсегіне матаалып, ширығып қалған Құмаш үш протезбен жүруді игергеннен кейін Москваның ауасын еркін сіміре берді, сіміре берді” (С.Қалиев).

“Ол орта мектепті бітірген кәмелеттік аттестат пен алты айлық бухгалтерлік курсті тәмамдағаны туралы анықтаманы аурухана төсегінде жатып алды.

Міне, госпитальмен қоштасар уақыт та жетті.

Госпитальда болған екі жылдың ішіндегі оқиғалар, күйініш пен қуаныш, алғашқы балдаққа сүйеніп тәй-тәй тұру, дәрігерлер мен сестралардың, оқытушылардың адамгершілік қамқорлықтары оның көз алдынан тізбектеліп өтіп жатыр.

Күйініш пен сенімсіздік артта қалды, алда қызығы мен шыжығы аралас өмір, болашақ күтіп тұр. Өмір деген тамаша ғой шіркін! Бірақ ол кедір-бұдырсыз, бұрылыс-бұралаңы жоқ даңғыл жол емес.

Демек, онымен ойнауға болмайды. Атақты жазушымыз Николай Островский “Құрыш қалай шынықты” атты романында Павел Корчагиннің аузымен өмір туралы қандай тамаша сөздер айтты десенізші.

“Адамға ең қымбат – өмір, – дейді Павел Корчагин. – Ол екі айналып келмейді. Сондықтан ол өмірді жасай білу керек, мақсатсыз да зердесіз күндер өткізіп түбінде опық жеме, арам да ұсақ істер істеп кейін өзегің өртеніп жүрмесін, өмірмен қоштасар алдында мен бар тіршілік, бар қайратымды дүниедегі ең қасиетті іс – адамзатты азат ету күресіне жұмсадым дейтін бол... Бұл өмірде маған саптан шығып қалудан өткен қорлық жоқ..” Қандай мағыналы да мәнді тамаша сөздер – өмір туралы, оны өкінішсіз жасай білу туралы бұдан артық айта алмассың. Айтпақшы осы асыл кітапты маған Қанипаш жібермеп пе еді. Мына түріммен қалай қарсы алар екен ол мені. Жазған хаттарына қарағанда, асыға күтіп жүрген тәрізді. Бірақ ол мені мына мүтедек кейпімде көрген жоқ қой. “Қеуденде шыбын жаның болса болғаны...” Қанипа жазған хатының бірінде дәл осылай жазыпты. Жә, тәуекел! Не болса да, барған соң бәрін көерміз.

Құмаш осы ойымен, осы тебіренісімен өз палатасына қайтып оралып, жолға жинала бастады. Алдымен ол осы госпитальда инемен құдық қазғандай болып оқып он жылдықты бітіргені үшін алған кәмелеттік аттестаты мен сырттай оқытатын Бүкілодақтық бухгалтерлер курсын бітіргендігі туралы куәлікті төс қалтасына салып алды” (М.Әбуғалиев).

СПРАВКА О РАНЕНИИ

Эвакуационный Госпиталь
№ 3431

В боях за Советскую Родину
24.09.45 г.

Исх. № 254/94
Кумаш Нұрғалиев

10 кг. Оча тяжело

1946 г. ранен.

№ 71-0

Диагноз: Ранение
Оча в левую часть
грудной клетки

Лечебник Г-ин 8431
Медсестра м/с Б.И. Бибикова

ЭВАКУАЦИОННЫЙ ГОСПИТАЛЬ № 3431
КАЗАНСКИЙ ВОЕННЫЙ ГОСПИТАЛЬ

Кумаш Нұрғалиевтің жараланғаны туралы анықтама



Кумаш в кругу друзей в первые дни после госпиталя

РСФСР
НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ
КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА

ИНСТИТУТ
технического обучения
массовых кадров

„Техника во главе с людьми,
овладевшими техникой, может
и должна дать чудеса“.

СТАЛИН.

„ 5 " ~~Сентября~~ 1946 г.

Свидетельство № 527

Настоящее свидетельство выдано тов. Нургалиеву
Кумачу
(фамилия, имя и отчество)

в том, что он обучался с 22 августа 1945 г. по 18 декабря
1945 г. на курсах бухгалтеров коммунальных
предприятий
при Институте технического обучения Наркомхоза РСФСР,
прослушал следующие дисциплины с оценкой:

1. Хозяйственные вычисления. - 4
2. Организац. и планиров. комму. хоз-ва - 5
3. Бухгалтерск. учет в комму. предприятиях. - 5
4. Анализ хозяйств. деятельности ком. предпр. - 5
5. Основы законод-ства по догов. труду и налог. - 5
6. _____
7. _____
8. _____

и сдал экзамен в Аттестационной комиссии на 5. 1. 1946 г.
с присвоением права занимать должность бухгалтера комму
нальных предприятий.

Основание: Протокол заседания Аттестационной комиссии № 23
от _____ 19 45.



Директор

Мартков

зам. директора по учебно-методической части

А. Я. Яковлев

“Алтын күз. Шалқар Қазақстан астанасы – Алматы қандай әсем! Отанымыздың жүрегін – Мәскеуден кешкі поезбен келген Құмаш ертеңінде-ақ Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне барды. Орталық Комитеттің сол кездегі бірінші хатшысы Николай Васильевич Дыхнов жас қазақ солдатын жылы жүзбен қарсы алды. Хатшының көздері солдат гимнастеркасының омырауындағы Қызыл Ту ордені мен жауынгерлік медалдарға түсті. Содан соң Құмашқа жақындап келіп, оны құшақтап, арқасынан қақты.

– Жігітсің! Нағыз корчагиншіл комсомолецсің! – деді ол тебірене.

– Кеше Мәскеудегі госпитальдан келіп едім. Енді туған ауылым Сармөңкеге кетіп бара жатырмын. Ондағы селолық мектепте орыс тілі пәнінің мұғалімі жоқ екен, маған жолдаған хатта солай деп жазыпты. Мүмкіндігі болса, мен сонда орыс тілі пәнінің мұғалімі болсам деген ниетім бар. Госпитальда он жылдықты жақсы бітірдім, орыс тілі мен әдебиетін де бірсыдырғы білетін сияқтымын. Орталық Комитет жолдама берсе, артық болмас деген ойым ғой. Ал мұғалім болу – ежелгі арманым.

– Мүмкін, саған демалған дұрыс болар. Ең жақсы жерге орналастырамыз...

Нұрғалиев басын шайқады. Оның жүзі сұрланып, суи түсті.

– Жоқ. Екі жыл бойы госпитальда демалғаным жетер... Рұқсат етпесеңіздер еріктеріңіз, мен бәрібір мұғалім боламын.

Саған сенемін, жігітім! Аузымнан шығып кеткен сөздеріме ренжіме, міндетті түрде көмектесеміз, – деді Николай Васильевич” (М.Әбуғалиев).

О, туған жер! О, туған топырақ!

Сен кімнің көз жасын сықтырмадың?!

Сен кімнің жүрегін қуанышпен керінемедің?!

...Қайран ана! Көзіңнің жасы иді ме?!

Арысыңды емірене сүйдің бе?!

Қиырдағы тау қойнауында жатқан шағын ауыл Сармөңке! Сенің атыңды әзірге алыстағылар білмейді... Арада аз ғана жылдар өтер. Сонда, Сармөңке халқы сенің атыңды қаһарман ұлыңның, ұлағатты ұстаздың есімімен қатар атайтын болады!..

“Кешікпей Алтай сілемдерінің шалғайында жатқан Сармөңке селосында орыс тілінің жаңа мұғалімі пайда болды. Бұл Құмаш Нұрғалиұлының бұдан кейінгі бүкіл ғұмырлық мұраты мен кәсібіне айналған үлкен педагогикаға тұңғыш қадамы еді” (С.Қалиев).

“Алғашқы сабақ. Алғашқы сын. Ол гимнастеркасының омырауын жауынгерлік Қызыл Ту ордені мен медальдерін тағып алды.

– Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен сендердің жаңа мұғалімдеріңмін. Аты-жөнім – Құмаш Нұрғалиев. Сендермен дос та болғым келеді. Сондықтан Құмаш ағай десендер де келісемін.

Балалар оның бағдарларына бадырая қарап, жарқыраған ордендер мен медальдарынан көз айырмайды. Содан бері бәрі жамырай, майдангерді қоршап алды. Олардың көздерінен таңданғандық, мақтаныш сезімі байқалды. Сол минуттан бастап, Құмаш Нұрғалиев өзінің өмірлік ісін тапқандай қуанышта еді...” (М.Әбуғалиев).

– Өрине бастапқыда Құмаш Нұрғалиевқа мұғалімдік қызмет жеңіл тиген жоқ. Алғашқы оқу жылының аяқ кезінде-ақ оқушы балалармен жұмыстағы тырнақ алды жетістіктерін тата отырып, Құмаш өзін нағыз мұғалім ретінде берік сезіне бастады. Сол тұста ол Мәскеу госпиталында өзіне ұстаз болған Зинаида Алексеевна Толстиковаға хат жазды.

“Аса құрметті, аса қымбатты Зинаида Алексеевна!

Сізге осы хатты жолдап отырған – Сіздің госпитальдық шәкіртіңіз Құмаш Нұрғалиев. Мен қазір Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданында тұрып жатырмын. Біздің арамызды мыңдаған километр қашықтық бөліп жатса да, менің қуанышыма Сіз де ортақ болар деп сенемін. Мен – мұғаліммін!!! Қазақ халқының ардагер азаматы, ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың арман-өсиеті өз халқын орыс тілін, орыс өнерін үйретуге шақырып еді. Сол арманның жүзеге асар алтын шағы тек Совет өкіметі тұсында, лениндік партиямыздың қамқорлығы арқасында туган екен. Сондықтан мен қазақ балаларына ұлы орыс тілін, Ленин тілін, халықтар достығы тілін үйретемін. Мені мұндай дәрежеге жетуіме Сіздің де қосқан қомақты үлесіңіз бар деп білемін. Рақмет Сізге, көп-көп рақмет!”

“Жер бетіндегі жеңіс атаулы әйел қауымының қара тасты қақ жарғандай қажырлы еңбегімен келіп, ал тіршілік тынысы солардың жүрек дірілдетер мейірімге толы жүзінен от алып, аялы алақаны арқылы жалғасады. Бұл ой Ұлы Отан соғысының ардагері Құмаш ағаның жұбайы Қанипа Әйкенқызы Нұрғалиеваның өмір жолынан туған еді. Тағдыр Құмаш ағаны ер мінезді, иман жүзді Қанипадай әулие жанға жолықтырды. Қанипа апай ошағының басын ұйытып, шаңырақ астының шаттығын келтіріп отыратын, сабаз мінезді, ақылы көркіне сай адам еді.”

“Осындай да қай-қайдағы еске түседі. Біз Құмаш екеуіміз таулы Қаба өңіріндегі Шанағаты ауылында бір жылы, бір күнде дүниеге келіппіз. Жаратқан алла кейін біздің қосылатынымызды білдірді ме, әкем Әйкеннің әкесі, менің атам сол күні Ықылас сайында отырған Нұрғали інгәләсіп сәби келіпті. Менің әкем қой бақты, оның әкесі жылақышы болды.

Біз отырған Сәйбек сайында мектеп болды. Оның меңгерушісі – менің ағайым Әйкенов Қабдеш. Құмаш менен бір жыл бұрын алты жасында мектепке барды. Қаршадай болып аттың артына жабысып, сабаққа кетіп бара жатқаны көз алдымда. “Көзінің оты бар, өжет, зерек, осы Нұрғалидың баласынан бірдеңе шығады”, – деп отыратын апамдар мен ағайым. Келесі жылы мен де мектепке бардым.

Бұл 1932 жылдың күзі еді. Бөріміз босаған орыс байының үйінде оқимыз. Бірнеше класс бір бөлмеде оқиды. Мұғалім Әутәліп Мұстафин төртінші-бесінші кластың дерендей қыздары сабақ білмей қалғанда, екінші класта оқитын қаршадай қара домалақ Құмашты ертіп әкеліп, аналар білмеген сұрақтың жауабын тыңдататын. Онымен қоймай Құмашқа мүдіріп тұрған қыздардың құлағынан созыратын. Сол сәттегі көзі жалт-жуат еткен қара бала бейнесі көз алдымда қалып қойыпты” *(Қанипа Әйкенқызы)*.

“Қызық-ау, екеуіміз жарық дүниеге бір күні келіппіз – 1925 жылдың 29 октябрі күні әрі бір ауылда. Қазақ ырым қыламай жүре ме: екеуіміздің алғашқы інгәмізді естігендер жақсылыққа жорыпты, жарасқан жұбайлар болар десіпті... Екеуіміз бесікте қатар тербелдік, бұзауды бірге қайырдық, биені бірге саудырдық. Тайға мініп бірге жарыстық. Жеті жылдықты бір партада бітірдік. Мұғалім боламыз, педучилищеге барамыз деуші едік. Менің оқуым кілт үзілді: әкей өлімі мені есейтіп кетті...” *(М.Шегендіков)*

Ойын қызығына тоймайтын балалық кез де өте беріпті-ау. Ол бозбала, мен бойжеткен шақта ұстаздарымыз сияқты мұғалім болуды армандайтынбыз. Біздің достығымыз, сыйластығымыз үзілмеді. Ағғыр да ақылды жас жігіт комсомолдар жетекшісі болып жүрді. 1943 жылы оны жылап-сықтап майданға шығарып салдық.

Хат алысып тұрдық. 1944 жылдың соңына таяу Құмаштан хабар-ошар күрт қиылды. Еңсені қайғы-мұң басып, жүрегіміз секем ала бастады. Сөйтсек, он екіде бір гүлі ашылмаған жас жау оғынан мертігіп, мүтедек болып қалыпты. Артынан білсек, “мен енді кімге керекпін, елге қайтпаймын” деп өмірден түңіліп, хабарын білдірмепті.

Оның Мәскеу госпиталіндегі жағдайын білген соң, елдегі жақын ағайындарының бірі Қыдырхан Көбесбаев аға ақылын айтып хат жазды. Мен де сол сәтте тұңғыш рет Құмашқа деген жүрегімнің қалауын білдіріп үшбу хат жолдадым. Сөйтіп, Құмашты өмірге қайта оралттық. Енді оның өмір үшін күресі басталды.

1946 жылы жаз ауа ол Шанағаты өзені бойындағы Сармөңке ауылына оралды. Жан анасының қуанышында шек жоқ, ағыл-тегіл жылап, айналып-толғана береді. Қара шашын артына қайырған, қыран қабақ, отты жанарлы қара торы Құмаш қос балдақтың ортасында тұрғанда тым есейіп кеткендей көрінді, ол бозбала, мен бойжеткен кездегі сертті бұзбағанымды алғашқы кездесуден сезген Құмаштың жанарындағы жастың жалынға айналып кеткенін көрсең ғой... Біз үйленгенде бүкіл Сармөңке болып той жасады. Мен ол кезде Зайсандағы педучилищені бітіргенмін. Жеті жылдық мектепте оқу ісінің жетекшісімін” *(У.Тоқпатаев)*.



Нұрғалиевтардың отбасы үлкен еді. Құмаш Нұрғалиев Қанипа Әйкенқызымен бірге туған інілері – Қалдырды, Мамырбайды, Омарбайды “аяғынан тік тұрғызды”. Сонымен қатар бұлардың отбасында туыстарының жетім қалған балаларының – Мамырбектің, Қайниқамалдың, Қабихамалдың отбасылары құралып, жеке отау тікті: олардың білім алуына, кәсіппен айналасуына көмектесті.

Мұның бәріне Қанипа Әйкенқызының мейірбан жүрегі мен жомарт қайырымдылығы жетіп жатыр.

***Қазақстанның болашағы
білімді жастарда!***

Құмаш Нұрғалиұлы

“Құмаш 1946 жылғы қыркүйекте Сармөңке жеті жылдық мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып тағайындалды... Кейіннен директорлық қызмет атқарады.

Әрине бастапқыда Құмаш Нұрғалиевқа мұғалімдік қызмет жеңіл тиген жоқ. Әсіресе, күнтізбелік және әр сабақ бойынша жоспар жасауда қиыншылықтар туды. Бұл істе оған педагогтік училищені бітірген Қанипа көмектесіп жүрді. Күн өткен сайын Нұрғалиев педагогтік тәжірибені тырнақтап жинап, өз білмегендерін өзгелерден сұрап, шындала берді” (М.Әбуғалиев).

“Содан кейін оны мектептің меңгерушісі етіп тағайындады – ол жылдары бастауыш мектеп директор деген қызмет қаралмаған еді. Бұл қызметте жаңа жетекші өз жұмысын мектеп құрылысын салудан бастады. Ғимараттың жобасын да өзі жасады, құрылыс жұмысына да тікелей басшылық етті. Құрылыс материалдарын дайындауға, ағаш кесуге ауыл жастарын шақырды. Жарасы жазыла қоймаған жауынгер ойланып жатпастан балаларға саналы білім беру үшін, мұғалімдерге қолайлы жағдай жасау үшін бар жан-тәнімен іске кірісті” (Ш.Әзмұхамбетов).

Тарих пәнінің мұғалімі Бағди Мұстафинаның пікірінше, Құмаш Нұрғалиұлының маңдайына бірінші жол бастаушылық бақыты жазылыпты. Ол сол кездегі Алексеевка (қазіргі Теректі) ауданындағы Сармөңкеде тұңғыш қазақ мектебін бірінші болып ашты. Оған дейін мұнда тек орыс мектебі ғана болған. Сол кездің өзінде-ақ, табиғи болмысынан педагог-ұстаз, балалар өз ана тілінде оқу керек екеніне көзі жетіп, өзге тілдерді оқу процесінде үйрене жататынына ерекше назар аударған. Ол бар жағынан өз дәуірінен озған адам деп айтуға тұрарлық тұлға.

“Құмаш Сармөңкеде мектептің директоры болып тұрғанда ұжымдар төрағасы Алексей Грицаевпен ұстасты. Ол оңай құтылудың жолын іздестірді. Ақыры Теректі ауылындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушілігіне жіберді (1955-1957жж.). Мұнда да жұмыс істеу оңайға түскен жоқ. Өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоятын Құмашты жақтырмайтындар мұнан да табылды. Бұл 1956 жыл еді. Оқу жылының аяғында емтиханға Құмаш қатаң қарады. Шығарма, бақылау жұмыстарынан көптеген балалар төмен баға алды. Олардың ішінде аудан басшыларының балалары да бар еді. Бұрынғы директор В. Коротков жалтақ, жалпақшешей жағымпаз адам еді. Директордың міндетін атқарып жүрген Құмаш бүкіл ұжымды тарының қауызына сыйдырғандай ұстады. Аупарткомның сол кездегі бірінші хатшысы Сколаманға да оның бірбеткейлігі ұнамайды. Тырнақ астынан кір іздеп, оны жұмыстан босатуға дайын тұрды. Облыстан талай рет тергеп-тексерушілер келді. Бірақ мін таға алмады. Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Л. М. Курочкин қысылтаяң шақта қол ұшын беріп, Құмашты арашалап алып қалды. Партия конференциясында басшылардың принципсіздігін айтып, өзінің әділдігін мойындатты. Қызметінде қалып, алда жүрді” (У.Тоқпатаев).

“Алексеевка орта мектебінде еңбек еткен екі жылдың ішінде мұғалімдер коллективтері топтасып, барлық класс оқушыларының сабақ үлгірімі жақсара түсті. Аудандық және облыстық кеңестерде мектептің де, оның оқу ісінің меңгерушісі коммунист Құмаш Нұрғалиевтың атағы ауызға жиі ілініп жүрді... Жылдар жылжып өтіп жатты. Оқытушылар мен оқушылар да өзгерді. Жаңа мектептер салынып, оқу программасы ұлғайтылып, жетілдіріле түсті. Жас мұғалім Нұрғалиев та өз шәкірттерінің толық үлгеріміне жетті. Сөйтсе де оның көңілі толмады. Педагогтік еңбектің қыры мен сырына терең үңілген сайын өзінің жоғары білім алу қажеттігін сезді. Ол оған тыңғылықты дайындалды. Жан серігі Қанипамен ақылдасып, екеуі бірдей Абай атындағы педагогикалық институтқа сырттай оқуға түсуге бел байлады” (М.Әбуғалиев).



Сармөңке мектебінің ұжымы, 1957 ж.

“Алматыдағы Қазақ педагогика институтының есігінен қолтықтасқан жігіт пен жас әйел шығып келе жатты. Жігіттің кеудесінде ордендері жарқырайды, ол – кемтар, жас әйел қыса қолтықтап, оған сүйеніш болып барады. Әйелдің бір қолтығында Лениннің – Сталиннің томдары, партия тарихының кітабы. Олар бір-біріне күлімсірей қарайды, жарастықты әзіл сөздер айтысады” (Ж.Мұқанов).

“Қос балдаққа сүйенген ер азамат жиі тоқтайды. Ол тоқтаса, жас келіншек те аялдайды. Қолындағы ауыр қапшығын жерге қоя салып, сүйеніш бола қалады. Қапшық іші толған кітап. Бұлар қабылдау емтиханын толық тапсырып, енді Абай атындағы педагогикалық институттың сырттай оқытатын бөліміне студент болған қуаныш әсерімен еш нәрсеге алаңдамай, шаршап-шалдыққандарын мүлде ұмытып, жайлап жүріп келеді. Сөйтіп, Құмаш тарих факультетіне, Қанипа қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне студент болып, жалаң қия жалғыз аяқ жолмен шың басына қарай өрмелеген альпинистер тәрізді, біріне-бірі тірек, біріне-бірі сүйеніш болған жігерлі екі жас білімнің асқар биігіне қарай ұмтыла берді.

Жоғары оқу орындарында сырттай оқу кімге болса да оңай тимейді ғой. Құмаш пен Қанипа еңбек пен оқуды ойдағыдай ұштастыруға бар күш-жігерін салды, түнде ұйқыларын төрт бөліп, күндіз де тыным таппады. Жас сәбилеріне де көңіл бөліп, аялы қамқорлықтарын аямай жасап отырды. Олар атақты “Сухомлинскийдің тәртіп ережесін” қатаң сақтады: таңғы бестен тұрып өз білімдерін арттырумен, институт программасы бойынша келесі емтихан-сынаққа даярланумен шұғылданды, дәл уақытында мектепке барып сабақтарын өткізді, оқу сағаттары, кластан тыс жұмыстар аяқталған соң, қайтадан оқулықтарына отырды. Әр күн, әр ай семинар, семестр білім жолында кездескен белгі, белес, көпір сияқтанып артта қалып отырды.

Міне, алты жыл бойы республикамыздың сонау Шығысындағы Марқадан астанамыз Алматыға жылына екі рет сапар шегіп, әр курстың емтихан-сынақтарын үздік тапсырып, енді сол бейнеті мен зейнеті тең түскен оқудың жемісін қорытындылайтын мемлекеттік емтихан да ойдағыдай тапсырылды” (М.Әбуғалиев).

“Жазғы-қысқы сессиялардың бірін де босатпаймыз. “Сүйретіліп жүріп оқу не теңі”, – деушілер де табылды. Омыраудағы баламды бауырыма қысып, жарымжан Құмашты қолтығынан демеп, түні бойы көз майымызды тауысып құныға оқып жүрген кез естен кетер ме, сірә. Мұны нағыз ерлікке балар едім. Құмаш мемлекеттік емтиханға кіргелі тұрғанда “Сіз бүгін тапсырмайсыз” деген суық хабар жетті. Ештеңеге түсінбей, дал болдық. Сөйтсек, елдегі жазғыштар “Нұрғалиев он жылдықты бітірген жоқ, өтірік аттестат алған”, деп прокуратураға домалақ арыз айдапты, “Ағаш аяқты бауырым-ай” – деп жанкешті студентін жақсы көретін ректор, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин оның құжаттарын тергеушіге бермей өзінің сейфіне салып алды. Құмаш республика прокурорына кәстелін сүйретіп кетті. Республика прокурорының орынбасары Мәліктен құжаттарды көріп шығуды өтінді. Бәрін тәптіштеп тексергеннен кейін істі тоқтатуға нұсқау береді. Елдің ең соңынан емтиханға кірген Құмаш “беске” тапсырып шықты” (У.Тоқпатаев).

“1955 жылдың шілдесінде институттың акт залына институтты бітіргендер диплом алуға жиналды. Мұнда барлық факультеттің адамдары бар еді. Институт ректоры Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин қолындағы тізімге қарады да, Құмаштың тегін бірінші атады. Өйткені оған “Қызыл диплом” тапсырылатын-ды.

Солдат киімін азаматтық костюмге ауыстырып киген Құмаш бүгін ерекше сәнді, көрікті көрінеді. Оның жарқын жүзінен, күлімдеген үлкен қара көздерінен қуаныш ұшқындары шашырайды. Ректор да ерекше бір толғаныс үстінде сияқты. Ол Құмашқа жақындап келіп құлашын кең жая айқара құшақтады.

– Құттықтаймын, батырым! Қызыл дипломыңмен құттықтаймын. Майданда қандай батырлық жасасаң, оқуда да сондай ерлік жасадың. Енді дүниедегі ең асыл, ең қымбат және ең бейбіт мамандық – мұғалімдік қызметте – болашақ ұрпақтарымызға сапалы білім, саналы тәрбие беру қызметінде де ерлік жасап, жемісті бола беруіңді шын жүректен тілеймін. Мына жауынгерлік орден-медальдарыңның қатарына бейбіт еңбегіңді бағалаған жоғары марапаттар қосыла берсін.

Мәкең осы сөздерді тебірене айтты да, Нұрғалиевты тағы да құшақтап, қолын қатты қысты. Дипломды тапсырып, омырауына институтты бітірген белгіні тақты...”
(М.Әбуғалиев).

“Құрметті Құмаш!

Ел үшін, халық үшін еңбегің аса жоғары бағаланды. Үкімет саған Еңбек Қызыл Ту орденін тақты. Ол – үлкен награда. Осы зор қуанышыңмен құттықтап, шын көңілден ағалық қайырлы болсын айтамын. Көп жаса! Бақыт пен абырой басыңнан кетпесін! Бұл орденің өзіңнің ғана емес, келін мен балаларыңның мақтанышы бола берсін! Сенің үлкен награда алғаныңа қатты қуанып отырмын. Кеше майдан ері едің, бүгін еңбек ері болғаныңа мақтанамын. Орденіңе орден қосыла берсін!

Өзімнен, үй ішімнен саған, келінге көп сәлем! Өзім 1963 жылғы февраль айынан бері Қазақ КСР Ғылым Академиясындамын, мұнда М.Әуезов атындағы әдебиет институтында бөлім бастығы болып жүріп жатқан жай бар. Ден сау, тұрмыс жақсы, жұмыс көңілді. Құшақтап қолыңды қыстым. Ағалық сәлеммен Мәлік Ғабдуллин.

13/X—1966 ж.”

Құрметті Құмаш!

Ел үшін, халық үшін еңбегің аса жоғары бағаланды. Үкімет саған Еңбек Қызыл Ту орденін тақты. Ол – үлкен награда. Осы зор қуанышыңмен құттықтап, шын көңілден ағалық қайырлы болсын айтамын. Көп жаса! Бақыт пен абырой басыңнан кетпесін! Бұл орденің өзіңнің ғана емес, келін мен балаларыңның мақтанышы бола берсін! Сенің үлкен награда алғаныңа қатты қуанып отырмын. Кеше майдан ері едің, бүгін еңбек ері болғаныңа мақтанамын. Орденіңе орден қосыла берсін!

Өзімнен, үй ішімнен саған, келінге көп сәлем! Өзім 1963 жылғы февраль айынан бері Қазақ КСР Ғылым Академиясындамын, мұнда М.Әуезов атындағы әдебиет институтында бөлім бастығы болып жүріп жатқан жай бар. Ден сау, тұрмыс жақсы, жұмыс көңілді. Құшақтап қолыңды қыстым. Ағалық сәлеммен Мәлік Ғабдуллин.

13/X—1966 ж.”

Құрметті Құмаш!

Өзімнен, үй ішімнен саған, келінге көп сәлем!

Өзім 1963 жылғы февраль айынан бері Қазақ КСР Ғылым Академиясындамын, мұнда М.Әуезов атындағы әдебиет институтында бөлім бастығы болып жүріп жатқан жай бар. Ден сау, тұрмыс жақсы, жұмыс көңілді. Құшақтап қолыңды қыстым. Ағалық сәлеммен Мәлік Ғабдуллин.

13/X—1966 ж.”

Мен былай деп түсінем, біздің ауыл мектебінің оқушыларын материалдық игілік өндіру саласында да, ауыл шаруашылығында да, өндірісте де еңбек ете алатындай етіп дайындап шығаруымыз керек. Мысалы айталық, біздің ауыл балалары ірі өндіріс орнында еңбек етуге неге дайын тұрмайды...

Қ.Нұрғалиев

1957 жылы Құмаш Боран орта мектебіне директор болып тағайындалды. Ол кезде мектеп есік алдына қараған-бұта қаптаған екі-үш ескі үй еді. Бара сала соны ретке келтірді. Қатаң тәртіп орнатып, талапты күшейтті, оныныңға дейін қазақ сыныптарын ашты. Осы мектепті отыз жыл басқарды. Бір рет те бюлетеньге барған жоқ десем, ешкім сене қоймас. Мектеп үшін жанын берді. Таңертеңгі жеті жарымнан түнгі он бірге дейін мектепте отыратын. Тіпті түскі асқа да келмейтін. Курорт, санаторийге барса да жұмыс істейтін. Алғашқы аптада ұйықтайтын да одан кейін жұмыс жоспарына кірісетін, Мектептегі әрбір заттың қайда орналасқаны, тіпті қағылған шегеге дейін есінде сақталушы еді. Соның арқасында мектебі Одаққа танылды ғой (Өмірлік серігі Қанипа апаның айтқандарынан).

Ізденген жетер мұратқа» дегендей, Нұрғалиев та ізденісі мен табандылығының арқасында көздеген нысанасынан шықты. 1972 жылы бұрынғы мектептің қатарында сәулетті зәулім мектеп үйі тұрғызылды.

Енді бұл мектеп өз заманына сай мектеп – жалпы ауданы 8 000 шаршы метр, 960 орындық кешенге айналды!

*Құмаш директорлық қызметті осы мектеп үйлері мен алаңын тәртіпке келтіруден бастады. Бұған ешбір қаржы, күш-көлік көмегі сұрамады. Үлкен іске мұғалімдер мен жоғары сынып оқушыларының жігер-қайратын, энтузиазмын пайдаланды. Алаңға ағаштар отырғызылды, гүлдер егілді, мектеп үйлері аралығына аллеялар жасалды. Мектеп үйлері мен ауланың сыртқы көріністерінің өзі мұғалімдерге де, оқушыларға да жақсы әсер еткендей болды. Мұғалімдер сабаққа тыңғылықты даярланып, оқушыларға

талапты күшейте түсті. Жалпы оқушылар тәртібі де нығая түсті* (М.Әбуғалиев)

Ол мектептің теңдесі республикада табыла қояр ма екен! Бұл мектеп В.А.Сухомлинскийдің Павлодар мектебіне ұқсайды. Мұнда бәрі де әдеттегіден айрықша бөлек (О.Сатыбалдин).

Мектептің кіре беріс қабырғасына ойылып жазылған: "Боран мектебінің оқушылары Мәскеу мектептерінің оқушыларынан несі кем?!"

...Оның айналасы да көркейтіліп, безендірілді. Төрт-бес жылдың ішінде отыз мың түп ағаш отырғызылды. Бүкіл мектеп алаңы шағын текшелерге бөлінді, олар 4-8-сынып оқушыларына бекітілді. Мектепте лениндік бау-бақша апталығын өткізу дәстүрге айналды. Мұның өзі оқушыларды еңбекке баулудың бірден-бір көрінісі еді.



“Аудандық және облыстық кеңестерде мектептің де, оның оқу ісінің меңгерушісі коммунист Құмаш Нұрғалиевтың атағы ауызға жиі ілініп жүрді. Бір жолы Нұрғалиев аудандық партия комитетіне шақырылды. Оны бірінші секретарь Орынбай Сатыбалдин қабылдады. Ол әңгімені алыстан бастады, хал-жағдайын, бала-шағасын тәптіштеп сұрағаннан кейін, мектеп жайын біраз әңгімелеп беруді өтінді. Нұрғалиевтың жауабын зейін қоя тыңдады. Өз ойын, алдында отырған адамның білім дәрежесін, мұғалімдік бай тәжірибесін, ұйымдастырушылық қабілетін таразыға салып, әбден ерекшелеп болған соң ғана Нұрғалиевқа өзінің ұсыныс-тілегін білдірді.

Қара Ертіс пен Қалжыр өзендерінің бойында, қалың тоғайлардың арасында Боран селосы бой көтерген. Онда аттас совхоз орталығы, орта мектеп, кәсіптік-техникалық училище, басқа да мәдени-тұрмыстық мекемелер орналасқан. Село үлкен. Оқушылар көп. Бірақ мектеп үйі талапқа сай емес, оқу-тәрбие жұмысының дәрежесі де төмендеп барады. Осындай жағдайда аудандық партия комитетінің бірінші секретары Орынбай Сатыбалдин партияның қатардағы жауынгері Құмаш Нұрғалиевқа осы Боран мектебін басқаруға ұсыныс жасады. Әрине, бұл ой, бұл шешім оған бірден келген жоқ. Секретарь Нұрғалиевты бұрыннан танытын, оның майдандағы батырлығын, госпитальдағы шыдамдылығын, қайсарлығы мен талаптылығын естіп білген, мектептегі қызметі, институтты сырттай оқып бітірген ерлігі оның көз алдында өтті. Осының бәрін секретарь ой елегінен өткізіп берік шешімге келген-ді. Енді Құмаштың келісімін күтіп отыр.

– Сенімдеріңізге көп рақмет! Мен әрқашан да солдатпын, партияның солдатымын. Сондықтан партия қайда жіберсе, сонда бару, қандай міндет жүктесе, оны бұлжытпай орындау – менің асыл парызым. Сенімдеріңізді ақтауға бар күш-жігерімді, білім-тәжірибемді аямай жұмсаймын!

Коммунист Құмаш Нұрғалиевтың қайтарған жауабы осылай болды. Ол ешбір шарт қоймады, көмек те сұрамады. Ауылпарткомнан шығып, оқу бөліміне барды да, жолдаманы төс қалтасына салып алып, Боранға аттанды.



Боран мектебі, 1957 жыл

Нұрғалиев Боранға келгенде мектеп үйі бір-бірінен тысқары салынған шағын-шағын екі корпусқа орналасқан-ды. Мектеп ауласы арам шөптер қаптаған, ешбір пайдасыз бос жатқан алаң болатын” (М.Әбуғалиев).

Бұндай жағдай соғыстан кейінгі жылдары Марқакөл ауданының көптеген мектептерінде қалыптасқан болатын. Құмаш Нұрғалиұлы мектеп ғимаратын типтік жоба бойынша салуға бірінші болып қол жеткізді.

“Кешегі ісіне бүгін, бүгінгісіне ертең қанағаттанбайтын, көңілі көншімейтін адамдар болады. Олар неғұрлым сапалы іс тындыруға ұмтылады, сол үшін жан-тәнімен беріліп еңбек етеді. Құмаш Нұрғалиев — дәл осындай адам. Ол енді осы ескі мектептің қатарынан жаңа, үлкен мектеп салдыруды армандады. Бұл арман оны алға жетеледі, аудан, облыс және республика мекемелері мен ұйымдарының табалдырықтарын тынымсыз аттатқызды” (М.Әбуғалиев).

“1968 жылы Мәскеуде өткен мұғалімдер съезіне бардық. Соның алдында ғана Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылған болатын.

Еңбек Ері атағы берілмеді. Сонда съезд делегаттары қатты күйінді.

“Берсең бер, бермесең қой жұлдызыңды,
Сонда да сындырмаспын құндызымды.
Кеудеме мақтан етіп жүрем тағып,
Құдайдың өзі берген ұл-қызымды”,

– деп қасқайып тұрып өлең оқығаны әлі көз алдымнан кетпейді. Ертеңінде партиялық бақылау комитетінің төрағасы А.Я.Пельшенің қабылдауына барды.

– Өзіңіз еңбек еткен Қара Ертіс қойнауынан келдім. Шалғайдағы шекаралық аудан. Мектебіміз тар, жылдан жылға балалар саны артып келеді. Мектеп салуға рұқсат алып беріңіз. Одан басқа бұйымтайым жоқ, – дейді.

Сабырлы да салауатты А.Я.Пельше өзі еңбек еткен жердегі азаматтарды сұрас-тырады. Халқының қамын жеген мүгедек директорға қол ұшын береді. Боранға жаңа типті мектеп салынатын болады. Сондағы әкемнің қуанышын көрсеңіз ғой. “Медаль емес, ауылыма мектеп алып келдім”, деп мәз-мәйрам болды. “Аудан орталығы емес. Боранға неге мектеп салынады” деген күңкіл шықты. Тағаны қаланған мектеп үйінің құрылысы тоқтап қалды. Ақыры қажыр-қайраттың арқасында бітірткізді.”

“Адамда адамшылықты не қосса, сол ғана ақиқат, – дейтін Нұрғалиев. – Сенбессің, құрылыс жүріп жатты, мені жылжымалы механикаландырылған колоннаның бастығы деп атайтын! Өз күшімізбен бес корпус салдық. Мына жерде, мектеп жанындағы бақтың орнында аудан орталығына апаратын жол өтетін, сол жолды сәл шетке бұру үшін қаншама күрестік, ал аудандық атқару комитетінің төрағасы жатып кеп туласын – артық әуре емес пе. Сонда да дегенімізге жеттік. Ал жаңа корпустар пайда болған кезде, ол кісі біреуін қайсыбір кеңсеге беруді талап ете бастады. Шалқып өмір сүргілерің келген екен дейді. Өз орнымызды қорғап қала алдық. Бір емес, қанша тартысты бастан өткіздім, кетіп қалуға болатын еді, бірақ мен өзгеше жаратылған адам болып шықтым.

Келешек, осы мектепте оқитын жас жеткіншектерді көз алдыма елестеткенде жүрегімді шаттық кернейтін еді.” Мұндай шын жүрегінен шыққан ой-толғамдарда Құмаш Нұрғалиұлының болашақ жастардікі екеніне үлкен сенім артып, түсіне білгенін көреміз. Оларға білім мен тәрбие беруді қай уақытта боласын осалдық танытпауға шақырады.

“Бұл күні бірінші сыныптың әрбір оқушысы өз сыныбының текшесінде бір-бір ағаш отырғызады да, мектепте оқыған жылдар бойы оны күтіп-баптайды. Ал оныншы сынып оқушылары мектеп бітірушілер аллеясына бір-бірден ағаш отырғызып, оларды өздерінің қамқорлығындағы сыныпқа тапсырады. Сөйтіп, мектеп алаңы мен ауласын көркейтіп, көгалдандыру оқушыларды еңбекқорлыққа, табиғатты сүйеге, сұлулық пен тамашаны сезе білуге тәрбиелеудің бір құралына айналды...”

Жаңа мектеп үйі пайдалануға берілісімен сабақтар бір сменада, кабинеттік жүйемен жүргізілетін болды» *(М.Әбуғалиев)*

“Мектептің бұрынғы екі корпусында жоғары сыныптарға арналған ағаш, металл өңдеу, токарлық станоктар, авто-машина және трактор жүргізу сабақтарын өткізуге арналған шеберханалар орналастырылды. Спорт залдары да жақсы жабдықталды.

Мектептің негізгі корпусында орыс тілі мен әдебиетінен жеті, қазақ тілі мен әдебиетінен үш, математикадан сегіз, физикадан екі, химия мен биологиядан үш, тарих пен қоғамтанудан үш, географиядан екі, шетел тілдерінен үш оқу кабинеті жұмыс істейді. Басқа пәндерді оқытатын кабинеттер де талапқа сай жабдықталған. 43 оқу кабинетінде телевизор орнатылды. Мектептегі техникалық және теледидар орталығы, фонотека мұғалімдер ұжымының жұмысын едәуір жеңілдетті. Оқу кабинеттерін жақсы жиһазбен, техникамен және басқа құралдармен жабдықтауда Ленинград пен Рига қалаларының партия, кеңес органдары көп көмек көрсетті” *(Қ.Нұрғалиев)*

“Арнайы кабинеттер мен лабораториялар, шеберханалар, олардағы электротехника, ауылшаруашылық машиналары, автомобильдер, техникалық оқу құралдарын басқаратын автоматты жүйе, диатека, фильмотека, дыбыс жазу студиясы, телевизиялық жүйе оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге қызмет етеді” *(М.Әбуғалиев)*

“Негізгі оқу корпусынан бөлек, үш үйде орналасқан мектептің шеберханаларында, ағаш шеберлігі, слесарлық-токарлық, электротехника, трактор және ауыл шаруашылық машиналары, автомобиль, тігін және қол еңбегі кабинеттерінде оқушылардың кәсіби мамандықтарды игеруіне қажетті жағдайдың бәрі жасалған.

Мектеп жанында пионерлер бөлмесі, зәулім спорт залы, екі физкультура залы, ән-күй және музыка кабинеті мен бөлмелері, 200 орындық кинотеатр, медициналық кабинет, 240 орындық асхана жас буынның игілігіне айналып отыр. Совхоз малшыларының балаларына арналған 60 орындық интернат үйіне кірсе-шыққысыз, тамаша, онда өнер бөлмесі, екі оқу залы жұмыс істейді.

Зәулім үйдің бірінші қабатында орналасқан мектеп лениниадасы, лениниада залы, екінші қабаттағы қазақтың ұлы ағартушыларына, аса көрнекті кеңес педагогтарына арналған, үшінші қабаттағы орыстың ұлы жазушыларына арналған зор көлемді стенділер, ортасында мәңгі от алаулап жанып тұрған жауынгерлік даңқ залы – осының бәрі үлкен эстетика әлеміне есік ашатын жас буынға жан-жақты коммунистік тәрбие берудің ғажайып құралдары” *(С.Қалиев)*

“Директордың ой-мақсаты әрдайым болашақты болжап, алысты мегзеп отырады. Боран орта мектебінің микроауданы көлемді. Ол совхоздың “Прииртыш”, “Қазақстан”, “Жерқұдық” бөлімшелерін және көрші “Қалжыр” совхозының “Шеңгелді”, “Правоустьқалжыр” бөлімшелерін қамтиды. Кезінде осы бөлімшелер тұрғындарының балалары Боран мектебінде оқыған. Қазір аталған барлық бөлімшелерде сегіз жылдық мектеп жұмыс істейді. Нұрғалиев бұл мектептерді өздерінің резервтері деп біледі. Өйткені олардың түлектері болашақта орта мектепте немесе селолық кәсіптік-техникалық училищеде білімдерін одан әрі жалғастырып, тиісті мамандық алып шығады. Сондықтан да Нұрғалиев бұл мектептердің жоғары дәрежеде жұмыс істеуіне қамқорлық жасап, жәрдемдесіп отырады.

Олардың мұғалімдерін өздеріне шақырады, өздері оларда жиі болып тұрады, методикалық бірлестіктерде тең құқылы қызмет атқарады, оқушылардың бірлескен кештерде, жорықтарда, спорт сайыстары мен ойындарда кездесулерін ұйымдастырады. Сөйтіп, орта мектептің сегіз жылдық мектептермен творчестволық ынтымақ байланыстары барған сайын нығайып, ортақ іске ықпалы күшейе түсуде” *(М.Әбуғалиев)*

“Жаңа мектеп үйі пайдалануға берілісімен сабақтар бір сменада, кабинеттік жүйемен жүргізілетін болды. 40 оқу кабинетін, физкультура және акт залдарды, кітапхананы, ас дайындайтын үйді, басқа да мектеп үйлерін жабдықтау оңайға түскен жоқ. Өзінің жақсы жабдықтауы жағынан ол ірі қалалардың таңдаулы мектептерінен асып түспесе, кем түспейді. Мектеп іші жарық, көңілді, бөлмелері кең, таза. Сондықтан да балалар мұнда сабақтан кейін де өз еріктерімен қалып отырады. Спорт секциялары, пәндік, техникалық творчества және ауыл шаруашылық тәжірибе үйірмелері, көркем өнерпаздар коллективі мен музыкалық мектеп филиалы - осының бәрі балаларды жан-жақты тәрбиелеп, ой өрісін дамыту үшін сабақтан тыс сағаттарды мазмұнды, қызықты, пайдалы өткізуге қажетті жағдайдың бәрін туғызды” (М.Әбуғалиев)

“Бірінші кластан сегізінші класқа дейінгі оқушылар ұзартылған күн тобында оқиды. Өткен оқу жылынан бері алты жастағыларды оқуға қабылдадық. Олар үшін мектептің бұрынғы үйінде үш оқу бөлмесі, тынығатын екі бөлме және асхана жабдықты. Бастауыш кластар жеке корпусқа оқиды. Мұнда да асхана бар” (Қ.Нұрғалиев.)

“Нұрғалиев ескі мектеп үйлерін де күрделі жөндеуден өткізіп, іске жаратты. Бұларда мектеп жанындағы интернат, оқу шеберханалары, ұзартылған күнде оқитын төменгі класс оқушылары тобына арналған жатақхана орналастырды. Сондықтан да алыс учаскелердегі малшылар өз балалары үшін қам жемей, алаңсыз еңбек етті. Өйткені олар балаларының киімі бүтін, тамағы тоқ екеніне, жақсы оқып, тынығуы үшін қажетті жағдайдың бәрі туғызылғандығына кәміл сенді...

Егер мектепте мұғалімдерге арналған отыз пәтер бар екенін, совхоз арнайы бөлген автобустар күн сайын жақын арадағы ауылдардан балаларды мектепке жеткізіп, алып қайтатындығын, ал сенбі мен дүйсенбі күндері одан да алыс жерлерге «мектеп рейстерін» жасайтындығын ескеретін болсақ, онда директордың иығына ұйымдастыру және материалдық-шаруашылық қамқорлықтың қаншалықты салмақты жүгі түсіп жүргендігі өзінен-өзі түсінікті болады” (М.Әбуғалиев)

Қажымас, қайтпас директор ауылдық балалар Ресей мектептеріндегі сияқты жағдайларда оқып, дәл сондай іргелі білім алғанын талап еді. Бұл жай ғана арман емес, бұл максимум бағдарлама, ерекше мақсатшыл адамның жетегі мен басқаруындағы ұстаздар ұжымының нақты мақсаты еді. Бұл арман әлі де мектептің ұраны болып келеді.

Ол құрылыс басына жұрттан бұрын келетін, шалалық байқап қалса, қайта істеуді талап ететін. Құрылыс материалдары дер кезінде жеткізілмесе, дабыл қағатын. Педагогикалық лидер тұрғысы Құмаш Нұрғалиұлына материалдық-техникалық базаны жылдан жылға жетілдіріп, “астаналық дәрежедегі” әмбебап мектеп қалашығы деңгейіне жеткізуге мүмкіндік берді.

Оқушылардың пайдалы істермен айналысуына мектепте барлық жағдай жасау қажет екендігі Құмаш Нұрғалиұлының бір сәтте есінен шыққан емес. Ол Қазақстандағы әр мектептің бүгінгі өмір талабына сай жабдықтауын армандай отырып, ауыл мектебінің қала мектептеріндей болуына ат салысты, аянбай еңбек етті.

“Театр киім ілгіштен басталса”, мектептің мазмұны оның іші-сыртын қалай безендіріп, қалай түрлендіргенінен байқалса керек. Ол безендіру тек эстетикалық әсемдік үшін емес, ішкі мазмұнды ашуға қызмет етіп тұрса, әрбір көрініс ойға, білімге шақыра білсе – оның құндылығы да осында. Нұрғалиев мектебінің табалдырығынан төріне дейін біз бұны анық көреміз.


...Бірінші қабаттың дәлізі. Қабырғаларында – Боран ауылының тарихы. Әдемі! Алдымен өз ауылыңның, туған жеріңнің тарихын біл деген ой айтады. Одан әрі... бұрынғы одақтас, қазіргі достастық елдер жөнінде сыр шертеді. Тағы да қабарғаларда - қыршын ғұмырлары көпке үлгі балалар мен жастардың, атақты ғалымдар мен әдебиет, мәдениет қайраткерлерінің суреттері, оқу-бөлімге қатысты көрнекі құралдар. Бұдан соң “Жауынгерлік даңқ” залы” (Б.Кітапбаев).

Білім беру жүйесі басшыларының алдында сөйлеген сөздерінде Құмаш Нұрғалиев мектеп жетекшісінің кәсіби дайындығы мәселесін жиі көтеретін. Жоғары білім беру жүйесінде оларды арнайы дайындау жүзеге асырылмайды, педагогикалық жоғары оқу орындарын бітірушілер тек пән мұғалімі мамандығын алып шығады. Ал мектеп директоры – айрықша кәсіп, оның қызметі қатардағы мұғалімге қарағанда кеңірек... Бұл педагогикалық жетекші, әдіскер, психолог, сарапшы, ұйымдастырушы. Қазіргі заманғы тілмен айтқанда, мектеп директоры білім беру менеджері, басқару ғылымын, маркетингті меңгеруі тиіс.

Жетекші ретінде Құмаш Нұрғалиұлы өз заманынан әлдеқайда озық тұрғанын, сол кездің өзінде-ақ шын мәнінде өз мектебінің менеджері болғанын мойындау керек. Педагогикалық және бухгалтерлік білімдердің оңтайлы үйлесімі оған жаңа типті оқу орнын ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Боран мектебі азғантайлардың қатарында өз бухгалтериясы бар, шаруашылық жүргізуші мекеме болды.

“Маған қызмет бабымен Боран орта мектебіне жиі баруға тура келетін, – деп еске алады Өскемен қалалық халыққа білім беру бөлімінің бұрынғы меңгерушісі А.М. Курочкин, – барған сайын мен осы бір қажырлы адамның қуатына таң қалатынымын! Ол мектеп үшін қаншама шаруа атқарды десеңізші! Ол қайда ғана бармады ауыл мектебінің директоры болған кезінде. Екі рет Д.А.Қонаевтың қабылдауында, Пельшенің қабылдауында, КСРО Орта және жоғары білім министрлігінде, Қаржы министрлігінде болды. Ол өз мектебі осы қазіргідей лайықты түрге енуі үшін қаншама күш жұмсады”.

Құмаш Нұрғалиұлы мектеп бассейнінің жобасын бекіту үшін бір күн ішінде Бораннан Өскеменге, Свердловскіге ұшып барып келетін. “Алыс мектептің директорымен біз Мәскеуде өткен жылдың жазында кездестік, – деп жазады А. Розанов. – Нұрғалиев Алматыда Қазақ КСР ауыл шаруашылық министрінің көмегі арқасында мектеп шеберханасының типтік ғимараты үшін қаражат “қағып алғанын” айтып берді. Бірақ республикада лайықты типтік жоба табылмады. Сонда Нұрғалиев киевтіктермен келісе алды”.







“Оқыту мен тәрбиелеудің табысты болуы мектеп басшылары мен педагогтердің қалай жұмыс істегеніне ғана емес, оқушылардың қалай еңбектенетініне де байланысты. Ойлана еңбектенудің қандайлық зор жаңартқыш қуат-күші барын ұмытуға болмайды. Осындай күш педагогтерді де, оқушыларды да баурауы тиіс” (М.Шегендіков)

“Мектептің педагогтар коллективі жастарды еңбекке, еңбек адамдарына зор ілтипатпен, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеуде өз міндеттерін жақсы шешіп жүр. Еңбекке тәрбиелеу бүгінгі таңдағы ең елеулі мәселе емес пе?!

Мектептің оқу-өндірістік комбинатында оқушылар автомобиль, трактор жүргізуге үйренеді, электрик, іс жүргізуші машинистка, машинамен сиыр сауу операторы, сылақшы-сыршы мамандықтарына үйретіледі. Комбинат жүк, жеңіл автомашиналарымен, тракторлармен, басқа да құрал-жабдықтармен және көрнекі құралдармен толық қамтамасыз етілген. Тиісті мамандық алған көптеген оқушылар он жылдықты бітіргеннен кейін өз совхозында жұмысқа қалуда.


“Педколлективіміз еңбек тәрбиесі мен кәсіптік бағдарға ерекше маңыз береді. Қол еңбегі кабинеттерінде, ағаш шеберханасында шәкірттеріміз программаға сәйкес білім алады. Жоғары класс оқушыларын ауданымыздың жұмысшы мамандығына зәрулігін ескеріп, ауыл шаруашылығының бес түрлі мамандығы бойынша оқытудамыз. Еңбек сабақтары жүретін кабинеттер осы күнгі техниканың үздік бұйымдарымен жабдықталған. Оқушылар мұнда лабораториялық және практикалық программа талаптарын толық орындайды. Көптеген түлектеріміз туған ауылының экономикасы мен мәдениетін өрге бастыру үшін тікелей еңбекке араласты”.

Мектеп бітіргендердің 70 проценті “Боран” совхозының комсомол жастар бригадасында еңбек етеді. Қысқасы, совхозда жұмыс істеп жүрген барлық механизаторлар, орта буын және бас мамандар, шопандардың едәуір бөлігі осы мектептің түлектері.”

Мектепте еңбекке баулу сабақтары үшін 9 кабинет жасалды: тігін цехы, кондитерлік цех, автомобиль ісі бойынша сынып, тракторлар жөнінде оқыту сыныбы, ауыл шаруашылық техникасын жүргізуге үйрету класы, машина басу және стенография класы, дәнекерлеу шеберханасы, темір ұстаханасы, ағаш ұстаханасы, токарлық шеберхана радиотелешеберхана, кинофото класы.

Мектептің кәсіптік даярлық орталығы ретінде қызмет істеуі материалдық-техникалық базаның жасалуын, кадрлармен қамтамасыз етуді, арнайы әдістемелік қызмет ұйымдастыруды талап ететін.

Еңбекке баулу пәндері бойынша тақырыптық-оқу жоспарларын құрастыру ерекше қамқорлықты талап етті. Еңбекке үйрету бойынша бағдарлама ол кезде (70-80 жылдары) бүкіл Одаққа ортақ болатын, онда белгілі бір мамандықтар бойынша жекелеген сағаттар реттелетін, оның үстіне олардың кейбіреулері бойынша сағаттар мүлде қарастырылмаған да. Боран мектебінде мұғалімдер еңбекке баулу сабақтарының бағдарламасын оқытылатын мамандықтардың талаптарын есепке ала отырып және жергілікті жағдайларға байланыстыра отырып құрастырғаны сол кез үшін жаңа қадам болатын.





“Ауыл мектебі жағдайында балаларға кәсіби әзірлік беруді аса маңызды деп есептеймін. Қандай да бір себептермен астанадағы немесе облыс орталықтарында орналасқан жоғары және орта оқу орындарына мектеп бітірушілердің барлығы бірдей түсе алмайды. Тіпті кәсіптік-техникалық училищелер де негізінен қалалар мен аудан орталықтарында шоғырланған, оларға да барлығы қол жеткізе алмайды. Міне, осы себептен де мен көптеген жылдар бойы оқушыларды тігін ісіне, автомобиль ісіне, машина басуға, темір ұсталығына, ағаш ұсталығына үйрету идеясын алып келемін. Бұл мамандықтардың барлығы да ауыл үшін өте қажет емес пе. Біздің мектепте кәсіптік білім алып, балалар өз ата-анасына шын мәнінде көмекші бола алады, ал олардың көбісі 5-10 жас баланы жалғыз, үлкендердің қарауынсыз қалдырып, айлап қой соңында жайлау мен қыстауда жүреді.

Бірақ, кәсіптік оқыту – бұл оңай іс емес. Ол тағы да материалдық-техникалық база және маман-оқытушылар мәселелерін шешумен тығыз байланысты. Қосымша кабинеттер, қымбат тұратын қазіргі заманғы техникалық жабдықтар, шеберханалар керек болды. Әрине, осының бәрі біз жаңа типтік мектеп ғимаратын енгізгеннен кейін мүмкін болды. Бұл идеяның жүзеге асуы 70-жылдары мүмкін бола бастады. Енді біз соның нәтижелерін көріп отырмыз. Совхозымызда кадрлар жетіспеушілігі мәселесі жоқ. Бұл – біз совхозға, ауылымызға және балалардың өзіне де көрсетіп отырған көмегіміз”.

Балалар еңбегінің тиімділігін Қ. Нұрғалиев мынадай педагогикалық шарттардың орындалуына тәуелді етеді:

- баланы еңбекке неғұрлым ертерек баулыса, оның еңбектік және экономикалық тәрбиеленуі, кәсіби бейімделуі соғұрлым жемісті болмақ;
- балалардың еңбек қызметінің қоғамдық маңызы және ар-ұждандық негізі болуы керек;
- баланың көңіл-күй және ақыл-ой күштері тұтас жұмсалғанда еңбек қуаныш әкеледі;
- үлкендер тарапынан бақылау жасалуы тиіс, бірақ ол баланы ығыр қылып, шаршатып, баланың өзіне, өз мүмкіндіктеріне деген сенімін жоятындай болмауы керек;
- ең жақсы демалыс – қызмет түрлерін ауыстырып тұру болып табылады;
- еңбек нәтижеге бағытталуы керек; еңбек қызметі барысында алынған нәтижелер неғұрлым тиімді болса, еңбектің тәрбиелік әсері де соғұрлым жоғары болмақ;
- бала өнімді еңбекке материалдық мүдделі болуы тиіс;
- еңбек қызметінің қажеттілігін дәлелдеудің маңызы зор;
- өнімді еңбекті ұйымдастыру кезінде баланың өзіндік және жас ерекшеліктерін есепке алып отыру керек;

- балаларда еңбекке, оны ұйымдастыруға, еңбек қызметі барысында туындайтын қандай да бір мәселелерді шешуге деген шығармашылық қатынасты тәрбиелей білу қажет.

Педагогтар ұжымының, ата-аналар жұртшылығының күші оқушыларда ауыл шаруашылығы еңбегінің әр түріне тұрақты ынталылықты қалыптастыруға, кәсіптік бағдарлау ісін жақсартуға жұмылдырылған.

Оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке белсенді қатыстыру түрлерінің бірі жоғары сынып оқушыларының төменгі сынып оқушыларына қамқорлық көмегі болып табылады. Ересек балалар кішкентай балаларға сабаққа даярлануға, оқу кабинеттерін жабдықтауға, көрнекі құралдар әзірлеуге көмектеседі, октябриялар мен пионерлердің вожатыйы қызметтерін атқарады.

Оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке баулу керек. Шәкірттерді еңбекке психологиялық тұрғыдан әзірлеу, еңбек ауадай қажет екенін ұғындыру, миына қондыру қажет. Отбасын да осы бағытта дайындауға тиіспіз, балаларының еңбек мәселесін ата-аналар мектеппен бірдей әрі біліктілікпен қолға алмайынша, ештеңе өнбейді.

Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткізу міндетін қойғаны мәлім. Республика комсомолецтері бұл істі - жастар ісі деп жариялады. Семей облысы Шұбартау ауданының мектеп бітірушілерінің Үндеуіне іспен жауап бере отырып, Боран орта мектебінің оқушылары жыл сайын бүкіл класс болып мал шаруашылығында жұмысқа қалып, жастардан шопан бригадаларын құруда. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы осы бригадалардың, “Боран” совхозындағы жұмыс тәжірибесін мақұлдап, кең таратуға қаулы алды.

Оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстырып, баулу ісі де ойдағыдай шешілуде. 7-8-сыныптарда еңбек звенолары құрылған, бұл звенолар совхоз бау-бақшасында, мектеп жанындағы паркте ынталана еңбек етіп, селоны көгалдандырып, көркейтуге белсене қатысады. Жоғары сынып оқушылары оқу-өндірістік бригадалар құрып, жемдік және бақшалық дақылдар өсіріп, жинайды, төл алу науқанында сақманшылар болып, совхозда жыл сайын 25-30 мың қозы алып, өсіруге белсенді қатысады. 200-250 оқушы жеке звенолар құрып, совхоздың дайындау бригадаларында еңбек етеді. Мектеп комсомол ұйымы “Жырақұдық” бөлімшесінің қой фермасын қамқорлыққа алған. Оқу жылында қыс кезінде жоғары сынып оқушыларының комсомолдық отрядтары қой қораларын тазалайды”.

1958-65 жылдар аралығында мектептің ұстаздары мен жоғарғы сынып оқушыларының күштерімен №3, №4, №5 корпустары салынып, іске қосылды. №3, №4 корпустарды салудың қажеттілігі мектеп үйінің тарлығы, оқушылардың еңбек сабақтарын өз дәрежесінде өткізетіндей шеберханалардың жоқтығы және ол кезде өмір талабына сай интернатта тұрып оқимын деуші балалардың көбеюінен туындады. Сондықтан, Құмаш Нұрғалиұлы оның жобасын және сметасын жасай отырып, құрылысқа жергілікті материалды қолданып, құрылысшы ретінде өз күштерін пайдаланбақ болып, шешім қабылдады. №3, №4 корпустары қалай салынғаны жайлы 1960 жылы 8-ші сынып бітірушілері былай әңгімелейді: “9-шы сыныпқа көшкен жеті ұл бармыз. Осы жетеуімізге жұмыс киімдерін киіп, өткір балта, ара алып келу керектігі ескертілді де, ата-анамызға жұмыс басында қонып қалатын жағдай болуы мүмкін екендігі айтылды. Сөйтіп, үш машинамен Қалжыр алқымындағы “Қарағаш” деген жерге келдік. Бізге төбеге салуға жарамды сырғауыл кесуге тапсырма берілді. Жеті ұл, ортамызда Құмаш Нұрғалиұлы бар бәріміз сол арада қонып қалдық. Күн салқын, сіркіреген жаңбыр астында бәріміз тоңып шықтық. Ертеңіне машинаға даярланған ағаштарды тиеп, үйге қайттық”.

Корпустардың қабырғалары қамыстан салынды. Сылақ жұмыстарын да оқушылар сылап, өңдеу жұмыстарын да сапалы жүргізді. Сонымен, жаңа оқу жылында №3 корпус іске қосылды. Келесі оқу жылында 8, 9 сыныптарға әр оқушыға 300 саманнан құйғызып, содан №4 корпус салынды.

Білімді еңбекпен ұйымдастыру арқылы оқушыларды келешекте табанды ұйымдастырушы, қандай жұмыс болмасын сүйсіне атқарушы ретінде тәрбиелей білді. Мұндай істерді оқушылардың ата-аналары толық құптады. Өз балаларының бос уақытында пайдалы жұмыспен шұғылданатындарын көріп қуанды. Осындай жастардан келешекте көп нәрсе күтуге болатыны ұстаздар қауымы көміл сенді. Қай кезде болмасын “іске сәт” деп үнемі қолдап, игі тілектерін білдірді.

Педагогтар ұжымының мақтан тұтар, оқушыларға өнеге етер түлектері толып жатыр. Олардың арасында Құмекең техника ғылымдарының кандидаты Сергей Леонтьевич Кайгородовты, медицина ғылымдарының кандидаты Мара Дуанованы, “Қарлығаштар” бригадасының бригадирі Зәуреш Демеубаеваны, “Қараой” совхозының директоры Көкенай Бидашевты, “Боран” совхозының бас инженері Құмарбек Арнатасовты орынды мақтан етеді.

“Зәуреш механизаторлық мамандықтың қыр-сырын құлшына меңгерді. Достары мен әріптестері сенім көрсетіп Зәурешті Боран ауылдық Кеңесінің депутаты етіп сайлады. Зәуреш совхозда тұңғыш рет алты қыздан құрылған “Қарлығаштар” комсомол жастар механизаторлар бригадасын ұйымдастырып, басшылық жасады. Сол жылдың жазында өздеріне тапсырылған қыстық шөп дайындаудың нормасын 15 мың центнердің орнына 45 мың центнерге жеткізіп, артығымен орындады.

...Өзін үлкен өмірге қанаттандырып ұшырған мектебінің директоры Халық Мұғалімі Нұрғалиев Құмаш ағаның мынау бір сөзі мәңгі жадында жатталып қалыпты: “Айналайындар, өз ауылдарыңды ұмытпаңдар. Ата-аналарыңның ауылға сіңген еңбегін ақтаңдар, ауылды гүлдендіретін сендерсіңдер”.

Бүгінде менің көз алдыма көктемде егін егіп, жазда малшылардың қам-қарекетімен айналысып, күзде егін жинап, қыста қар тоқтатып, жем-шөп тасып, тынымсыз еңбек етіп жүрген дос-жарандар уақыт өткен сайын жиі елестейді. Күн сайын таңмен таласа тұрып, жұмысқа аттанғанда даланың таза ауасымен тыныс алып, еңбек сазына бөленетінбіз. Неткен ғажап тіршілік, рахат дүние еді?! Осылайша, біз осынау ұлы елдің перзенті болып туғанымызға шексіз қуанып, өзімізді бақытты санадық. Туып-өскен кішкентай ауылымызды қаншалықты жақсы көрсек, Отанымызды да сондай сүйе білдік. Ер жеткен соң еліміздің лайықты азаматы болуды армандадық. Ол үшін өз қабілетіміз, өз мүмкіндігімізге орай өмірден орын іздедік, мамандық таңдадық. Еліміздің келешегі өзіміз сияқты өрімдей жастардың қолында екенін пайымдай бастадық. Біріншіден, еңбегімізбен, екіншіден, білімімізбен еліміздің күш - қуатын нығайту ісіне өз үлесімізді аз болса да қосып жатқанымызды сезгенде кеудемізді шаттық кернейтін “Ел” деген, “Отан” деген, “Туған ауыл” деген сөздердің ұлылық парқын біз осылайша сезінгенбіз.

“Боран” совхозының басшылары, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары оқушылардың еңбегін бағалап, оларды моральдық және материалдық жағынан ынталандырып отырады. Оқуда және еңбекте үздік шыққан оқушылар совхоз бөлген жолдамалармен астаналарымыз – Мәскеу мен Алматыға, революция бесігі – Ленинградқа және еліміздің басқа да ірі қалаларына саяхат жасайды, мақтау қағаздармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Сөйтіп, оқушылар өнімді еңбекке араласады, үлкендердің тәжірибесін, дәстүрлерін үйренеді, өнімнің өзіндік құны, өндірістің тиімділігі, шаруашылық есеп, сапа деген түсініктермен тәжірибеде іс жүзінде танысады. Оқушылардың еңбекке деген көзқарасы бұл мектепте жандана түсті. Олар сыныптан тыс жұмыстардың тиімді жүргізілуіне үнемі көмектесіп отырды. Жоспарлы түрде мектепте еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізу сынып оқушыларының дәстүрлі мерекесіне айналды.



*Менің ауылдық балаларымның қалалықтар
сияқты техникалық негізде оқуға құқы бар!*
Қ. Нұрғалиев

Құмаш Нұрғалиевқа *мектептік-теледидарлық техникалық орталық (МТТО)* құру идеясы ғылыми-техникалық прогресс талаптары мен ауыл мектептерінің материалдық-техникалық жағдайын шешуге ұмтылғандықтан туған еді: ақпараттық тасқынның арта түсуі және ауыл мектептеріндегі ақпараттың төменгі деңгейі осыны талап еткен болатын.

“Шопанның бес жасар ұлы әкесімен бірге “Нива” қозғалтқыштарын шұқылап ойнайды, ол мектепке келгенде қайтпек? Оның көргендерінің барлығы ескі құрал-жабдықтар бола ма? Нұрғалиев мектеп үшін жаңа құрал-саймандарды табуға ұмтылды. Мәскеуде, Ленинградта, Алматыда болғанында дүкендерді ғана аралап қоймай, дыбыс жазатын құралдарды, диапозиттерді, оқу фильмдерін дайындайтын кәсіпорындарға да баратын. Алған құрал-саймандарын тәптіштеп орауды, тиеуді, елге жөнелтуді өзі бақылады. Қонақ үйге жеткеннен кейін протездерін лақтырып тастап, денесінің сырқырағаны жазылғанша дөңбекшумен болатын. Артынан тағы да жолға шығатын...” (О.Володин).

“Әкеміз облыстық базистік дүкендерге түскен құрал-жабдықтарға қанағаттанбады, өзіне қатаң тәртіп қоя білетін ол тынымсыз еңбек етті. Мектепке қажетті құралдарды әкелу үшін Мәскеуге іс сапармен баруға жалыққан жоқ. Қажет заттарды табу үшін Мәскеудің төрт бұрышын кезді. Әкем үшін мектепке қажетті құрал-жабдықтарды өзінің таңдауы маңызды еді. Мәскеуден “Защита” стансасына дейін жөнелтілетін құралдар борандық балаларға арналатын. Олардың барлығы жақсылап оралып, буылатын...” (Т.Нұрғалиев).

Боран мектебінде алғашында “Аккорд-ОП-7” оқулық бағдарламасы немесе ТҚЖО кеңейтілген кабинеті арнайы сыныпта жабдықталған еді. Ол 30 оқушыға арналған, оны негізінен математика, физика, химия мұғалімдері пайдаланатын. Бұл кабинетте “Украина-5”, кинопроектор, поляк кодоскопы, “Вега-106”, стереоэлектрофон, “ЛЭТИ-60” диапроектор, “Протон”, магнитті айналмалы дискісімен эпидиоскоп тұратын. Басқа кабинетте сияқты мұнда да перделер мен экрандарды автоматты басқаратын пульт болатын. Оқушылардың жұмыс орны жақсы ұйымдастырылатын: емтихан алушы пульт, электр жүйелері кез келген қысымда ток беретін. Бұл жүйеге телефон, “диктант” жағдайында тумблер қосылатын. Бұл жүйенің барлығы оқушылардың қажеттілігін өтеуге, сабақтың құрылымын жақсартуға әсер ететін.

Мысалға, “диктант” жүйесіне магнитофонды қоса отырып, мұғалім оқушылардың екі тобына тапсырма береді, ал үшінші топтағылар алдын-ала белгіленген бағдарламалық тапсырманы карточка арқылы орындайды. Екі-үш оқушы тақтаға шақырылып, ауызша жауап беруге дайындалады. Нәтижесінде, оқу процесіндегі ынталандыру талабы ойдағыдай орындалады, оқушылардың білім сапасына дифференциялық және қазіргі жедел бақылау жасалады.

Барлық кабинетке кодоскоптар орнатылған. Бұл аппараттың артықшылығы күндізгі жарықта жұмыс істей алатындығында. Мұғалімнің алдын-ала дайындаған таспадағы жазбалары, үлгілері, сызықтары экранда қажет кезде көрсетіле алады. Кодоскоп барлық сабақтарда кеңінен қолданылады. Шет тілдерінің төрт кабинетінде, орыс тілінің үш кабинетінде, қазақ сыныптарында оқушылардың ауызша сөзін мұғалім тыңғылықты пайдалана алатын лингофон құрылымы бар.

“Бағдарламалық оқыту кабинеті мені өзінің сан қырлы мүмкіндігімен таңқалдырды – магниттік тақта, үш бейнекамера, осының көмегі арқылы мұғалім оқушылардың белсенділігін бақылайды. Мектептегі бейне орталық шопандардың балаларына жаңалық еді, – осы жерден мұғалім өзінің қалауынша қырық кабинеттен де қажетті ақпаратты бере алады: ол “Евгений Онегиннен” үзінді ме немесе Ұлы Отан соғысының құжатты кадрлары ма, бәрібір техникалық ақпарат орталығының қоры, Құмаш Нұрғалиұлының айтуынша, аумақты: онда 1000 астам фонограмма, 3000 дана диатека, 600 сериялы диапозит, бұларға қосымша киноүзінділер, таңдамалы сабақтардың бейнежазбалары бар” (Ю.Шапорев).

“Оқу процесінде мұндай техникалық жабдықтардың болуы мұғалімдер үшін тиімді. Кабинеттер пульспен басқаруға құрылған. Клавишті жайлап басу – терезенің жарық өткізбейтін пердесін автоматты сырады. Басқа клавишаны қозғасаң – сыныптың алдында киноэкран көрінеді. Үшінші клавиша кинопроекторды іске қосады, сыныптың соңына қарсы орналасқан оқу фильмі экранға шығады.

Мұндай кабинетте тақта алдына шығып, үй тапсырмасына жауап беру әдеттегіден әлдеқайда қызғылықты. Тақта жай емес – оптикалық. Көрсеткіш те жай емес, батырма арқылы басқарылатын пластмасалы. Көрсеткіштің ұшында электр шамы бар. Ол кадоскопты іске қосады, тақтадағы үлгіні көрсетеді, фломастер қолданылады, бұл бордан әлдеқайда тиімді.

Физика кабинетінде әрбір оқушының алдында “Аккорд ОП-07”, автомат-эмитер тұрады, осы арқылы мұғалімнің пульсіне шығады. Бірден 30 оқушыны тыңдауға болады. Бәрі де жұмыс істейді!».

“... Бәрі де, – деп еске алады Талант Құмашұлы, – техникалық жабдықтау жөнінен мектеп зор табысқа жетті! Біз Александр Иванович Крюковичпен бір мектептің түлегіміз, физика пәнінің мұғаліміміз. Өзіміздің мектебіміздің жоғары деңгейіне жетуіне үлес қосып қана қоймай, сонымен қатар, ТҚЖО пайдалану деңгейі жөнінен алдыңғы қатарға шығаруды көздедік, бірақ әкем бізді жаңа идеяларымен ойландырып тастады. Бірде облыстық кезекті кеңестен оралған әкем (мен кейінірек түсіндім) менің тың көзқарасымды білгісі келді. Озат мектептердің мұғалімдерінің бірі орталықтандырылған аудиоқұралдарын пайдалануды немесе кез-келген кабинеттен телефон соғу арқылы қажет кезінде керекті фонограмманы алуға болатынын айтады. Бұл ақпарат ойлану үшін айтылды. Мен өзімде бар әдебиеттің бәрін: “Физика мектепте”, “Халыққа білім беру”, “Педагогика”, “Радио” журналын ақтарыстыра бастадым.

Мен өзіме керекті ақпаратты таптым. Мектепте техникалық орталықты құру идеясы, жалпы білім беретін мектеп үшін оқу жүйесін құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету тұжырымдамасын іске асыру сол кездегі басты КСРО ПҒА ТҚЖО МБ ҒЗИ басты институтын басқаратын академик С.Г. Шаповаленкоға жатады.

Бұл идея Мәскеу қаласының № 625 орта мектебіндегі тәжірибе жұмысында жүзеге асты. Айтарлықтай қызығушылық танытқан УССР Виниция қаласындағы № 25 орта мектеп болды, ондағы техникалық орталық өндірістік теледидар орнату базасында құрылды. Осындай техникалық орталықтар Виниция қаласындағы № 4 орта мектепте, Кривой Рогтағы № 99 орта мектепте, Луцк қаласындағы № 4 орта мектепте, Минск қаласындағы № 22 орта мектепте, Баранович қаласындағы № 6 орта мектепте құрылды”.

“Біздің директор-менеджердің аталған орталықтарды құру туралы техникалық сценарийі жасалған еді, – деп әңгімесін жалғастырды Талант Құмашұлы, – бізге енді аталған арманды техникалық жағынан іске асыру мәселесін білім және тәжірибе жөнінде «ұсыну» ғана қалды. Біз бір аптадан кейін директорға мұндай құрал-жабдықтарды іске асыру үшін қанша өткізгіштер, басқа да өнімдер керектігін жазып бердік ...Біз Ленинградқа сапар шектік, ондағы оптика-механикалық зауытта болдық. Біз әкемізбен бірге өзіміздің жобамызға қажетті құрал-жабдықтарды тыңғылықты зерттеп білдік. Бізде бар құрал-жабдықтардан айырмашылығы, мектебіміздегі білім беруді бақылау процесінен басқа құралдарды таңдадық. Біз оқу бейнефильмі мен басқа да экрандық құралдарды сабақта пайдалана алатын техниканы іздестірдік. Саша Крюкович екеуміздің де қажетті құрал-жабдықтарды орнату тәжірибеміз бар еді. Жаз бойы күн сайын жаңа жүйені іске асыру үшін жұмыс істедік. Ағаш шеберлері еденді көмкеруді бастады. Осының бәрін әкеміз тыңғылықты бақылап отырды: онсыз бірде-бір шеге қағылған жоқ, қабырғаларға өткізгіштер өте ұқыптылықпен қаптаалды. Құдай сақтасын! Сондықтан да өткізгіштердің өте ұқыптылықпен қаптаалғаны соншалықты оның қаптаалғаны білінбейтін еді. Мамыр айында Ленинградтан оптика-механикалық зауыттан инженер-орнатушылар келгенде бұлар таңқалды, барлық өңдеу жұмыстары өте тыңғылықты жүргізілген, құралдар дұрыс орнатылған. Ленинградтықтарға тек іске қосу ғана қалды. Біздің теледидар жүйеміз жұмыс істеп кетті! Біз өзіміздің жетілдіру жұмыстарымызды жүргіздік. 12 монитордың орнына 40 (немесе барлық кабинеттерде көгілдір телеэкран жарқырады) мониторды іске қостық.

МТТО-ны әр кабинетке қосу үшін, оның ішінде бастауыш сыныптар да бар, оның басқа корпусқа болатыны белгілі, 2000м өткізгіш қажет болды. Әрбір пән кабинетіне қуаты 6 вт 4 ГД35, базасындағы телефон және дыбыстық аппараттар орнаттық...

Келесі жүйе өз-өзінен сұранып тұрды. Бізге мектеп ішілік бақылау жүйесін іске асыру қажет болды, мұндай жүйе ол жылдары педагогикалық әдебиеттерде айтыла бастаған. Мәселен, Виниция қаласындағы мектеп директоры Б.Б. Шляйиннің бастамасымен оқу процесін теледидар арқылы кабинетте отырып бақылау, сабақтың барысына назар аудару іске асырылған. Біз де директордың өз коммутаторы арқылы кез-келген мұғаліммен немесе барлық оқушымен кабинеттен шықпай-ақ сөйлесе алатындай мүмкіндік жасадық. Телефон байланысы барлық пән және әкімшілік кабинеттерін толық қамтыды. Осы тұрғыдан алып қарағанда біздің атқарған жұмысымыз оқу-тәрбие процесінде, техникалық құралдарды пайдалануда, оны іске асыруда бүкілодақтық деңгейде екендігімізді танытты...

...Мінеки, сонымен МТТО жұмыс істеді, – деп еске алады Талант Құмашұлы, – техникалық орталықтың лаборанттары кез-келген минутта телефон соғып, кез-келген сыныпқа қажетті телехабарды іске қоса алатын болды. Мектептегі оқу күндері жалпыодақтық “Время” бағдарламасын көруден басталатын, оны лаборанттар бейнетаспаға жазып алып көрсететін. Мектепте үзіліс кезінде жекелеген желілер арқылы музыкалар берілетін. Бәрі де жұмыс істейтін, іске кірісетін! Бұл Құмаш Нұрғалиұлының тағы бір жеңісі еді. Мектептік телеорталық идеясы одан әрі дамытылды, – бірінші рет МТТО құрылды.

“Біздің директор-менеджердің аталған орталықтарды құру туралы техникалық сценарийі жасалған еді, – деп өңгімесін жалғастырды Талант Құмашұлы, – бізге енді аталған арманды техникалық жағынан іске асыру мәселесін білім және тәжірибе жөнінде «ұсыну» ғана қалды. Біз бір аптадан кейін директорға мұндай құрал-жабдықтарды іске асыру үшін қанша өткізгіштер, басқа да өнімдер керектігін жазып бердік ...Біз Ленинградқа сапар шектік, ондағы оптика-механикалық зауытта болдық. Біз әкемізбен бірге өзіміздің жобамызға қажетті құрал-жабдықтарды тыңғылықты зерттеп білдік. Бізде бар құрал-жабдықтардан айырмашылығы, мектебіміздегі білім беруді бақылау процесінен басқа құралдарды таңдадық. Біз оқу бейнефильмі мен басқа да экрандық құралдарды сабақта пайдалана алатын техниканы іздестірдік. Саша Крюкович екеуміздің де қажетті құрал-жабдықтарды орнату тәжірибеміз бар еді. Жаз бойы күн сайын жаңа жүйені іске асыру үшін жұмыс істедік. Ағаш шеберлері еденді көмкеруді бастады. Осының бәрін әкеміз тыңғылықты бақылап отырды: онсыз бірде-бір шеге қағылған жоқ, қабырғаларға өткізгіштер өте ұқыптылықпен қапталды. Құдай сақтасын! Сондықтан да өткізгіштердің өте ұқыптылықпен қапталғаны соншалықты оның қапталғаны білінбейтін еді. Мамыр айында Ленинградтан оптика-механикалық зауыттан инженер-орнатушылар келгенде бұлар таңқалды, барлық өңдеу жұмыстары өте тыңғылықты жүргізілген, құралдар дұрыс орнатылған. Ленинградтықтарға тек іске қосу ғана қалды. Біздің теледидар жүйеміз жұмыс істеп кетті! Біз өзіміздің жетілдіру жұмыстарымызды жүргіздік. 12 монитордың орнына 40 (немесе барлық кабинеттерде көгілдір телеэкран жарқырады) мониторды іске қостық.

МТТО-ны әр кабинетке қосу үшін, оның ішінде бастауыш сыныптар да бар, оның басқа корпуста болатыны белгілі, 2000м өткізгіш қажет болды. Әрбір пән кабинетіне қуаты 6 Вт 4 ГД35, базасындағы телефон және дыбыстық аппараттар орнаттық...

Келесі жүйе өз-өзінен сұранып тұрды. Бізге мектеп ішілік бақылау жүйесін іске асыру қажет болды, мұндай жүйе ол жылдары педагогикалық әдебиеттерде айтыла бастаған. Мәселен, Виниция қаласындағы мектеп директоры Б.Б. Шляйиннің бастамасымен оқу процесін теледидар арқылы кабинетте отырып бақылау, сабақтың барысына назар аудару іске асырылған. Біз де директордың өз коммутаторы арқылы кез-келген мұғаліммен немесе барлық оқушымен кабинеттен шықпай-ақ сөйлесе алатындай мүмкіндік жасадық. Телефон байланысы барлық пән және әкімшілік кабинеттерін толық қамтыды. Осы тұрғыдан алып қарағанда біздің атқарған жұмысымыз оқу-тәрбие процесінде, техникалық құралдарды пайдалануда, оны іске асыруда бүкілодақтық деңгейде екендігімізді танытты...

...Мінеки, сонымен МТТО жұмыс істеді, – деп еске алады Талант Құмашұлы, – техникалық орталықтың лаборанттары кез-келген минутта телефон соғып, кез-келген сыныпқа қажетті телехабарды іске қоса алатын болды. Мектептегі оқу күндері жалпыодақтық “Время” бағдарламасын көруден басталатын, оны лаборанттар бейнетаспаға жазып алып көрсететін. Мектепте үзіліс кезінде жекелеген желілер арқылы музыкалар берілетін. Бәрі де жұмыс істейтін, іске кірісетін! Бұл Құмаш Нұрғалиұлының тағы бір жеңісі еді. Мектептік телеорталық идеясы одан әрі дамытылды, – бірінші рет МТТО құрылды.

ТҚЖО-ны пайдаланудағы жетімсіз жақтарды МТТО жоққа шығарды. Әр пән кабинетінде техниканы пайдалану, біріншіден, экономикалық жағынан тиімсіз. Екіншіден, ол толық қуатында пайдаланылмайды, оның байқауы мен жөнделуі күрделілік туғызады. Қымбат аппараттар тез істен шығып, оған ешкім жауап бермейтін болады.

Көрсетілетін материалдар адам айтқысыз нашар жағдайда еді. Олар еш жерде тіркелмеген, қалай болса, солай сақталатын. Фонограммалар қағазбен де, басқа заттармен де оралып, қапталмайтын. Проблемалар жеткілікті еді.

Мұғалімдердің ТҚЖО пайдаланудағы дайындығы, әдістемелік іскерлігі нашар болатын... Қазірде экрандық, дыбыстық құралдар әр сабақта пайдаланылады.

Оқу процесінің барысын толық мөлшерде қамтамасыз ете алатын “ЛЭТИ”, “Лектор-600”, “Протон”, қашықтан басқару пульті мен МТТО-да 6 мобилдік проектор бар. МТТО-ның лаборанттары ай сайын диафильм көрсету туралы 120 астам тапсырысты тіркей алады. Біз әкем екеуміз Мәскеуде болған кезде міндетті түрде “Диафильм” студиясына баратынбыз, одан жаңа шыққан диафильмдер мен оқу кинофильмдерін алатынбыз”.

“Мектептің оқу залындағы үш автоматты экран, дыбыстың жақсы жетуі таңғалдыратындай еді. Мұнда техниканы жас ұрпақтар меңгеріп қана қоймай, оны шығармашылықпен пайдалануға, өз қолдарымен бейнеорталықты және басқа да күрделі жабдықтарды жөндей алуға ұмтылысы қызықтырмай қоймайтын. Бағдарлау кабинетіндегі столға қойылған компьютерлер, телекамералар, батырма пульттері, жастардың ұмтылысы, заттар туралы әңгімелер металдардың бірігуі - осының бәрі маған түс сияқты болып көрінді.

Жаңа бояулардың өткір ністері, едендегі паркеттердің, балалардың жүгіруі мен күлкісіне бөленбеген бос дәліздердің жарқырап тұруы кімге болса да әсер етпей қоймайды. Бір сәтте маған болашақ ауыл мектебінің суреті, Құмаш Нұрғалиұлының, оның талантты балаларының уақыт талабына сай еңбектері елестеп өткендей болды. Қарсы алдымдағы орындықта физика пәнінің мұғалімі Талант Құмашұлы отырды. Ол теледидар пультінің батырмасын басқанда біз экраннан “Сөйлеп тұған Боран орта мектебінің телеорталығы”, деген жазуы бар хроникалық кадрлерді көрдік: мектептегі алғашқы қоңырау, сан алуан күн нұры, гүлдер, бақытты күлкілер мен сөздер бірінен соң бірі өтіп жатты...” (Ю. Шапорев).

Техникалық бақылау аппаратында дыбыстық ақпаратты оқу кабинеттеріне, зертханаларға, қызметтегі ғимараттарға жеткізетін щит орнатылған. Бұдан басқа ОД-18, КОС-20 екі жақты телефондық байланыс орнататын коммутатор, екі У-100 күшейткіші бар.



Мектептің телевизиялық-техникалық орталығында (МТТО) “Концерттік” маркалы 6 дыбыс тартқыш, алты “Маяк-203-моно-стерео” магнитофоны, алты “Ишим” радиоқабылдағышы, “Вега” стереорадиола орналасқан. МТТО ұйымдастырылуының нәтижесінде алты торап бойынша дыбыстық ақпарат жүргізу мүмкіндігі туды, яғни атап айтқанда, бір мезгілде әр кабинеттегі 6 дыбыс тартқышты немесе магнитофонды пайдалану мүмкін болды.



Коммутация щиті бір жерден ақпарат жүргізіліп жатқан барлық кабинеттерге У-100 күшейткішін қосуға жағдай туғызды. Радиотораптың бір микрофоны мектеп директорының кабинетіне қосылған. Ол техорталықпен байланысу арқылы жалпы мектептік линейкаға қатысып, барлық оқушылармен байланысқа шыға алатын болды.

Радиотораптың және байланыстың тармақталған арналарының арқасында барлық мектеп ұжымына немесе жекелеген мұғалімге, не оқушыға хабарландыру беру мүмкіндігі туды.

Байланыс құралдары атақты даталарға байланысты оқу мекемелерінде жалпы мектептік саяси ақпарат, ауызша радиожурнал, радиохабарлар беруде кеңінен қолданылады. Оның көмегімен үнемі таңертеңгі 15 минуттық жаттығулар жасалады.

Экрандық дыбыстық қорды жүйелеу іске асырылды; лаборанттың міндетіне мұғалімдер мен оқушылардың тапсырысын тіркеу және оларда техникалық орталықтың орындауы жатқызылды. Бұл өз кезінде “мектептің теледидарлық жазба кітапханасы” ақпараттық орталықта диатека, фонотека, фильмотека, эпитака, транспоранттар қоры, бір сөзбен айтқанда, экрандық-дыбыстық ақпаратты жеткізушілердің бәрі де болды. (МТТО)-ның ішінде фонотека, фильмотека, диатека, жазу студиясы және микрокөшірме кабинеті бар.

Фонотекада 900-ге жуық фонограмма бар. Оларды дұрыс сақтау үшін арнайы сөрелер жасалған, оларда дискілер көлденең жағдайда арнайы ұяшықтарда сақталады. Әрбір диск күн сәулесінен салафанмен және қағазбен орау арқылы қорғалған. Сонымен бірге фонотекада тәжірибелі мұғалімдер, фонотека, сынып жетекшілері дайындаған, диктанттың магнитофондағы жазбалары, оқушылардың жеке орындауына арналған тапсырмалар, сынып сағатына арналған материалдар сақталған. Бұл қызметті жаңа бастаған ұстаздар үшін тамаша құрал болып табылады.

Мектеп диатекасының қоры да бай. Онда 300-ге тарта диафильм, 12000 диапозитив және 500 слайд сақталған. Көптеген слайдтар ұжымның өз күшімен дайындалған. Мұғалім кез келген диатектік материалды оңай таба алады, өйткені, диафильмдер де, диапозиттер де арнайы шкафта, арнайы ұяшықтарда сақталады. Барлық материалдар нөмірленіп, тізімге енгізілген.

Мектеп фильмотекасында 50 кинофильм, 200 кино үзінділері, 100 сегізмиллиметрлік фильм сақталған. Оның ішінде үшеуі мектеп тарихына арналған. Оның авторлары - Өскемен теледидар студиясының журналистері және мектептегі кино-фотобөлімшенің мүшелері. Фильмдер де, фонограммалар да ғимаратта сақталған.

Техникалық орталықтан оқу кабинеттеріне дыбыс жазбалары беріледі. Ол былай жүзеге асырылады: пән саласының маман мұғалімі каталогтан өзіне қажет материалды табады да, реттік нөмірін жазып алып, лаборантқа тапсырыс береді. Лаборант тапсырысты дәптерге тіркейді де, қажет уақытында ақпаратты жіберіп отырады. Мұғалім сыныпты жазбаны тындауға дайындағаннан кейін телефон аппаратының тұтқасын көтереді, осы дабыл бойынша лаборант коммуникация щитіндегі тумблерді қосқан кезде фонограмма сөйлейді. Бұл материалдарға деген сұраныс оқушылар тарапынан үнемі жетілдіріліп отырылды. Әр пән иесі өзінің сабағын қызықты өткізіп оқушыларды тарта отырып, арнайы тапсырмалар жасады. Көптеген слайдтар бағдарламаға сәйкес сабақта тиімді пайдаланылып оқушылардың танымын арттырып, білім сапасын жетілдіруге өз үлесін қосты.

“... Орыс тілі сабағы жүріп жатыр. Мұғалім Қарлығаш Құрманайқызы тексеру диктантын жүргізуде. Сыныпта – қабілеттері әртүрлі балалар топтасқан. Мұғалімге әр баланың қабілетін ескеріп, әрбір топқа жеке тапсырмалар беру қажет. Осы кезде көмекке техника келеді: ұстаз “диктант” жүйесін қосады да екі топқа нұсқалы тапсырма береді. Ал қалған білімдері әлсіз балалар, жекелей берілген карточкалармен жұмыс істейді. Балалардың жауаптары магнит таспасына жазылынып алынады да, барлығының қателерін бір-біріне хабарлай отырып түзетеді”.

Әдебиет сабағында да техника баға жетпес көмек көрсетті. Боран селосында театр да, филармония да жоқ, бірақ әдебиет сабағына, жоғары сынып оқушыларының үйірме сабақтарына қонаққа жазушылар мен ақындар келеді, балалар еліміздің атақты театрларының спектакльдерінен үзінділер тыңдай алады немесе көре алады. Пушкин, Чехов, Достоевский туралы сабақтар қалай қызықты баяндалса да, егер Михайловкіге саяхат жасалмаса, Семен Степанович Гейченкомен телеәңгіме және оның «Лукоморье» кітабы жөніндегі әңгіме жүргізілмесе, ол сабақ өз деңгейінде қызықты өтпес еді. Үлкен Ленинград драматеатрында экрандалған “Идиот” спектаклінен үзіндісіз Достоевскийді өз деңгейінде түсіне алмас еді.

Ал кішкентай балалар “Патша-бақа” ертегісін оқыған кезде, орыс гусярларын тыңдап, “Орыс жырлары” диафильмін көреді. Сөйтіп қазақ балаларына орыс халқының шығармашылығы жақындайды. Олар өздерінің ұлттық ертегілерін естеріне түсіріп, оны орыс ертегілерімен салыстырады. Сөйтіп балалардың танымдылығы артады. Осындай адамның мәдениеті қалыптасады. Директор осы мақсатпен техника құралдарын алып, өзінің жұмыс күнін тәулігіне 15 сағатқа дейін созады. Егер мұғалімдердің кейбірі бұрын “бізге мұның қажеті қанша”, деп иықтарын көтерсе, енді оның қажеттігіне өздерінің көздері жетті.

Мектеп білімінің құнды ерекшелігі – адамның шығармашылық ойлау қабілетін негіздеу. Барлығы да бірден кәсіби журналист, оператор, телерепортер, әнші, биші, артист болмайды, бірақ шығармашылық ұжымның, үйірменің, секцияның көптеген түлектері зиялыны тыңдаушы және көрермен, жақсы спортшы болды.

Жаңашылдық – уақыт алатындай көрінеді. Талант Құмашұлы мектепке инженер-педагог қызметін енгізіп, техника игеруге арналған арнайы курс жүргізді. Бір жылдан кейін техникалық орталықтың қызметінен бас тартқан бірде-бір мұғалім болмады. Техника сабақтың уақытын ұтымды пайдалануға ықпал етеді. Осының нәтижесінде спортқа, драматургиялық, әдеби, техникалық үйірмелер жүргізуге уақыт қалады. Бұл үйірмелер сағат үштен кейін жүргізіледі. Ал сабақ бір ауысымда өтеді.

Былтырғы жылы мен Боранда оқу орталығының ашылуына қатыстым. Оның монтажын және іске қосуды ұстаздар Т.Қ.Нұрғалиев, А.И.Крюкович, К.А.Мұқұшев жоғары сынып оқушыларымен бірге жүзеге асырды. Олардың жұмыстарын Боранға ұшып келген Ленин атындағы Ленинград оптико-механикалық бірлестігі тексеріп, қабылдады. Олардың біреуі инженер Д.К.Сотман: “Мұндайды біз ғылыми-зерттеу институттарында, ірі кәсіпорындарда құрастырамыз. Ал қатардағы мектеп үшін бұл өте қымбат нәрсе емес пе”, деп атап өтті.

“Жоқ! – деді қатты дауыспен Нұрғалиев. – Ата-аналар қымбат ойыншықтан ақшаларын аямайды. Ал біздегі ойыншық емес. Біз күн сайын балаларды Ленинградпен салыстырғанда кішкене болса да жақсы оқыту қажеттігін, мұндай ауылдан көшпеу, қайта ауылда өзіңнің сауатты балаларына үлгі болу үшін толық қайтарымымен жұмыс істеу қажеттігін дәлелдеп жүрміз”, – деді.

Борандық педагогтар мен оқушылар оқу кабинетін шағын телестудияға айналдырды.

Әйнектелген, дыбыс оқшауландырылған қоршау-диктор мен орындаушыға арналған бөлме. Жеке АТК-аудиторлы-телевизиялық комплекс: ВМ-403 бейнемагнитофоны, ТДП-1 телевизиялық диапроекторы, оқытушы пульті орнықтырылған.

АТК-дан барлық қырық оқу бөлмесіне және шеберханаларға жоғары сынып оқушылары телевизиялық кабель қойған, “Славутич-202” теледидарын орнатқан. Экрандағы бейнелер бөлмедегі оқушылардың бәріне нақты көрінеді.

“Техника да, методика да – мұғалімге көмек, оқу-тәрбие процесінің сапасын жоғарлату. Сондықтан, техникалық құралдар - “көрсету” үшін емес. Бәрі-жұмыс үшін. Мектеп фильмотекасында 80 фильм, 200 кинофильм және 100-ге жуық киносәкиналары, ал оларға сұраныс күніне оннан кем емес.

Техникалық орталықта “технологиялық” үлкен карта ілінген. Мүмкін дәл термині емес шығар, бірақ негізгі мән ол емес. Оны бүкіл ұжым құрайды. Әрбір мұғалім күнтізбелік жоспарды құру барысында қай тақырыпта, қай сабақта қандай кинофильм, фоножазба немесе кодоскоп үлестірмелерін ойластырады. Мұның бәрі технологиялық картаға енгізіліп, лаборант ТҚЖО инженер-педагогі көмегімен алдын ала сабаққа не дайындау керегін анықтайды.

МТТО-да педагогтар әдістеме проблемаларын, техникалық құралдарды қолдану сапалылығын ойласатын әдістемелік семинар жұмыс жасайды. Директор мен меңгерушіге олардың сабағына қатысқанда, мұғалімнің құралды қанша рет қосқанын белгілеу міндетті емес. “Технологиялық” сызба мұғалімнің осы педагогикалық жаңалыққа қатысын көбірек айтып береді.

Кейбір сәттерде директор немесе инспектор қатысу кітапшасына “Техникалық құрал-жабдық қолданылмады”, деп жазып, мұғалімнен керекті сауал сұрауды ұмыт қалдырады. Мұғалім өзі де білмейді. Мұндай болмас үшін, Борандық мектепте “Техникалық орталық ұсынады” атты бюллетень ретімен шығып тұрады. Бұл жаңадан түскен ақпараттар,

оларды қолданудың қысқаша түсінік-темелері. Мұғалім бұл ақпаратты бөлме картотекасына енгізіп, керек уақытта пайдалану керек. Техникалық орталық – аталуы ғана техникалық, шын мәнінде – терең шығармашылық, мұғалімге мектептік оқыту техникасы аумағындағы соңғы жетістіктерді білуге көмектеседі. Техникалық орталыққа бұл жөнінде еліміздің алдыңғы қатарлы мектептерімен байланыстар көмектеседі” (Н.Иванова, В.Садовщикова).



МТТО-ның педагогикалық мүмкіндіктері әдістемелік қызметті ұйымдастыру жұмыстарында жүзеге асты. Жай және ашық сабақтардың бейнежазбалары тәжірибені жүйеге келтіру ғана емес, жас маманның өздігінен оқуына, мұғалімнің жеке жұмысына мүмкіндік туғызды. Осындай жұмысты ұйымдастыру әрине, алдыңғы қатарлы тәжірибені құру және жинақтау жүйелілігін қамтамасыз етті.

Мектепте жүйелі түрде бюллетень шығып тұрады. Онда түскен жаңалықтар туралы әңгімелеп, түрлі әдістемелік ұсыныстар айтылды. МТТО жанындағы мұғалімдердің теориялық және тәжірибелік семинарында ТҚЖО қолдану әдістемесінің сұрақтары, МБ ҒЗИ ұсыныстары, "Народное образование", "Советская педагогика" журналынан мақалалар талқыланып, практикумдар ұйымдастырылды.

"Техникалық орталықтың қызметкерлер құрамы диатека, фонотека және фильмотека қорын толықтыру мәселесімен шұғылданды. Мәскеу қаласындағы посылторг Сәуірлік базасымен байланыс орнықты. Осы база тіркемесінде аударылған барлық бірліктер МТТО-да болды. Мектеп керегін жазып алып отырды. Ішкі теледидарлық жүйе жұмысының кепілдігіне жету үшін Құмаш Нұрғалиұлы Ленинградтық оптика-механикалық бірлестікке барып, өз мектебінде ленинградтық жөндеушілерді қабылдады. Ригада полктестерімен кездесуде ол өз мектебінің мәселелерін де шешті. Боран мектебіндегі барлық жабдықтар-алыс Ригадан алынған. Тапшы жабдықты табу-істің жартысы. Құмаш Нұрғалиев жәшіктердің вагондарға тиелуін, олардың басқа облыс орталығында "кездейсоқ" қалып қалмауын өзі қадағалады."

"Жетпісінші жылдардың өзінде біз сол жылдар техникасын пайдаланып, оқу процесін ақпараттандыру мәселесімен айналыстық. Бірінші бейнетехниканың экспериментальды үлгілері-катушкалы бейнемагнитофон, теледиапроектор, телеэпипроектор әкемнің ұдайы құлшынысының арқасында мектеп мұғалімдерінің көдесіне жаратылды.

1988 жылы мамыр айында ауруханада жатып Құмаш Нұрғалиұлы мектепке "Ямаха" компьютер сыныптарын жеткізу мәселесімен шұғылданды. Бұл оның өмірден озуына бірнеше күн қалғандағы кез еді. 30 мамыр күні, жерлеу рәсімі кезінде мектепке компьютер сыныптары әкелінді. Мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар-бәрінің көзінде алғыс жастары болды. Құмаш Нұрғалиұлы өмірінің соңғы сәтіне дейін мектеп қамын ойлады..."

"Ойланайықшы: 30 жыл бұрын бұл адам облыс орталығынан 50 шақырым алыста, еліміздің оңтүстік-шығыс шекарасындағы ауылда білім беру технологиялары алдыңғы қатардағы қала мектептеріне сай мектеп құрды. Шалғайдағы техникалық ғажаптар, білім беру орнындағы радиожелісі құрылған және барлық оқу және шеберханалардың жүйелі басқаруы туралы сол жылдары орталық басылым орындары әңгімелеп, ақпарат құралдары көрсетті. Кинофильмдер түсірілді" (Ш.Әзмұхамбетов).

Бүгінде Құмаш Нұрғалиұлының арманы Қазақстанның барлық жерінде іске асып, егеменді еліміздің ұл-қыздары соңғы үлгіде, жабдықталған мектептерде білім алуда.

Қазіргі таңда ауыл мектептерін компьютерлендіру мәселесі өз шешімін табуда. Осы мәселені бір мың тоғыз жүз сексенінші жылдардың өзінде ардагер азамат Құмаш Нұрғалиұлының жүрегінен бір сәт шыққан емес. Ұстаз арманы егеменді елімізде толық жүзеге асары сөзсіз.

Боранды артта қалған ауыл деп есептесе де, біз өзімізді провинциал деп есептемейміз. Мәдениет - ол географиялық ұғым. Біз барлық мүмкін болған құралдармен жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге тырысамыз.
Қ.Нұрғалиев.

Құмаш Нұрғалиұлының еңбегі сонда, *ол ауылдағы мектепті мәдениет орталығына айналдырды.*

Мектеп бірінші рет эстетикалық орталықтардың жиынтығы: көркем галерея, киноклуб, акт және дискотека залы, әскери данқ, әдеби және ел тану мұражайы, спорт алаңы бар, демалыс паркі орналасқан мәдениеттің әлеуметтік институты ретінде көрінді.

Мектептің мәдениетінің әлеуметтік институты ретіндегі педагогикалық нәтижелілігі - оқушылардың өнерге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне, халық өнеріне деген ерекше қызығушылығымен сипатталады.

Құмаш Нұрғалиұлы өз қызметінде авторлық мектеп құру арқылы ерекше мәдени орта жасауға тырысты. Оның пікірінше, мектеп балаларының әлемге көзін ашып, оларды ғылым, техника, мәдениет саласындағы қазіргі заманға сай жетістіктерге тартуы тиіс.

“Тәрбие жұмысының творчестволықпен ойланатын, іске асыратын, тіпті, кей жағдайда талас, пікір тудыратын әдістері, түрлері көп. Өңгіме соны орынды, дұрыс пайдалана білу. Қайткенде жас ұрпақты мәдениетті, білімді, бүгінгі өмір талабына сай баулу керек. Сондықтан бұл жұмыста қол жеткен жетістіктеріміз болса, қанағат етіп тұрып қалмай, үнемі іздене берсек дер едім. Коммунизм ұрпағын тәрбиелеу, өсіру, оқыту, үйрету керек. Иә, ұстаздың борышы, шәкірт алдындағы зор еңбегі, арайлы ісі, Отанға деген игі қызметінің бәрі осы үлкен арнаға сыяды” (Қ.Нұрғалиев)

Ол көрнекті тұлғаларды, ғалымдарды, саясаткерлерді, өнер қайраткерлерін, соғыс және еңбек ардагерлерін үлгі етіп тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

“Огонек” клубы көптеген даңқты істер істеді. Олар диспуттар, кездесулер, мектеп кештерін ұйымдастырады. Мысалы, “Алтын күз” күзгі балы, “Сенің белсенді өмірлік көзқарасың неден көрінеді?”, Қазақстанның Ресейге қосылуының 250 жылдығына арналған салтанатты кештер, әр ұрпақ комсомолдарымен кездесулер ұйымдастыру.

“Олимпия” клубы да өз ерекшелігімен көзге түседі. Аты көрсетіп тұрғанындай, клуб мүшелері жаппай спорттық-сауықтыру шараларымен айналысады. Барлық сыныптардың қатысуымен кросстар, “Кіші олимпиада”, “Үміт старты”, “Шаңғы старты” т.б. өткізілді. “Олимпия” клубының ішінде жеңіл атлетика, волейбол, баскетбол, гимнастика, еркін күрес, самбо секциялары жұмыс істейді.

“Олимпия” клубының мүшелері және денешынықтыру кеңесі оқушыларды ГТО нормаларын тапсыруға дайындауда көптеген жұмыстар жүргізіп, таңертеңгі гимнастиканың орындалу сапасын қадағалап, оқушылармен дене шынықтырудың маңызы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Мектеп оқушылары аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болады. Мұндай сыныптан тыс жұмыстардың жүйелі түрде Боран мектебінде жүргізілуі мұғалімдерден көп ізденісті, үлкен жауапкершілікті талап етті. Олардың әрқайсысы өз ісіне білгірлік танытып, нақты нәтижеге жете білді. Бұл осы мектептің тағы бір үлкен жетістіктерінің бірі еді.

Құмаш Нұрғалиұлы оқушылардың ауыл тұрғындарымен, оқушылардың мұғалімдермен достастығымен ерекшеленетін, өнердің әртүріне (би, музыка, домбыра, сурет өнері, ораторлық, театр, көркем өнердің) т.б. эстетикалық тәрбие жүйесін жасады.

Құмаш Нұрғалиұлы клуб жұмысына мектептің ішкі қатынасын қамтамасыз ететін шешуші фактор ретінде қарады. Ол тәрбиешілер, клуб ісі өнерін білуі тиіс деді. Клубтарды, үйірмелерді, бірлестіктерді білікті мамандар: балетмейстрлер, пианистер, баянистер, домбырашылар, режиссерлер, музыканттар, вокалистер, әртістер басқаруы тиіс деп есептеді.

Танымал адам бола тұрып Құмаш Нұрғалиұлы, көптеген одақтас мемлекеттерде болып, өз әріптестерінің жақсы тәжірибелерін, халықтардың мейірімді салттарын қабылдауға тырысты. Директорлық қызметі барысында мектептегі басты тұлға ұстаз екеніне көміл көзі жеткендіктен, өз ісіне берілген, сауатты кадрлар жинақтады.

Соның бірі – марқұм Секен Тұрсынғожин еді. Ол кісі сол кезде тарих және жоғары сыныптарда жүргізілетін “Конституция” деген сабақтардан дәріс беретін. Сонымен қатар, музыкадан хабары бар, әнді өте жақсы айтатын-ды. Мектепте Секен ағаның басшылығымен Марқа өңірінде тұңғыш рет төрт дауыспен айтылатын 120 жоғарғы сынып оқушыларынан тұратын хор ұйымдастырылды.

“Хорға бізді ешкім шақырмайтын, әр кеш сайын өзіміз жиналып, сайдың тасындай атпал азаматтар, әдемі қыздар ерікті түрде 3-4 сағат бойы, әрқайсымыз өз партияларымызды жаттап, өлең айтатынбыз. Біздің орындауымыздағы: “Амурские волны”, “Махаббат вальсі” және халық әндері көркем өнердің аудандық байқауында бірінші орынды сөзсіз алушы еді,” – дейтін еді мектеп бітіруші түлектер.

1962 жылы Алексеевка мектебінде ән-күйден сабақ беретін музыка пәнінің мұғалімі Әбілхан Бастаубаев және оның жұбайы бастауыш сынып мұғалімі Ерғасымова Балқаштарды қазан айында көшіріп алып келгені әлі есімізде.

Келе сала музыкадан сабақ берген Әбілхан әнді жақсы айтатын, би билей алатын оқушыларды іріктеп, “Ертіс толқындары” ән-би ансамблін ұйымдастырған-ды. Ансамбль жұмыс істей бастағанымен, мүшелерінің сахналық костюмдері жоқ болатын. Сондықтан, сол кездегі ең таңдаулы мата – атластан қазақ костюмдерін мектеп ұстаздары ерінбей-жалықпай күні-түні отырып тікті. Киім үлгісін көрсеткен, тігуге басшылық жасаған Құмаш Нұрғалиұлының анасы марқұм Күлдәрі апа болатын. Қазақ қыздарының қамзолдарын пішіп, оған ойылатын ою да сол кісінің қолынан шықты.



Ансамбль бүкіл ауданды өз өнерімен сүйсіндіріп, халыққа танымал болған-ды. Осы ансамбльден музыкалық тәрбие алған Сейілханова Гүлзия Өскемен Мемлекеттік университетінде музыкадан сабақ беретін болса, ал марқұм Марат Сахатов Мәскеудің Щукин атындағы өнер училищесін бітірді. Өмірінің соңына дейін “Тамаша” өнер отауында қызмет етті.

Құмаш Нұрғалиұлы оқушылардың кез келген орындауының шынайы болуына ұмтылды. Өзі репертуармен танысып, дайындық барысын қадағалап отырып, оның мазмұнына, сахнаның көркемдігіне, орындаушылардың киіміне ерекше мән берді. Мектепте бай костюмдер қоры болды, әркімнің өзіне сай киімі болды.

Саяхаттап Мәскеуге барған борандық шәкірттердің маршрутын олар сапарға шығарда тарихшы Нұрғалиев өзі сызып береді екен. Қызыл алаң. Мавзолей. Одан соң, балалар Кремльді айналып шығып, Ленин кітапханасына бет түзейді. Третьяков галереясына соғады. Тарихи музей залдарын аспай-саспай аралайды. Сөйтсе, бұл Қ.Нұрғалиевтің сонау 1945-46 жылдарда ғұмырында екінші мәрте өз аяғымен жүруге жаттыға, үйрене бастаған күндерінде көзбен көріп, тәптіштеп танысқан қасиетті орындары екен.

Мәдениет орталығы ретінде қалыптастырудың шешуші факторы ретінде Құмаш Нұрғалиұлы ауылдықтармен бірге өткізілген поэзия және музыка кештерін, Мәдениет үйімен бірге өткізілген оқу конференцияларын қарады. Автордың қатысуымен өткізілген Сәбит Мұқановтың “Мәлдір махаббат” оқу конференциясын тұрғындар әлі күнге дейін есінде сақтайды. Мектепте қызықты адамдармен, КСРО Халық әртісі, ҚазССР еңбек сіңірген әртісі Роза Бағлановамен, Совет Одағының батыры, ұшқыш-космонавт Л.Кубасовпен, белгілі публицист А.Розановпен, Ю.Шапоревпен, О.Володинмен т.б. кездесулер ұйымдастырылды.

Боран мектебінің түлектері алыс-жақын саяхатқа шығып тұрады.

Сапар-саяхат бастамасының инициаторы – мектеп директорының өзі. Жылына 90-100 оқушы саяхатқа барып тұрады.



КСРО Халық әртісі, Қаз ССР еңбек сіңірген әртісі Роза Бағланова Боранда

Боран мектебінде *әскери-патриоттық тәрбиеге* ерекше көңіл бөлді.

“Ештеме де, ешкім де ұмытылған жоқ”, деген сөз өсіп келе жатқан ұрпақ үшін бос даңғаза болмауға тиіс. Сондықтан да мектепте Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен кездесулер өткізіледі, біздің жеріміздегі бейбітшіліктің сақталу құны атап көрсетіледі.

“Менің оқушыларым бақыттылықты сезінетін болсын, олар алдыңғылардың еңбегін жоғары бағалап, адамзат сұлулығын, өзара қатынасын өз өмірінде бекіте түссін”.

Ұлы Отан соғысы туралы естелік Құмаш Нұрғалиұлы жүргенде бір сәт ұмытылған жоқ. Ол есінде сақталғандарды тарих сабағында үнемі айтумен болды.

Үшінші қабатта – Әскери даңқ залы – қабырғаларға ілінген портреттер бейнебір біздің бейбіт еңбегімізді қорғап тұрған Отанымыздың даңқты ұлдары мен қыздары, азамат және Ұлы Отан соғысының құрметті күзетте тұрған батырлары сияқты.

Қабырғаның ең көрнекті тұсында мемориалдық тақта. Оған Ұлы Отан соғысының қатал жылдарында қаза тапқан 134 борандықтың аты-жөні жазылған. Олардың арасында Артемовтардың алты аға-інісі, Поповтардан төртеу, Рыспаевтардан үшеу, Буржинскийлерден үшеу бар.

Бұл қаралы тізімде аталғандардың көпшілігінің немересі мектепте оқиды.

Тізімдегілер туралы мағлұматтарды мектеп директоры, тарихшы Қ.Н. Нұрғалиевтің басшылығымен мектептің қызыл ізшілері жинақтаған” (*А.Розанов*).

“...Мектеп директоры Отан қорғаушылардың ерлігі туралы оқушылар жиған материалдармен шектеліп қалуды қаламайды. “Олар Отан үшін күресті” әскери даңқ мұражайында Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестеріміздің, қазіргі тірі ардагерлердің де ерліктері көрсетілген.

Мұражайдың үлкен бөлігі мектептегі пионер дружинасына есімі берілген Александр Матросов атындағы гвардиялық мотоатқыштар полкіне арналған. Бұл бөлімде полктің батырларының портреттері және қазіргі жауынгерлердің хаттары жинақталған. Мектептің жас ізшілері олармен үнемі хат-хабар алысып отырады. Мұнда мұражай ашылған күні жағылған Мәңгілік от лаулайды. Қолына автомат ұстаған, көгілдір бас киім киген ұлдар мен қыздар – мектеп күзетшілері оны бақылап тұрады” (*О.Володин*).

Мұнда әскери дайындықтың алғашқы сатылары тарих, мемлекет және құқық негіздері, сабақтар өткізіледі, соғыс ардагерлерімен, шекарашылармен кездесулер болады.


Мектепте жыл сайын Ұлы Отан соғысына қатысушыларды, әскери училищенің курсанттарын, офицерлерді, солдаттарды, демалысқа келген бұрынғы мектеп оқушыларын шақырып, ерлік туралы сабақ өткізіледі. Оқушылар Отан соғысы кезінде қаншама қазақтың жастарының қаза тапқандықтарын, елге, жерге оралмай жас қыршын өмірлерін қиғандықтары жайында әңгіме-сұхбат өткізетін. “Ерлер есімі – ел есінде”, “Біз сендердің ұлы істерінді жалғастырудамыз” тақырыбында шығармалар жазатын.



Мектептегі патриоттық тәрбие жүйесінде қызыл ізшілердің қызметі елеулі орын алады. Олар Құмаш Нұрғалиұлымен бірге соғыс кезіндегі госпиталь хирургі Александр Михайлович Молоденковпен бұрынғы медбикелер Валентина Алексеевна Шевелева, Лиза Великанова және Наташа Солодкинамен байланыс жасай алды.

30 жылдан астам уақыт бойы дәрігерлер жаралы жауынгердің тағдырынан бейхабар болып келді. Құмаш та оларды соғыстан кейін ұзақ жылдар іздеді. Олар жөнінде бар білетіні: олар мейірімді еді. Сондай-ақ, қыздар Мәскеулік екенін ғана білетін. Ол өзінің әпке-қарындастарын табады, өзіне майданның алғы шебінде операция жасаған дәрігер Александр Михайлович Молоденковты да іздеп табады.

Міне, “Правда” газетінде Қ. Нұрғалиевтің мектептегі жұмысы туралы мақала басылып шықты. Осыдан кейін-ақ Боранға майдандастардан, госпитальда бірге жатқан жолдастардан, дәрігерлерден хаттар ағылып келе бастады. Олардың бәрі де Құмашты ұмытпапты, оның тіршілігі қалай қалыптасты деп алаңдап келген екен. Мәскеуден Киевке, Балтық жағалауына “Біздің Құмаш тірі екен!...” деген сөздерден тұратын хаттар аттанды” (К.Хромова).



Шығар ауызда Құмаш Өскеменнен Рига қалалық партия комитетінің бірінші секретары атына телеграмма бергізді: “Сый-құрметіңізге мың рақмет. Мен самолетпен шықтым...”

Ригадағы салтанатты мәжіліс аяқталып, үзіліс болды. Ол өзі әжептәуірге созылды. Енді үлкен концерт. Соны күтіп отырмыз. Латвия Компартиясы Орталық Комитетінің қарына қызыл байлаған бір кезекшісі менің алдыма келді де: “Сізді қарындасыңыз күтіп тұр”. “Менің ешқандай қарындасым жоқ”, – деп отыра бердім. Жоқ, әлгі кезекші іле қайта айналып келді: “Сізді медсестра күтіп тұр”, – деді.

Мәссаған! Концертке де өзім билет алып берген Марқакөл аудандық партия комитетінің Дубултыда дем алып жатқан бірінші секретары Мұрат Дәуленов қасымда еді. Балам Талант та осында отырған. Шықтық. Вестибюльде бір әйел мені бас салды. Өзі жылады-ай кеп. “Есіңізде бар ма? “Мен мына қалпыммен колхозда есепші бола алам ба?” – деп сұрағаныңыз есіңізде ме?”

Сонда барып есіме түсті. Бұл Валентина Шевелеваның өзі болып шықты. О да Ригаға салтанатқа келген екен. Оған бір мұғалім сол майдандасыңыз дәуде болса осында, кеше Рига теледидарынан сөйледі дейді. Содан іздеп тапқан беті әлгі екен” (М.Шегендіков).

Құмаш Нұрғалиұлы Валентина Алексеевнаны жұбайы Владимир Федоровичпен бірге Қазақстанға шақырды. Өскеменде оларды тұтас отбасы, облыс тұрғындары, дос-жарандар қарсы алды. Бұл Боран мектебінің оқушылары үшін елеулі оқиға болды.

“Валентина Алексеевна Боранда, Нұрғалиевтердің үйінде болған кезінде отбасылық альбомның бірінші бетінен өзінің гимнастерка киіп түскен жас кезіндегі суретін көрді. Суреттің екінші бетінде қара қаламмен жазылған “Құмаш! Мен мұнда қандай болсам, дәл сондай есінде сақта”. Ал қазірде суреттің астында Құмаштың кіші қызы Гүл жазған мынадай сөздер бар: “Папама өмір сыйлаған кезде ол 17 жаста еді. Ол – әкемнің екінші анасы” (А.Розанов).



*Валентина Алексеевна Нұрғалиевтар отбасының ең жақын адамы болды.
Бұл жақындық көп жылға созылады.*



В.А. Шевелевамен Москвадағы кездесу.



Кумаш Нургалиевич всегда был почетным гостем на встречах с однополчанами, которые проходили в России, на Украине, в Латвии.



Мектеп оқушылары өздерінің директоры Құмаш Нұрғалиұлымен бірге мектеп мұражайы үшін майдандастары туралы материалдарды ынталылықпен жинады және олармен кездесетін қуанышты сәтті жүрек толқытарлықпен күтті. Олардың хаттарының кейбіреулерінен үзінділер келтірейік.

“Бармысың, бауырым! Саған хат жазып отырған Лиза Великанова. Сен мені еске алғаныңды білгенде, жылап жібердім. Сонда сенің жағдайың өте қиын еді ғой, Наташа Солодкина екеуміз өз қанымызды бергенбіз. Есімде, біз ол кезде орманда тұрғанбыз, тек қайда екені жадымда жоқ. Бар есімде қалғаны, сіз операция столында жатқанда, мен операциялық мейірбике болып істедім. Жылдар өтті, бәріміз де ата, әже болдық. Демобилизациядан кейін Мәскеуде тұрдым, содан кейін тұрмысқа шығып, жолдасыммен бірге Таганрогқа кеттім. Қазір зейнеткермін, екі ұлым, үш немерем бар. Күйеуім ескі жарадан қайтыс болды – жүрек бұлшық етінде мина жарықшағы қалған, сол ортаға жеткенде тіл қатпай кетті.

Сізбен сондай кездескім келеді.

Сәлеммен Лиза, қисынсыз жазған хатыма қатал қарамассыз”.

“Аса құрметті Құмаш, сондай-ақ, сіздің зайыбыңыз Қанипа Әйкенқызы және балаларыңыз! Қазақ жеріне басымды не отырып, онда ерік-жігері күшті ұл-қыздар өсіп жатқанына қуанамын. Қанипа Әйкенқызының Сізбен бірге өте ынтымақты отбасын құрғанына зор алғысымды білдіремін. Оның қиын кездерде Сізге қол ұшын бергеніне алғыс айтамын. Сіздің нағыз адам болып шығуыңызға қаншама күш-жігер жұмсағаныңыз белгілі. Мүмкін, Сізге Наташа екеуміздің қан түйіршіктеріміз де өмір сыйлаған болар. Мені өмір еркелетпеді, бірақ менде де адамға тән күш-жігер бар, соның арқасында өмір сүріп жатырмын.

Өзіңіздің қарындасыңыз Лиза”.

“Құрметті Құмаш Нұрғалиұлы!

Біздің медсанбатта бірге істеген майдандас достарым маған “Правда” газетінің 1978 жылға 26 маусымдағы санын салып жіберіпті. Мен Сіздің мақалаңызды оқып, қатты қуандым: сол бір Латвияның Ауце қаласының тұсында менің де қаным Сіздің өміріңізді сақтап қалуға жәрдем берді ғой. Мен Сізді мақтан тұтамын: Сіз тағдырдың тәлкегіне қарамастан, өз өміріңізді адамдарға қажет ете білдіңіз. Осынша жыл қиындықтардан соң бізді, мейірбикелерді ұмытпағаныңыз үшін бақыттымын. Басқалар да, ұмытпаған-ау.

Мен бұрынғы мейірбике Солодкинамын. Майданда мені бәрі Наташа дейтін, бірақ менің шын есімім – Надежда. Біз Киев түбінде тұрамыз. Жолдасым да майдангер, бір полктанбыз. Мүмкіндік болса, бізге келіңіз. Қуана қарсы аламыз.

Майдангерлік сәлеммен, ерлі-зайыпты Зинченколар”.



Бұл кезде Құмаш Нұрғалиев өзінің бұрынғы полктесі, әскери комиссариаттың қызметкері — майор Егор Егорович Дергуновпен бірге Латвия жерін аралап жүрген-ді.



Слямпе селосындағы Латыш сегізжылдық мектебінің пионер дружинасы кіші аға сержант Қ. Нұрғалиевтің фашистермен күресте көрсеткен ерлігі үшін қазақ жауынгері Нұрғалиевтің есімі берілген мектепті мақтан етеді. Құмаш Нұрғалиұлы өзінің есімі берілген мектепке қонаққа келіп, балаларға соғыс туралы, өзінің соғыстан кейінгі өмірі жайлы, қандай қиындықтар кездесе де оны жеңуге болатыны жөнінде қызғылықты әңгімелеп берді. Бұрынғы Одақтың түкпір-түкпірінен таныс емес адамдардың, әртүрлі кәсіптегі ұлт өкілдерінің Нұрғалиевтарға арналған жылы лебізді хаттары, өлеңдері келіп жататын. Бұлардың көпшілігімен Нұрғалиевтар ұзақ уақыт достық қарым-қатынаста болды.

“Аса қадірлі Құмаш Нұрғалиұлы! Мен бұрынғы майдангер, бұрынғы комсомол қызметкері Сізді мақтан етемін. Мен күні бүгінге дейін сен үшін ауыр кезеңде қол ұшын бере алғанымды ешкімге айтқан жоқпын, бірақ іштей мақтаныш сезімдемін, біздің бәріміз үшін қырық алтыншы жыл өмірден өз орнымызды табу, арманымызды іске асыру, біздің мемлекетте кәсіби қызмет атқару, мұғалім болу қиялымыздың басы болды.

Бұл хатты жазып отырған Қазақстан комсомолының бұрынғы ОК бірінші хатшысы Николай Васильевич Дыхнов. Мені ұмытпаған боларсыз? Менің тағдырым мынадай: комсомолдық жұмыстан кейін 1948 жылдан бері Қазақстанда партия қызметінде, содан кейін КОКП ОК аппаратында, соңғы 10 жылда шетелде дипломатиялық жұмыста болдым. Қазірде денсаулығым байланысты зейнеткермін. Қолыңды қатты қысып, денсаулық, жақсылық тілеуші” (Н.Дыхнов).

“Егер қолымнан келсе Боран тұрғындарын тегіс жинап Сенің алдында бастарын игіздіртер едім.

Пампушко Петр Иванович, Глаковщан сегізжылдық мектебінің директоры, Украина КСР халыққа білім беру үздігі, Черкас облысы”.

Мектеп өмірі осындай мазмұнды сәттерге толы еді. Оқушылар Құмаш Нұрғалиұлымен бірге соғыс жылдарындағы оқиғаларды жинады, бұрынғы қаруластармен кездесулерді естерінде сақтады. Олар мектеп сахнасында “Отан үшін отқа түскендер”, “Қазақтың батыр ұл-қыздары” т.б. қойылымдар қойды. Енді елімізде тыныштық жалауы желбірейді. Біз аса қиыншылықпен қан төгіліп келген бейбіт өмірді жалғастыра отырып, әрқашан тыныштық күзетіндеміз деген ойлар айтты. Мұндай жұмыстардың барлығы тоғыса келіп оқушылардың сана-сезімін, елге, жерге деген сүйіспеншілігін оятып ең басты бейбіт өмірдің мәнін түсінуге жол ашты. Мектеп өміріндегі игі іс-шаралардың қай-қайсысы болмасын оқушыларды болашаққа сеніммен қарай білуге тәрбиеледі.





На встрече в школе с.Слямпе, Латвия



“Саламатсыз ба, құрметті Құмаш ағай!

Хал-жағдайыңыз, ден-саулығыңыз қалай? Сізге хат жолдаушы Еңбек Қызыл Ту орденді Абай атындағы педагогикалық институттың жаратылыстану-география факультетінің курс студенттері. Біздер сіздің өмір жолыңызбен ұстаздық қызметіңізбен педагогикалық тәжірибеңізбен танысудамыз. Сіздің Республикалық мұғалімдердің VI съезіндегі сөйлеген сөзіңізбен, жарық көрген еңбектеріңізбен, мақалаларыңызбен оқып таныстық. Өзіміздің педагогикалық білімімізді тәжірибемізді шындай толықтыра түсу мақсатымен, сіздің педагогикалық ұстаздық жұмысыңызбен жете танысқымыз келеді. Біз педагогика үйірмесінің мүшелеріміз. Жетекшіміз педагогика кафедрасының доценті Баия Рахметовна Айтмамбетова.

Қазір Алматы қаласындағы №4 мектеп-интернатта үздіксіз педагогикалық практика өткізудеміз.

Группамызда 23 студент оқиды. Озат студенттеріміз де бар. Әрине арамызда өзінің таңдаған мұғалім мамандығына селқос қарайтындар кездеседі. Оқушы кезімізде педагогикалық мамандыққа мән бермеуші едік. Енді міне тәрбиеші – мұғалім болудың қиыншылығын тәжірибеміздің жоқтығын педагог болу үшін көп ізденудің қажеттілігін түсініп келеміз. Оқушылармен жұмыс жасауда көп қиыншылыққа кездесіп жүрміз. Алғашқы педагогикалық практика барысында мұғалімдік қадамымызда мынандай мәселелер біздерді талғандырады.

Қазіргі қоғамымыздың барлық сферасында жүріп жатқан қайта құру ісінде болашақ мұғалімдердің рөлі қандай болуы керек және мамандыққа қажетті іскерлік, дағды, қасиеттерді студенттер өз бойында тәрбиелеуі керек деп есептейсіз бе?

Құрметті Құмаш ағай, мүмкіндігіңізге қарай өз мектебіңіз туралы және жас мұғалімдердің алғашқы еңбек жылындағы қиыншылықтары туралы өзіңіздің бізге айтар ақыл-кеңестеріңізді жазып жіберуіңізді өтінеміз. Сізбен үзбей хабарласып тұру біздер үшін зор қуаныш, мұғалімдік мамандығымызды жете білуге көмек болар еді.

Қадірлі Құмаш ағай! Сізге зор денсаулық, ұстаздық еңбегіңіздің табысты болуына шын жастық жүректен тілек білдіруші КазПИ-дің 2 курс жаратылыстану-география факультетінің студенттері, педагогика үйірмесінің мүшелері.

4.XII.87 ж.

Мұндай хаттар кең-байтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінен, барлық одақтас республикалардан Сармөңкеге күнде келіп түсіп жатады. Нұрғалиев бұл хаттардың әрбіріне болмаса, көпшілігіне жауап қайтарып отырады. Ол өзінің жауаптарында ақыл-кеңестерін айтып, жинақтаған өмірлік бай тәжірибесін ортаға салады. Осындай мазмұнды хаттардың республикамыздың барлық жерлерінен толассыз келіп жатуы ұстаз еңбегінің бағалануы. еді. Құмаш Нұрғалиұлының қажымас қайсарлығы, еңбекке деген көзқарасы оқушыларға әріптестеріне деген жүрек жылуының нәтижесі еді. Мектептегі әрбір оқушы Құмаш ағаларына ұқсағылары келгенін көреміз. Бұл – ұстаз үшін үлкен бақыт”.

Бұрынғы үлкен Одақтың түп-түкпірінен әртүрлі мамандығына және ұлтына байланыссыз мүлде танымайтын адамдар бар жандарымен ілтипат білдіріп хат жазды, өлең арнады. Кейінірек олардың көбісімен Нұрғалиевтар достық қарама-қатынаста болды.

“Ардақты Құмаш Нұрғалиевич!

Үй ішіңіз, денсаулығыңыз жақсы шығар.

Бүгін 1 сентябрь 1987 жылы шыққан “Каз.правда” газетінен Юрий Шапоревтің «Халық мұғалімі» деген үлкен статьясын оқып, еліміздегі “Білім” күні, сіздің еңбегіңізді бүкіл Қазақстанға толық жете жақсы жазғанына қатты қуанып, сізді танымасам да Отан алдындағы еңбегіңізге қатты риза болып, қуанып осы хатымды жазып отырмын!

Селолық мектепте осынша реформа жасау, тек сіз сияқты қажымас ер, шын мәнісіндегі педагогтің ғана қолынан келеді. Менің өзімнің негізгі мамандығым мұғалімдік еді, бірақ өмірімнің көп уақытын партия, Совет жұмысында өткіздім. Партия, Совет орындарында істейтін басшы қызметкерлерге, олардың мектепке, мұғалімдерге деген көзқарасын дұрыс, әділ сынаған екенсіз! Соңғы кезге дейін мектеп басшыларының көбін, олар аты жөнімен танымай келгені рас қой!

Осыншама, өз басыңызға түскен қиындықтарды жеңу тек адал еңбегіңіздің арқасы ғой.

...сіздің мектептен білім алған түлектер, қалалық мектептің балаларымен теңбе-тең білім алып, аты шулы жоғары оқу орындарына оқуға түсіп, білімін салыстыра алады ғой деп ойлаймын.

Бұл не деген жақсылық, новаторлық!!! Осы еңбегіңіздің дұрыс бағаланып “Ленин” орденімен наградталып, “СССР-дің халық мұғалімі” деген ардақты атаққа ие болғаныңызға шын жүректен қуандым!

Екінші қуанышым, өз балаларыңыздың сіздің жолыңызды қуып, мұғалімдік мамандық алулары өте қуанышты жағдай.

Талант, Ғалиялар сіздің атағыңызды, сізден алған тәлім тәрбиенің жемісін одан әрі жақсылап жалғастырып педагог Нұрғалиевтер династиясын республикамызда тарихта қалдыратын шығар деген үмітім зор. Әрдайымда солай болған еді деген шын тілектемін!

Көрмесек те асыл ана Қанекеңе осындай балаларды тәрбиелеген үшін рахмет айтпақпын.

Бір екі ауыз өзім туралы: фамилиям Шакиров Қадір Абдулахатұлы. Мұғалімдік мамандық алсам да, жас кезімнен партия жұмысына ауысып, кейінде 25 жылдай әр түрлі райком хатшысы, председатель райсовета, обком аппаратында жұмыс істеп, қазір 15 жыл болды “Ертіс-Қарағанды” каналын пайдаланатын өндіріс орынында басшы қызметте істеймін. Биыл 60 жасқа шығам.

Шын жүректен сіздің семьяңызға, өзіңізге ұзақ өмір тілеп қалдым!

Сәлеммен Қадір”.





Мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегінің бәрінен де қымбат көремін... Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы; тамаша педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды.

Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәләуі тиіс.

Ыбырай Алтынсарин

Қаншама жетілдірілген техникалық құралдар болса да мұғалімнің жеке басын алмастыра алмайды. Оның оқушыға деген жүрегінің жылуы ешқашан сөнбек емес.

Қ. Нұрғалиұлы

“... Боран мектебінде институтты үштік бағамен өйтіп-бүйтіп тамамдаған, шалағай мұғалім жоқ деп айтуға болады. Өз пәніңді білуің аз, шәкірттер алдында сол пәннің поэтикасын аша білуге, романтикасын танытуға тиістісің. Озық ойлы маман болсаң, алдыңнан дәріс алғандар: “Мен де осы ұстазым сияқты осы пәннің, осы ғылымның қыр-сырын түгел білетін білгір боламын!” – деп құлшынсын! Бұл бірінші өлшем де болмас. Ең үлкен өлшем сенің адамгершілік бейнең еліктеуге татырлықтай биік болсын. Жақсы мектептің тақтасы да, әр қабырғасы да тәрбиелейді демекші, ұстаздың әр қимылы, әр сөзі тәлім-тәрбие берсін.

Ең бастысы – оқушыңды ойлай білуге, ешбір түртпексіз, зорлық-зомбылықсыз, тіпті ескертпесіз еңбектенуге үйрет! Нұрғалиевтің ұстанатын талап өлшемдері, қысқаша айтқанда, осындай.

Мектеп директоры мектептегі мұғалімдерді ізденіске, творчестволық еңбекке шақырады. Өз үлгісімен, талап қойғыштығымен соған үндейді.

1950 жылдардағы бір оқиға директордың принципшілдігін танытады. Институт бітіріп, осы мектепке жолдама алып екі жас қыз келеді. Мектеп директоры Нұрғалиев екеуін де жарты жылдай жұмыс істеген соң шығарып жібереді. Өлгі екі қыз жастардың республикалық “Ленинская смена” газеті редакциясына арыз-хат жолдайды. Газеттің Шығыс Қазақстан облысындағы тілшісі Адриан Розановқа редакция арнайы тапсырма береді: “Мектепке бар, тексер, жас мамандарға құшақ жаюдың орнына кеудеден кері итерген не сұмдық?! Анау төрешіл директордың жалпы жұмысын жан-жақты зерттеп, түптеп жаз!.. Фельетонға сұранатын материал...” Тілші қату келеді.

Қаһарлы тілшінің айыптай сөйлегенінен ықпақ түгілі, өз әділдігіне әбден сенген адамның сөз астарында айбыны жатқан мысқыл-күлкісіне ауысқан директор қонақтың өзіне қарсы сауал қоя тіл катады. Жаутандап сөйлеспей, жайтаңдап сөйлеседі.

– Сіз білесіз бе, балалардың жанына жеті шақырым жақын жіберуге болмайтын педагогтер барын? Рас, жұмыстан шығарылған екі мұғаліманың дипломдары бар, бірақ шәкірттерді оқытуға олардың моральдық хақы жоқ. Жарты жыл ішінде оны өздері-ақ бізге паш етті. Сіздің: “Ұйымшыл коллективтің бейшара бойжеткендерді тәрбиелеуіне болады ғой”, -деуіңіз мүмкін. Тәлім ала алмаған мұғалімдерді біз тәрбиелеп жүргенде, бұлар балаларға қанша нұқсан келтіретінін білесіз бе?! Біз оларға селода өздеріне сай қызметтер ұсындық, соған жәбірленіп, арыз айдаған...

“Сөзі орнықты директор тілшіге мән-жайды тәптіштеп түсіндіріп, көзін жеткізген екен. Бір қызғылықтысы – озбыр директор туралы сыни материал жазармын-ау деп келген тілші райынан қайтады. Ол түгілі, өзі жазушы, ақын жігіт, алғыр журналист Адриан Розанов коммунистік тәрбие шебері, үлгілі мектеп директоры Құмаш Нұрғалиевпен дос боп кетеді. Мектебінде, үйінде жылына әлденеше болып, талай очерктер жазады” (М.Шегендіков).

Көзінде от бар, танымға деген құштарлығы шексіз адамдарды бар жерден жинайтын. Мысалы, Күршімнен Шарипа Ахметованы, Жаңа ауылдан Шолпан Боранқұлованы, Қалжырдан Нәзипа Алханованы, Алексеевқадан неміс тілінің мұғалімі Екатерина Андреевна Алешинаны шақырып алды. Аспирант Майты Жүсіповты Боранға келуге көндірді, Алматыдан белгілі суретші Әбілхан Қастеевтің ұлы – Нұртас Қастеевті, сол жылдары қуғынға ұшырап жүрген ғалым, ҚазМУ оқытушысы Қарағұсовты шақырды.

“Мысал келтірейін. Жетпісінші жылдардың басында ауданда танымал, білімді де білікті бір мұғалім ішімдікке салынып, әйелімен ажырасып, адамның қоры бола жаздап жүрді. Бір күні Құмаш атам сол жігітті шақырып алып, ақылын айтады.

– Қарағым, арағыңды қой, келінге қосыл, бала-шағанды, шешенді жиып ал, осының бәрін істесең, оқу ісінің меңгерушілігіне қызметке аламын, – дейді.

Мұндай қамқорлықты күтпеген жігіт құлдық ұрады. Артынан машинасына мінгізіп, қасына екі-үш мұғалімді қосып беріп, төркініне кеткен келінді алғызады. Үй береді. Нұсқалған дұрыс жол қателікке ұрынған жігітті адастырмайды. Қызметі өсіп, бір мектепке директор болады” (У.Тоқпатаев).

“Тағы бір мысал. Боран мектебінің түлегі В. Шаповалов музыкаға ынтаалылығын танытты. Дирекцияның ұсынысы бойынша ол музыкалық училищені бітіріп, міне он жылдан бері өн мен музыка пәнінен сабақ береді. В. Шаповалов жетекшілік ететін мектептің көркемөнерпаздар коллективі аудандық және ауданаралық конкурстардың жеңімпазы атанып жүр” (М.Әбуғалиев).

Ал 30 жылдан кейін Құмаш Нұрғалиұлы былай деп жазады:

“...Ендігі мұғалімдердің талай буыны ауысты, біреулері басқа жаққа кетті, біреулері зейнетте, енді бірі арамызда жоқ, бірақ мен уақыт өткен сайын жиырма бес-отыз жыл бұрынғы ұжымды сағынамын. Осы істі бірге бастаған адамдарды сағынамын. Мен оларды тек басқарып қана қоймай, мен олардан оқыдым да. Бұл көп орын алады, сонда да мен олардың әрқайсысының атын атап шығайын. Жай атақ үшін ғана емес, олар оқи қалса, туған мектебі оларды ұмытпағанын, біз үшін олар – ұстаздықтың үлгісі екенін білсін деп...”

Мектеп тәрбие жұмысының негізі ынтымақтастықта екенін Құмаш Нұрғалиұлы жақсы түсінді. Ол өзінің педагогикалық шеберлігін шыңдауда ата-ана, мұғалім, оқушы қоғамдық орындармен үнемі бірлестікте болды.

Білікті ұстаз, білімді тәрбиеші өз ісін жетік білетін ұйымдастырушы Құмаш Нұрғалиұлы мектепті басқара жүріп өзі де үйренді. Ол оқушы мен мұғалімдерге үлкен сеніммен қарап жүрегінің жылы шуағын төге білді, адам жанын ұға білді. Бұл оны үлкен істерге бастап алға қойған мақсатына жеткізді.



Боран орта мектебінің педагогикалық ұжымы, 1957-58 оқу жылы.



“Шәкірттерім терең білім алсын, көрсін, үйренсін дегенде ішкен асын жерге қоятын. Жыл сайын Боран мектебінің ұстаздары мен шәкірттері Мәскеу, Ленинград, Киев, Ульяновск қалаларына саяхатқа баратын. Бұл дәстүрге айналғаны сондай, сабақ үлгермейтін оқушысы жоқ. Ульяновскідегі Ленин атындағы № 1 мектеппен тығыз байланыс орнады. Сонда барғанда көп нәрсе үйреніп келетінбіз” (У.Тоқпатаев)

“Бақтыкамал Дүйсембаева Боран мектебінің әйгілі директорымен 26 жыл бірге жұмыс істеді. Ол кісі жыл сайын жазғы каникул кезінде Құмаш Нұрғалиұлы демалыстан келгенін асыға күтетіндерін, ерекше жаңалықтарға әзірленетіндерін еске алады. Осы бір талмас қажырлы адам қай жерлерге бармасын, қай жерлерде дем алмасын, бал жинаған арадай әр жерден әдістемелік жаңалықтар тауып, елге жаңа әсерлер, жоспарлар мен идеяларды көптеп әкелетін.

Мысалы, алпысыншы жылдардың басында Липецк әдісі бүкіл Одаққа дүрілдеп тұрған кезде Құмаш Нұрғалиұлы ол жаққа Лия Григорьевна Копытинаны жібереді. Ниетпаев Шаталов әдістемесі үшін Уфаға барды. Боран ауылының өкілдері Ульяновскіге, Новосибирскіге барып келді. Осылайша жинақталған бай материалды игеру жұмысымен мұғалімдер ұжымы тұтас айналысатын. Қанипа Әйкенқызы осы айтылғандарды растайды: шипажайда жұбайы тек алғашқы 10 күнде ғана демалып, қарқынды ем қабылдайды. Содан соң қаланың ең үздік мектептеріне, педагогтік саладағы ғылыми-зерттеу институттарына саяхат жасап танысатын. Әрбір жаңа табылған қызықты идеяға балаша қуанатын” (Ш.Азмухамбетов).

“...Оның сүйікті мәтелі бар еді: “Уақыт дөңгелегі бір сәт те тоқтамай айналады”. Біз үшін осы үрдістен қалмау маңызды еді. Бұл үндеу болатын. Біз, мұғалімдер, мектепте жинақталған көрнекі және техникалық құралдарды барынша пайдалануға, жаңалықтар мәнін ұғынуға тырысатынбыз. Оның үстіне, білім беру саласындағы мерзімдік басылымдардан, әдістемелік әдебиеттерден өзіндік, жаңа, пайдалы нәрсе табуға ұмтылдық. Әрбір жаңа табысқа, өзіміз қосқан үлеске, бәрімізге ортақ алға қарай жылжуымызға қуанатынбыз. Әсіресе, біздің табыстарымызды ақылшы-жетекшіміз жақсы бағалап жатса...” (Ш.Боранқұлова).

Педагогикалық ғылым мен тәжірибені байланыстыруда Қ. Нұрғалиев басты орынды



әдістемелік қызмет пен мектеп кітапханасының мүмкіндіктеріне беретін. Оның тікелей жетекшілік етуімен педагогикалық жаңалықтарды талқылаулар, ғылыми-педагогикалық монографиялар мен педагогикалық публицистика көрмелері ұйымдастырылып, әдістемелік және педагогикалық журналдардағы мақалалардың аңдатпалары, үздік ұстаздар жөнінде материалдар әзірленетін.

Педагогикалық ғылым мен тәжірибенің байланысының негізгі белгілері деп Құмаш Нұрғалиев мыналарды есептейтін:

– ғылым мен алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе жетістіктерінің бір-бірін өзара толықтыруы;

- ғалымдар мен ұстаздардың өзара бірігіп қызмет етуі;
- мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмысына тікелей араласуы;
- мұғалімдердің өз бетімен білім алуы және әдістемелік біліктілігін арттыру;
- педагогикалық тәжірибені сараптауға жіктелімдік тұрғыдан келу.

Оқу ісі меңгерушісінің қолында барлық пәндер бойынша бақылау функциялары шоғырланған мектеп басқарудың дәстүрлі жүйесіне сыни тұрғыдан қарай отырып, Құмаш Нұрғалиұлы мектепішілік басқару құрылымын штат кестесіне қайшылықта қайта ұйымдастырды.



Құмаш Нұрғалиұлы ғылыми-методикалық конференцияның қатысушыларымен

“...Құмаш Нұрғалиев мұғалімдер коллективінің әрбір мүшесінің жүрегіне қалай жол табуға болады, кәсіптік мамандықтарын жетілдіріп, идеялық-теориялық, дәрежесін көтере берулеріне қалайша көмектесуге болады деген мәселені жан-жақты ойлады. Ақырында ол бір түйінге келді. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, бұл істі ең алдымен тиісті кластар мен пәндердің мұғалімдерін, класс жетекшілері мен ұзартылған күн топтары тәрбиешілерін методикалық бірлестіктерге біріктіру арқылы шешуге болатындығына көз жеткізді. Методикалық бірлестіктердің ролін, олардың жетекшілерінің беделін арттыруға тұрақты қамқорлық жасау сабақ жүргізу мен тәрбие беру жұмысының мазмұны мен методикасының көкейтесті мәселелерін жедел, нақтылы және іскерлікпен шешуге, құнды тәжірибені таратып, туған проблемаларды, кездескен кемшіліктерді ашып, дер кезінде түзетіп отыруға мүмкіндік туғызуда.

Методикалық бірлестіктердің жұмысын бағыттап, үйлестіруші орган ретінде мұнда директор басшылық ететін жалпы методикалық совет жұмыс істейді. Бұл советтің құрамына директордың оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары, барлық методикалық бірлестіктер мен қоғам ұйымдарының жетекшілері, сондай-ақ тәжірибелі мұғалімдер енеді. Оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен методикасының ең көкейтесті мәселелерін, педагогикалық теория мен практикалық жетістіктерін талқылай отырып, методикалық совет оларды өз мектебі жағдайында кең таратып, қолданудың жолдары мен формаларын белгілейді. Тиісті уақыт өткен соң өз ұсыныстарының орындалу нәтижелері туралы хабарлама тыңдайды” (М. Әбуғалиев).

Мұғалімдердің кәсіби өсуіне педагогикалық басқару жүргізудің формалары мен әдістері кеңінен түрлендіріліп отырды – ашық сабақтар, әдіскерлердің жеке кеңестері, дидактикалық тапсырмалар мен мектеп өмірінің оқиғаларына талдау жасау, педагогикалық әдебиеттерді ұжымдық талқылау, мұғалімдердің өз бетімен білім алуын ұйымдастыру көптеп қолданылды.

“Тек соңғы жылдары ғана методикалық совет көптеген мәселелер қарап шешті. Олардың арасында Қазан қаласында “Орта мектептерде В. И. Лениннің өмірін, қызметі мен шығармаларын, КПСС және Совет мемлекетінің документтерін оқып, үйрену” тақырыбына өткен ғылыми-теориялық конференцияның қорытындылары, Кисловодск қаласындағы 2-мектептің осы бағыттағы жұмыс тәжірибесі, Ташкентте болған “Ұлт мектептерінде орыс тілін үйрену және оқыту” жөніндегі Бүкілодақтық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары мен ұсыныстары, В.А.Сухомлинскийдің тәрбиелік жүйесін қолдану жөніндегі озат мектептердің тәжірибесі, Ю.К.Бабанскийдің оқу-тәрбие процесін жетілдіру проблемасы жөніндегі еңбегі және оны жүзеге асыру тәжірибесі, мұғалімдер мен оқушылардың еңбегін бағалаудағы формализмді жою жолдары, оқушылардың, жеке пәндер бойынша біліміндегі олқылықтар, олардың себептері және оларды жою жоспары сияқты мәселелерді атап көрсетуге болады.

Мұғалімдердің идеялық-теориялық, ғылыми-практикалық және методикалық даярлығын арттыра беруде мектеп дирекциясы В. А. Сухомлинскийдің, “кімде-кім өз пәнін ғылымның соңғы жетістіктерінің дәрежесінде жақсы білсе және кімде-кім тәрбие туралы педагогика мен психологияны жақсы білсе, сол жақсы мұғалім бола алады” деген сөздерін басшылыққа алуда. Осы шаралардың жүйесінде мұғалімнің білімін өздігінен арттыруына маңызды орын беріледі. Мұғалімдермен әңгімелескенде, олардың өз білімдерін қалайша жетілдіріп отырғандарымен танысып, оларға қандай әдебиетті оқу қажеттігіне кеңес беріледі. Пәндік методикалық бірлестіктер де мұғалімдердің білімін өздігінен арттыру мәселелеріне ерекше назар аударады. Бірлестіктің, әрбір мәжілісінде мұғалімдер педагогикалық ең маңызды проблемалар туралы пікір алысады, методикалық журналдарға шолу жасайды.

Мектептегі философия жөніндегі теориялық семинардың сабақтары да мұғалімдердің идеялық-теориялық дәрежесін арттыруға қызмет етеді. Әрбір сабақ алдында саяси хабарламашылар еліміздің ішкі және халықаралық жағдайы, дүниежүзілік саясатты басты мәселелері туралы хабарлама жасайды. Ал Марқакөл аудандық партия комитетінің қызметкерлері мұғалімдер үшін айына бір рет саяси баяндама жасайды. Мұғалімдердің теориялық және методикалық білімдерін арттыруға Өскемен педагогикалық институтының кафедралары да нақтылы көмек көрсетуде. Олар жыл сайын мектепте педагогика мен психологияның өзекті мәселелері бойынша семинар сабақтарын өткізеді, бір қатар пәндер бойынша сабақты қалай өткізу қажеттігі туралы лекция оқиды. Бұған қоса мектеп педагогтары мұғалімдердің білімдерін жетілдіру жөніндегі Шығыс Қазақстан облыстық университетінің даярлық курстарынан өтіп отырады.

Осы шаралардың бәрі мектеп мұғалімдерінің идеялық-теориялық, ғылыми-практикалық даярлығы мен методикалық шеберліктерін арттыруға оңды ықпал жасаса, мұның өзі бүкіл оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартуды қамтамасыз етуде». *(М.Әбуғалиев)*

Тәжірибелі басшы мұғалімдердің ғылыми-теориялық методикалық шеберліктерін арттырып отыруды үнемі іздестіре білді. Педагогикалық институттың кафедраларымен тікелей байланыс жасап, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді пайдаланудың қыры-сырын ұғына білді. Бұл жұмыстардың барлығы оқушылардың білім сапасын арттырып, тәрбие жұмысын жақсартуға көп көмегін тигізді.

Құмаш Нұрғалиев қызмет еткен жылдары мектеп Қазақстанның ең үздік ауылдық мектебі болды. 1975 жылы мектеп КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысты, ал 1980 жылы ҚазКСР Ауыл шаруашылығы көрмесінің қола медаліне ие болды және үшінші орын алды.

“...Боран орта мектебіне облыстық семинарға бара жатқан мұғалімдер арасында сенімсіздер аз емес еді. Қалай десе де, қала мектебі мен ауыл мектебіндегі еңбек жағдайларын қалай теңестірмек болса да, ауылдың аты ауыл. Материалдық базасы да мәз емес (алып өнеркәсіп кәсіпорындары сияқты бай демеушілерді ауылда қайдан табасың?), қоршағын ортасы да жөн емес – кітапхана да, театр да, Мәдениет үйі де жоқ. Әрине, мектептің өзінде жақсы мұғалімдер де, үйірмелер де, қызықты сыныптан тыс жұмыс та болуы мүмкін...”

Ал екі күннен кейін, семинар жұмысы аяқталар алдында, сенімсіздердің бірі – Өскемен мектебінің директоры:

– Рахмет сізге, Құмаш Нұрғалиұлы! Сіздің әріптестеріңізге рахмет! Біз шын мәнінде келешектің мектебін көрдік, – деді.

Бәрі оған бір адамдай қол соқты: бұл сезімге қонақтардың әрқайсысы бөленіп отырған еді...”

“Директор бір минутқа да ең бастысын естен шығармайды: мұғалім тұлғасын жетілдіру, оның әдіскерлік шеберлігін байыту. Ол үшін техника – тек көмекші құрал. Оның сабақтарда жасаған жазбаларынан: “*ылыми деңгейі жоғары. Мұғалім өз пәнін жақсы меңгерген”; “Сабақта еркінрек болу керек. Тым ресми сарында. Соңғы партадағы балаларды көру керек”; “Әдістемелік бірлестікте тәжірибе бөлісуді сұрап көрсек. Сабақта қазіргі заманғы материал көп, оқулық мерзімдік басылымдардан алынған деректермен кеңінен толықтырылған”. Мынадай жазбалар да кездеседі: “Әңгімелесу. Кеңесші тағайындау”.

Өз заманына сай мектептің директоры Құмаш Нұрғалиұлы ұжым ішінде пікірлестер ансамблі болуының маңыздылығын біледі. “Жалғыз-жалғыз біз ештеңе де істей алмаймыз”, – дегенді жиі айтады. Сондықтан да әрбір мұғалімнің бойында шығармашылық бастауларын дамытуға, неғұрлым күшті жақтарын тауып бекітуге ұмтылады. Бірде ол жас мұғалимаға: “Несіне көшіресің? Дәл осыны сен өзін де тәп-тәуір істей аласың”, – дегені бар. Жетекшінің осындай тұрғысы шалғай шеттегі ауылдық мектепте ең дарынды адамдардан әдейі іріктеліп алынғандай ұжым қызмет атқарып келе жатқанына ықпал етеді. Бұл жерде әрбір мұғалімнің өзінің қайталанбас бейнесі бар.

Нәтижесінде ол мұғалімдердің тәжірибесін, мүдделерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін есте ұстай отырып, еңбек қызметінің тұтас кезеңіне есептелген педагог кадрларды дифференциалды оқытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу идеясына келеді. 1987 жылы мектептің ұстаздар ұжымының 90 мүшесінің 85-і осы мектептің түлектері болды.

Мысалы, химик Г. Отеева басты назарды курстың дүниетанымдық мәселелерін ашуға, жалпы білімдік дағдылар мен икемділіктерді меңгертуге аударады. Оның оқушыларынан жай ғана оқулықтың мазмұнын айтып беру дегенді естімейсіз. Әрбір ережені негіздеп, дәлелдеу талап етіледі. География мұғалімі Д. Қабатовтың өз әдісі бар: туған өлкеге деген махаббат арқылы пәнге деген сүйіспеншілікті ояту. Оқушыларымен бірге айналаны түгел аралап шықты, облыс орталығында, республика астанасында болып қайтты. Кез келген тақырып бойынша сабақ – бұл міндетті түрде ел жөнінде, туған өлке жөнінде әңгіме”.

(Н.Иванова, В.Садовщикова)

“...Құмаш Нұрғалиұлы әріптестеріне:

– Мұғалім бар болмысымен тәрбиелейді! – деуден жалықпайды.

Ол сабаққа қатысқан кезде басты назары әдістемеде емес, мұғалімнің класпен қарым-қатынас жасау табиғатына ауады. Ұстаз балаларды, олардың қызығушылықтарын, қиналатын тұстарын біле ме, олармен қалай сөйлеседі, қандай кеңес береді (сабақта міндетті түрде кеңес беру керек деп есептейді директор, тек барлығына бірдей емес, әр балаға жеке-жеке). Бірде бір жас мұғалима тақта мен журналдан бас алмай сабақтың басынан аяғына дейін балаларды жұлқылай бергенін көрді: жауап бер, жаз, есепте. Бір де бір рет жымып, бір де бір “артық сөз” айтылмады – құдды алдында балалар емес, кішкентай компьютерлер отырғандай, мұғалім оларға ойластырылған, күрделі бағдарламаны бере берді. Сабақтан соң директор оған жұмсақ қана:

– Әдістемелік тұрғыдан жақсы сабақ өткіздіңіз, көп нәрсе істеп үлгердіңіз. Тек балаларға деген жылу көбірек болса. Сабақ өте салқын өтті. Сіз тіпті Омар Сеитов бір нәрсеге ренжіп отырғанын, бір де бір рет қол көтермегенін байқамадыңыз да... Кеше оның әкесін ауруханаға алып кетті...” (Н.Иванова, В.Садовщикова).

“Ол маған мұғалім болған қандай қиын екені жөнінде айтатын. Әсіресе, осы бір шалғай шетте, қиырда. Әрине, қалалық мектепте де әріптестеріміз күн сайын ондаған жұп қырағы көздің бақылауынан өтеді. Алайда ауылға ең дарындылары керек. Жас көңілді өзіңе бағындыру үшін баға жетпес дарын керек.

Ол серіктестік педагогикасының принциптерін қуаттайды: біз тәрбиеленушілерімізбен достасуымыз керек. Мүмкін, оқушыларымыз бізді дәріптеп, өздері көп нәрсені ойдан шығаратын да шығар, тек құдай оларды қателесуден сақтаса екен” (Ю.Шапорев).

Ешкімге тікелей қаратпай, ешкімнің намысына тимей, жұмсақ қана. Бірақ осы бір сөз әсіресе, жастар үшін жақсы сабақ болды. Сондықтан да мұғалімдер бір-бірінен жалықпайды, сондықтан да балалар үшін олар қызықты.

Иә, мектеп директоры біледі: техникалық құралдар қандай кемел болмасын, олар ұстаз тұлғасын – оның идеялық сенімдерін, білімін, жан жылуы мен балаға деген ықыласын алмастыра алмайды...

Мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп отырылды. Жоспарлы түрде жүргізіліп отырған тәрбие сағаттары ойдағыдай нәтиже берді. Ашық тәрбие сағаттары, оның бағдарламасы, дайындық кезеңі т.б. мектеп директорының назарынан тыс қалған емес. Ол бәріне үлгеретін, бәрімен тіл табысатын, тәрбие сағатының жандана түсуіне ат салысатын. Сондай-ақ сыныптан тыс тәрбие сағаттарына уақыт тауып қатысып отыратын. Ол сынып сағатының жетістігімен кемшілігіне ерекше көңіл бөліп, өз ойын ашық айтатын. Мұғалімдерге келешекте тәрбие сағаттарын өткізуге байланысты бірлесе отырып арнайы бағдарламалар ұсынып тақырыптар белгілейтін. Бұл ұстаздар үшін үлкен көмек еді.



*Мамырбек Тұрғанбаев
Қазақстан Республикасы
Білім беру ісінің үздігі естелігінен*

Тарихта көптеген данышпан тұлғалар болды, өз атақтарын абыройлы еңбектерімен шығарды. Халық үшін еңбек етті, өздерінің білімдарлығымен ақылдығы мен ойлығымен даңққа бөленді. Міне осындай тұлғалардың бірі облысымызға ғана емес, кезінде Кеңес Одағына атағы шыққан КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев еді.

Қан майданнан жарты денесінен айрылып келген Құмаш аға даналардың ішінде дара туған болатын. Өз өмірінің 42 жылын Сармөңке жетіжылдық, Боран орта мектебінде директор болып қызмет атқарды. Мектеп аудан, облысты қойып, республикалық дәрежеге көтерілді. Мектептің материалдық жағдайы жақсарды. Жаңа типті мектеп үйі салынды.

Мектеп директорымен қызмет істегенде байқағаным ол өте шаруақор, ұйымдастыру қабілеті мықты адам еді. Мектептегі ұстаздар қауымына талап қойғыш болатын. Өзі ізденетін, мұғалімдерді де ізденуге тәрбиелейтін. Мектептегі өзінің көмекшісі- оқу ісін меңгерушісіне қатаң талап қойып, олардың да ізденулеріне із салатын. Ұстаздардың сабағына қатысып ақыл айту үшін өздері оқындар, жаңалық ашуға дағдыланындар дейтін. Сабаққа қатыспас бұрын “Қазақстан мектебі”, “Бастауыш мектеп”, “Қазақстан мұғалімі”, “Народное образование” және жеке пәндерге арналған журналдарды оқуды талап ететін. Міне, осы талаптарға шыдамаған кейбір ұстаздар директорды қатал адам дейтін. Ал негізінде бұл қаталдық емес, талап қоюшылық еді. Кейіннен ұстаздар үйренді. Мұғалімдердің білім дәрежесінің өсуіне көмектесетін. 1962 жылы аудандық оқу бөлімінің рұқсатымен мектепке қарасты бастауыш мектеп мұғалімдері және аталған мектептегі бастауыш сынып мұғалімдерінен жазбаша диктант жаздырып сауаттарын тексеруді ұйымдастырды. Диктант жазғызуды сол кездегі оқу ісінің меңгеруші маған тапсырған еді. Әділ тексеріп, бағалауды ескертті. Диктант та диалог, төл сөздер кірістірілген болатын. Қорытынды нәтижесі тәуір болмады. Диктант жазған 20 мұғалімнен 2-ақ адам 4 бағасына, қалғандары 3-ке тапсырды. Екі бағасына жазушылар да болды. Ал грамматиканың синтаксис бөлімін оқыған 8-ші сынып оқушыларына ұстаздар жазған диктантты жаздырғанда 20 оқушының 6-ы беске, көпшілігі 4-бағасын алғаны есімде әрине, директор тарапынан болған. Бұл тексеріс олардың білім дәрежелерін бақылау, талап қоюшылық еді. Директор жақсы жұмыс істейтін. Ұстаздар әділ бағалайтын. Өз жұмыстарына салақ ұстаздарға қатаң талап қоятын. Ол өте шаруашыл еді. Мектепке сағат 8-де келетін кешкі мезгілде қызмет бітсе де, ертеңгі жұмыс жоспарын даярлайтын. Көмекшілері біздерге де талап қоятын. Апта сайын ұстаздардың 10 шақты сабақтарына қатысып, әділ ұсыныс жасауды талап ететін.



Орынбаев Тәшен Ағатаұлы естелігінен

“Мен 1937 жылы 20 қарашада Зайсан ауданы, Дайыр селосында дүниеге келіппін. Мен бала кезден оқуға деген ынтам жоғары болып, өз бетіммен білім алуға тырыстым. Жаңа-Ауыл орта мектебін 1955-56 оқу жылында бітіргеннен кейін, сол жылы Өскемен педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне түсіп, оны 1961 жылы химия және биология мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

Осы жылы тамыз айында ауылға келгеннен кейін Құмаш ағамен бірінші рет таныстым. Ол кісімен жолығып, қызметке алуын сұрадым.

Жұмыс туған ауылымнан табылып, орналасқанымға қатты қуанып, үйге қайттым. Сөйтіп 15 тамыз 1961 жылдан бастап В.И. Ленин атындағы Боран орта мектебіндегі ұстаздық қызметім басталды.

Ол кезде ауылда орыс тұрғындары көп болғандықтан 1-10 орыс сыныптары екі параллельден де, қазақ сыныптары 1-7 аралығында ғана болатын.

1960 жылдан бастап 8,9,10 қазақ сыныптары ашылып, Боран орыс-қазақ орта мектебі аталды. Бұл өзгеріс тікелей Құмаш ағаның араласуымен жүзеге асқан еді. Осы кезде мектеп жанынан 120 орындық интернат та ашылған еді.

Ешқандай тәжірибесі жоқ мені бірден үлкен коллектив өз тәрбиесіне алды. Құмаш аға өз жұмысына өте ұқыпты, талап қоя білетін басшы болғандықтан, басқалардан да осы ұқыптылықты, талап қойғыштықты қажет ететін. Осындай еңбеккер, іскер адаммен еңбек жолын бастаумен келешекке адал қарап, жемісті еңбек етуімен үлкен себеп болды. Біздің мектепте түрлі тақырыптарда облыс, аудан мектептері үшін семинарлар жиі ұйымдастырылушы еді.

Есімде қалғаны 1975 жылғы ақпан айында облыс мектеп директорлары үшін өткізілген “Мектепшілік бақылау және методикалық жұмыстың ұйымдастырылу әдістері” тақырыптағы семинарға көптеген директорлар жиналып, Боран мектебінің ішкі жұмыстары жоғарғы баға алды. Директорлар семинардан өте көп нәрсе алғандықтарын ризашылықпен айтып берген еді. Біздің мектепте түрлі семинарлар өткізу үшін барлық жағдай жасалған, себебі мектептің материалдық базасы өте бай еді. Сабақта техникалық құралды қолдану әр түрлі методика бойынша жүргізілетін. Барлық кабинеттерде теледидар, автоматты түрде қараңғылау жүйесі, экран, телефон бар. Сабаққа қажетті кинофильм, кинофрагмент, диафильм, диапозитивтерді телефон арқылы телецентрдегі лаборантпен хабарласып, сабақтың қай кезінде қажеттігін айтып, дәл сол минутта телеорталықтан керекті теледидар экранынан көрсетілетін

Мен осы мектепте 15 жыл оқу-тәрбие жұмысын басқарып, Құмаш ағамен сырлас, сыйлас, қоян - қолтық араласып еңбек еттім. Сабақ кестесін жасарда Құмаш аға әр күнде болатын пәндерді ауыр - жеңіліне қарай тең бөлуді, оқушының үй тапсырмасын орындауға қиындық келтірмеу жағын қатты қадағалаушы еді. Үйірмелер, факультативтік сабақтарды бірыңғай күндерге қою керектігін ескертіп отыратын еді.

Мектепте істеген азды-көпті еңбегім ескеріліп, “Қазақ ССР оқу - ағарту ісінің үздігі”, “Аға оқытушы” атағын алдым, көптеген мақтау қағаздарымен марапатталдым. Осының бәрі Құмаш ағадан алған тәрбиенің нәтижесі деп білемін”.



Батымбаева Гүлжауһар Жарыққызы естелігінен

“Зайсан ауданына қарасты қазіргі Біржан ауылында дүниеге келіппін. 1946 жылы мектеп есігін тұңғыш рет ашқанда не дәптер, не қаламымыз жоқ еді. Дәптер орнына газет парақтары, сия орнына күйдірілген бидайды пайдаландық. 1953 жылы Біржан ауылындағы жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін, Зайсан қаласындағы педагогикалық училищеге түстім.

Алғаш Боран мектебіне қызметке орналасқалы келгенде Құмаш аға кабинетінде отыр екен, менің жастығым болар, кабинетке кірерде қатты толқып, ұяла, қорғаншақтай кірдім. Менің жағдайымды түсінді ғой деймін, Құмаш аға маған: “Иә, әкем, төрлет, отыра ғой”, – деп орындық ұсынды. Мен жағдайымды айтып, керекті құжаттарды бердім. Ол кісі жымыя күлген бойы, қағаздарымды, әсіресе, диплом қосымшасын мұқият қараған соң, тамыз айында келіп, бірінші сыныпты қабылдап алуыма келісті.

Менің ұстаз болып қалыптасуыма, шынында да, Құмаш ағаның жылы жүзбен қарсы алуы, бетімнен қақпай үнемі жылылық танытуы, менің өмір бойы жұмысқа деген құлшынысымды арттырып, шығармашылық пен еңбек етуіме зор ықпалын тигізді деп есептеймін. Сөйтіп, мен үлкен коллективке мүше болып қабылдандым. Боран мектебінің коллективінде жұмыс тәжірибесін үйреніп, үлгі алатын ұстаздар өте көп екен. Жұмыс істеген алғашқы жылдары Құмаш аға көп сабақтарыма қатысып, әр сабаққа талдау жасап, кемшілігімді көрсетіп, жетістіктерімді қуана құптап отырды. Әр сабаққа қатысқан сайын оқушы дәптерлерін тексеріп, әріп не цифр элементтерін қарындашпен жазып, оны үстінен сиямен бастыруымды қатты мақұлдап, риза болып отыратын. Осы жұмыс әдісімді басқа мұғалімдерге үлгі - өнеге етіп көрсетіп, кейін басқа мектептерге де таратты. Көп жылдар бойы ұстаз болған кездегі ойға түйгенім, әр оқушының өз бетімен істейтін жұмыстарын орындатуды жоспарлауға, үлкен мән беріп отыру барлығымыздың міндетіміз. Әр оқушының өзіндік ой - пікірін, жұмыс істеуін сабақта қалыптастырып отырмасаң, ол баладан не күтуге болады? Құмаш аға бізге әрбір оқушының адамгершілік қасиетін сыйлап, намысына тимеу керектігін ескертіп отырушы еді.

Көп жылдық ұстаздық еңбегімді бағалап, “Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің үздік қызметкері”, “Еңбек ардагері”, “Аға оқытушы” атақтары беріліп, көптеген мақтау қағаздарымен марапатталдым”.



Наурызбаева Жұлдыз Сағдолдақызы естелігінен

1966 жылы Он-Жақ Қалжыр бастауыш мектебінің бірінші сыныбына оқуға түсіп, төртінші сыныпты аяқтаған соң, 1970 жылы В.И.Ленин атындағы Боран орта мектебіне келіп оқыдым. Мектепті 1975 жылы ойдағыдай бітіріп, осы жылы Өскемен педагогикалық институтының физика-математика бөліміне оқуға түсіп, 1979 жылы аталған оқу орнын бітіріп, өзімнің туған мектебіме жоғарғы білімді маман ретінде қайтадан оралдым. Сол, 1979 жылдан бері осы мектепте математика пәнінен сабақ беріп келемін. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде сабақ берген ұстаздарыммен бірге қызмет етіп, қысылған жерде олардан көмек алып отырдым.

Мен 1979 жылы мектеп табалдырығын ұстаз болып аттағанда, мектеп директоры Құмаш Нұрғалиұлы жылы жүзбен қарсы алып, ұстаздық еңбегіме сәт-сапар тілеген еді. Ол кісімен 9 жыл еңбек еткен кезімде байқағаным Құмаш аға бос қарап отыру дегенді білмейтін, үнемі жұмыс үстінде, кітап-журналдарды ақтарып, өзіне керекті деректерді жазып алып жататын.

Құмаш Нұрғалиұлы тазалыққа қатты көңіл бөлетін, мектеп ауласында, дәліздерде, сыныптарда көлденең жатқан қағаз көрмейтінбіз.

Ол кісі орынды талап қоя білетін, ешкімнен жасқанбайтын, күш-жігері өте зор адам болатын.

Құмаш ағаның шәкірттері, ізбасарлары оған ұқсауға тырысатын, халық сүйіспеншілігіне бөленіп, құрметке ие болғаны ол кісінің өлшеусіз ерен еңбегінің жемісі деп білемін.

Әлі есімде, 1980-81 оқу жылы мектепке Қазақ ССР білім министрі Қожахмет Балахметов келеді деп күтуде болдық. Ол кісінің уақыты өте тығыз болғандықтан мектепті аралап көріп, 1-2 мұғалімнің сабақтарына қатысу жоспарланған еді. Бүкіл мектеп ұжымы министрді қарсы алуға әзірленіп жаттық. Осы қарбаласта Құмаш аға мені шақырып алып: «Жұлдыз, айналайын, министрді сенің сабағыңа апарамын, дайындала бер. Әсіресе, сабақта техникалық құралдарды қалай пайдаланатынынды көрсетесің» - деп ескертті.

Алғашында жүрексінем де, маған бүкіл ұжым, Құмаш аға сенім артып отырғандықтан, сыныбыма келіп, мән-жайды түсіндірдім.

Сынып бөлмесін, техника құралдарды, қолданатын карточкаларды әзірлеп қойдым.

Өзіне қатаң директор мектеп мұғалімдерінің осы заманғы талаптарға сай болғанын қалайды, қалайды ғана емес, сондай деңгейге көтерілуді талап етеді. Қарауындағылардың қамшы салдырмағаны қанағат емес, кешегісінен бүгін озық, бүгінгісінен ертең артық көрінгенінде тәнті сезімін жасырмай, жария ғып жаяуға және әзір. Бір әңгіме үстінде емес, талай сұқбат үстінде мұғалімдердің ізденіштігіне ырза көңілін білдіріп өтті. Ізденгіштіктің өрелі болуын қалайды. Бір мысал: 1981 жылы ноябрь айында Қазақ ССР Оқу министрі Қожахмет Балахметов арнайы осы Боран мектебіне келген екен. Оқу-тәрбие жұмыстарымен егжей-тегжейлі танысады. Оған дейін оқу министрлігінің бригадасы озат мектептің өнегелі істерін зерттеп қайтқан екен.

Министр де қатты қызыға, өте ыждаһатпен мына мектеп тіршілігін қыр-сырына бойлай, ішіне кіре, әбден қаныға түседі. Залда келе жатып, қоңырау жаңа ғана қағылып, кезекті сабақ басталған тұста, министр математик Жұлдыз Наурызбаеваның сабағына кіреді. “Дәріс бере бастағанына екінші жылға жаңа аяқ басқан жас мұғалима қайтіп қалар екен?” – деген дүдәмал сауал директордың көкейін көлегелей береді. Бірақ алдағы ағалар мен апалардан үйренгені бар, Нұрғалиев дәстүрінде тәрбиеленген жас маман сабағын мәнді-мазмұнды өткізеді, жаңа материалды да жақсы түсіндіреді. Министр сабақ нәтижесіне ырзашылығын білдіреді.

Боран мектебі директоры министрдің сапарынан кейін Қазақ ССР Оқу министрлігі коллегиясына шақырылады. Мектептің жағымды тәжірибесіне биік баға беріледі.

– Мектептегі әрбір сабақ ашық сабақтағыдай қапысыз дайындықпен, творчестволық жаңалықпен мазмұнды, нәтижелі өтуге тиіс қой, – деп түйді әлгі бір әңгімесін Құмаш.

Облыс орталығы – Өскемен қаласынан 400 километр, аудан орталығынан 75 километр қашықтықта тұратын мектепте ұйымшыл, ынтымақты, еңбек сүйгіш коллективті қалыптастыру, әрине, оңай болған жоқ. Бұл істе директор аса көрнекті педагог В.А. Сухомлинскийдің: “Жан-жақты даярлығы бар жақсы мұғалім мектепке әрдайым келе бермейді, жақсы адамдар біздің төңірегімізде де бар, тек оларды іскерлікпен іздестіріп, табу керек”, – деген нақыл сөздерін үнемі басшылыққа алып отырады.

Директордың ой-мақсаты әрдайым болашақты болжап, алысты мезгеп отырады. Боран орта мектебінің микроауданы көлемді. Ол совхоздың “Прииртыш”, “Қазақстан”, “Жерқұдық” бөлімшелерін және көрші “Қалжыр” совхозының “Шеңгелді”, “Правдоустықалжыр” бөлімшелерін қамтиды. Кезінде осы бөлімшелер тұрғындарының балалары Боран мектебінде оқыған. Қазір аталған барлық бөлімшелерде сегіз жылдық мектеп жұмыс істейді. Нұрғалиев бұл мектептерді өздерінің резервтері деп біледі. Өйткені олардың түлектері болашақта орта мектепте немесе селолық кәсіптік-техникалық училищеде білімдерін одан әрі жалғастырып, тиісті мамандық алып шығады. Сондықтан да Нұрғалиев бұл мектептердің жоғары дәрежеде жұмыс істеуіне қамқорлық жасап, жәрдемдесіп отырады. Олардың мұғалімдерін өздеріне шақырады, өздері де оларда жиі болып тұрады, методикалық бірлестіктерде тең правода қызмет атқарады, оқушылармен бірлескен кештер, жорықтар, спорт сайыстары мен ойындар кездесулер ұйымдастырады. Сөйтіп, орта мектептің сегіз жылдық мектептермен творчестволық ынтымақ байланыстары барған сайын нығайып, ортақ іске ықпалы күшейе түсуде.

“Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді” деген нақыл бар ғой. Бұл менің әкеме дәл бағытталғандай. Ол кісі жаңалықтың жаршысы, қорғамаса да білікті ғалым еді. Өзі отыз жыл басқарған Боран орта мектебі нағыз ғылыми орталыққа айналды десем артық айтқандық емес. Әкемнің еліне, жеріне, ұрпақтарына қалдырған мол мұрасы осы. Мен әкемді мақтамаймын, әкеммен мақтанамын. Жас шағында тағдырдың төлкегіне түскен, қиындықты қайыспай көтерген өмірге құштар жанның ғұмыры ерлік пен батылдықтан тұрады. Осының өзі-ақ ұрпаққа тәлім-тәрбие береді.

Ол кісі нағыз бақытты адам. Сол бақытты өзі жасады. Баладай мәпелеп сыйлаған, оқу оқытқан жұмыс істеткен Қанипа шешем қандай ер еді. Бес бала, сегіз немере сүйді. Мұрасы болар, жолын қуған ұл-қыздары бар. Атын аузынан тастамайтын шәкірттер қаншама! «Асыл адам айнымас» деген. Ардақты әке асыл азамат, ұлағатты ұстаз бейнесі жылдар өткен сайын жарқырай беретініне сенемін” (Г. Құмашқызының естелігінен)

“Құмаш Нұрғалиев: “Бақыт дегеніміз, менің жалғыз болмай, ұлтына қарамай, қайырымды адамдардың арасында болуы. Ал мұның өзі біздің елімізге өте жақсы. Барлық ұлт өкілдері шын туысқан сияқты адамдар мен халықтардың бір-біріне тек қолын ғана емес, жүректерін де ұсынса екен. Сонда бұл дүниеде бақытты адамдар тіпті көбейер еді” (Қ. Нұрғалиев).

“...Мен Құмашпен 30-жылдардың аяғында Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданындағы Шыңғыстай орта мектебінде бірер жыл бірге оқыдым. Оның нұрлы көздерінен үнемі бір өткір ұшқын мен жалынды, бойынан қайсарлық пен қажырлылықты, әрбір сөз саптасынан ақыл-парасатты айқын аңғарып отырушы едім. Мен де соғыстан бір аяғымнан айырылып келгенмін. Қиын да қысылшаң күндердің талайын бастан кешірдім, шаршаған да, қажыған да кезім көп. Сондай сәтте Құмашты көрсем, өзімнен өзім сергіп, бекіп шыға келуші едім. Өйткені ол санасы бар адамның бәріне де өмір үшін күрестің жанды үлгісіндей болып көрінуші еді. Оның алдында шаршағаныңды, қажығаныңды сездіру барып тұрған дәрменсіздік, рухсыздық болатын. Тіпті күнө, күпіршілік те еді” (Б. Кітапбаев).

“Мұғалімдер мен оқушыларға деген қамқорлығы адам түсінерлік.

- Мен ол кісінің қол астында екі мәрте қызмет атқардым. Екі жолы да Ленин атындағы Боран орта мектебінің оқу ісін басқардым. Ол кісіден үйрене білгенге өнеге көп. Біріншіден, қызметіне деген жауапкершілігі жоғары дәрежеде. Жұмысқа берілген кісі. Кейде түскі тамаққа да үйге қайтпайды. Мектепте болады. Мен де ол кісінің қасынан ұзап кете алмайтын едім, тіпті кешінде де бірталай бөгеліп, тың мәселелер талқылап шешетінбіз. Екіншіден, қол астындағы үлкен-кішіні ізденіске үйретеді. Үйреншікті дамусыз дағдыны жек көреді. Үшіншіден, терісі қалың, жұмысқа қатысты болмаса ренжуді білмейді. Рас, қатаалдығы бар. Ашуының қайтымы тез дей алмаймын. Төртіншіден, талап қоюды біліп, қамқорлықты ұмытатын ол кісі емес. Мұғалімдерге баспана алып беруге үй салса, жабдығын тауып беруге келгенде жүріс-тұрысқа да ерінбейді – елгезек. Бесіншіден, өз пәнін ғана жақсы білмейді, әр кез білімін көтеруге құлшынғыш. Орыс тілін оңды біледі. Ана тілін ардақтауға шақырады. Алтыншыдан, эстетикалық талғамы биік. Мектепте жаңа шеге қағылса да, өз көзімен көруге ынтық. Әр көріністің, әрбір жаңа экспонаттың тәрбиелік мәніне көңіл бөлгіш. Соны көрген өзге ұстаздар ойланбай-толғанбай, селсоқ қалмайды. Құмаш Нұрғалиевтің қол астында еңбек еткенім үшін тағдырыма ризамын, – деп түйеді сөзін Қалихан (Қ.Омаров)” (М. Шегендіков).

*Рафиқа Нұртазина,
Еңбек Ері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі,
педагогика ғылымының кандидаты естелігінен*

“Жалпы еліміз тап болған қиындықтар мұғалімдердің де басында бар. Бірақ оқыту саласындағы мамандар бұған мойын имей, сапалы білім, саналы тәрбие жұмыстарын табандылықпен атқаруда.

“Бұдан да жаман күнімізде тойға барғанбыз” дегендей, күні кеше де қиын кезеңдерден өттік. Сол қиындыққа мойымай жігерін тасқа жанып, ақыл-ой парасатын болашақ ұрпақ тәрбиесіне арнаған республикамыз тұрсын, көрші басқа елдерге де кеңінен танымал екі оқу-ағарту ісінің майталман маманын білемін. Олар – Әбдіхамит Сембаев пен Құмаш Нұрғалиев.

Ә. Сембаев – қарапайым мұғалімнен министрге дейін көтерілген ардақты азамат. Ал Қ.Нұрғалиев соғыстың от-жалынынан аман өтіп, қазақ мектебінің мәртебесін арттырған білгір де білікті ұйымдастырушы ұстаз еді. Күні бүгін қос арысты бүкіл еліміз, оның ішінде ұстаздар мен тәрбиешілер мақтаныш етеді.

Халыққа білім беру ісінің басында тұрған ұлағатты осы екі ұстаз атындағы арнайы сыйлық тағайындайтын уақыт жеткен сияқты. Бұл ұсынысты республика ағарту саласы еңбеккерлерге тегіс қолдайды деп ойлаймын.

Қазақстан мектебі, 3/96”

“1983 жылғы “Учительская газетаға”, “Растим детей для счастья” деген мақаласында:

“Көп жылдар бойы сабақ басталардан ерте келіп, балаларды қарсы алу - менің ежелгі әдетім. Олар менің қасымнан біреулері жымып күле, біреулері сәлем беріп өтіп жатады. Олардың көздеріне қарап, сәлем беріп тұрамын. Бұл тез өтетін минуттар мен үшін өте қажетті, өте керекті уақыт, себебі мектепте істеген жылдарда әдетке сіңген” – деуші еді Құмаш Нұрғалиұлы”.

“...Ұлағатты ұстаз, сонау сұрапыл соғыста Отан үшін отқа түсіп, тағдыр тауқыметінің қиыншылығын көтеріп, жеңе білген жігерлі жан, бейбіт өмірде ең ізгі мамандық – жасөспірімдерді коммунистік қоғамға лайық тәрбиелеуші, ардақты ұстаз Құмаш Нұрғалиевтың тындырған еңбегі әрдайым жоғары бағаланып келеді. Жауынгерлік орден-медалдардың қатарына Ленин, Қызыл Ту ордендері қосылады. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, енді, міне СССР Жоғарғы Советі Президиумының жуықтағы Указы бойынша Құмаш Нұрғалиевқа «СССР Халық мұғалімі» деген жоғары атақ беріліп отыр”
(М.Әбуғалиев)

“Айта берсек, қайғы-қасіретті де, қуаныш-сүйінішті де бірдей басынан кешірген қайшылықты тағдыр жөнінде әңгіме көп. Ұлағатты ұстаздықты ардақтап өткенін бір әулеттен он мұғалімнің шыққанынан-ақ аңғаруға болады. Бес баласының төртеуі, үш келіні мұғалім екен” (У.Тоқпатаев)

Оқушылардың санасына ерекше әсер етіп, елін-жерін, әдет-ғұрпын құрметтейтін жаны таза, адамгершілігі мол азаматтарды қалыптастыруда ұлтжандылыққа тәрбиелеуде Боран мектебінде жүргізілген игі істердің қай-қайсысы болмасын бүгінде өз құндылығымен көрініп, дами түсуде.

Өз өмірінде ол 1968, 1978 жылдары Бүкілодақтық Мәскеуде өткен мұғалімдер съезіне, Алматыда өткен республикалық IV, V, VI мұғалімдер съезіне қатысып, сөз сөйлеп ұстаздармен пікір алды.

Құмаш Нұрғалиұлы – көптеген республикалық және бүкілодақтық педагогикалық форумдарға қатысушы.

1953 – Қазақстан мұғалімдерінің съезі, Алматы

1962 – Қазақстан мұғалімдерінің Республикалық слеті

1968 – Бүкілодақтық мұғалімдер съезі

1984 – Қазақ ССР жастары ізбасарларының слеті

1985 – Алматыда өткен Қазақстан мұғалімдерінің III съезі.

1987 – Алматыда өткен Қазақстан мұғалімдерінің VI съезі.

Құмаш Нұрғалиевич – участник многих всесоюзных и республиканских педагогических форумов, он избирался делегатом двух Всесоюзных съездов учителей и трех республиканских съездов учителей Казахстана:

1953 – Съезд учителей Казахстана, Алма-Ата

1962 – Республиканский слет учителей Казахстана

1968 – Всесоюзный съезд учителей, г.Москва

1975 – IV съезд учителей Казахстана

1978 – Всесоюзный съезд учителей, г.Москва

1978 – V съезд учителей Казахстана

1982 – Форум, посвященный 60-летию образования СССР, г.Москва

1984 – Слет наставников молодежи Казахской ССР

1987 – VI съезд учителей Казахстана



Құмаш Нұрғалиевич с участниками VI съезда учителей Казахстана



К.Н.Нургаалиев на съезде учителей Казахстана, г.Алма-Ата, 1953 г.





Слет учителей Восточно-Казахстанской области, г. Усть-Каменогорск, 1962 г.





На II Всесоюзном съезде учителей, г Москва, 1978 г.



Қырық жыл бойы ұстаз болған Құмаш Нұрғалиевтен төрт мыңнан астам түлек қанаттанып шығыпты. Солардың талайы бүгін өндіріс командирлері, коллектив жетекшілері, өздері тәлімгерлер. Ел-жұртқа басшы болып, үлгі-өнеге ұсынушылар. Өздері әке-шешелер, бала тәрбиелеуді де Нұрғалиев семьясынан үйренушілер.

Мектеп бітірушілердің жыл сайын 25-30 проценттейі Москва, Ленинград, Алматы, Өскемендегі жоғары оқу орындарының әр алуан факультеттеріне түсіп жатса, қалғаны яғни 70-75 проценттейі осы Боран селосындағы өндіріс салаларында еңбекке жұмылады.

Қ.Нұрғалиевтің педагогикалық қызметінің нәтижелілігінің айқын куәсі оның мектеп түлектерінің әлеуметтік мәртебесі болып табылады. Олардың ішінде:

- Социалистік Еңбек Ері Б.Керейбаев;
- ғылым докторлары: М.Дуанов, С.Кайгородов, Г.Нұрғалиева, К.Прокопов;
- ғылым кандидаттары: В.Кирянский, Т.Нұрғалиев, Т.Қыстаубаев, Р.Сармулдинов т.б.;
- мектеп директорлары: Боран мектебінің бұрынғы завучтары: А.Батаев, К.Омаров М.Раисов, М.Тұрғанбаев, Г.А.Поваляева, Т.Ф.Пузакова (Целовальникова) т.б.;
- еңбек сіңірген мұғалімдер және ағарту ісінің үздігі: Б.Алдажарова, Т.Нұрғалиев, М.Нұрғалиева, Т.Долгополова, Б.Мұстафина, А.Құрманбаев, К.Урпекова, Г.Отеева, М.Оразбекова, Ж.Шакирова, Н.Шакирова, Б.Садықова, Н.Садықова, Ш.Демеубаева, А.Копытина, М.Валитова, Н.Маяцкая-Шаповалова, Е.Алешина-Суторнина, Г.Нұржанова, Р.Смаилова, М.Дюсекенова, А.Демеубаева, А.Копытина т.б.;
- әкімшілік жетекшілері: К.Бидашев, Л.Землянская, Г.Поволяева, М.Дунгенов, А.Дюсекенов, А.Б.Тілеубергенов, Н.Кошкунчинов, А.Нұржанова, М.Нұрғалиев, Л.Фоминых, Н.Танарықова, В.Рыбалко, А.Мұхамеджанова, С.Саутпаев, В.Шмелев, В.Бородин т.б.;
- мәдениет қайраткерлері, режиссерлар: М.Сақатов, Г.Сейітханова, С.Жаламанова т.б.;
- инженерлер: К.Арнапасов, М.Нұржанов, А.Крюкович, Н.Долгополова, М.Сармулдинова, Ф.Сармулдинова, Н.Тұранов, Т.Унтабаев, А.Швец т.б.;
- юристер: А.Кирбетов, Х.Ыбраев, Н.Сабатаев, Г.Танарықова, Г.Бабышева т.б.;
- офицерлер: М.Дюсенбаев, Б.Танарықов, А.Қыстаубаев, А.Рыспаев, М.Оразбеков, М.Нұрғалиев, А.Доспаев, К.Тұсаубаев т.б.;
- ұшқыштар: Ю.Погожев, С.Исин, А.Базбиев, Б.Нұржанов т.б.

Оқушылардың ішінде малшылар да, ғалымдар да, комбайнерлер де, офицерлер де бар. Басқалары болса, институт, техникум бітірген соң дипломдарын алып, маман ретінде туған ауылына оралды. Біреулері болса, Қазақстаннан көшіп кетті, кейбірі ауылда, ауданда, жұмыс істеп жатыр. Әр мектептің аты түлектерінің жақсы істерімен шығады.

Олар өздерінің ұстаздарының ісі мен дәстүрін жалғастырып жатыр. Осы мектептің түлектері мектептің ғана атын шығарып қоймай, сонымен қатар бүкіл ауданның атын шығарғанын біз мақтан тұтамыз.

1988 жылы бітірген түлектер өте қуантты. Мектепті 16 адам бітіріп, оның 14 жоғары оқу орындарына түсті. Оның ішінде Абиева Лена Қабыкенқызы – Боран мектебінде жұмыс істейді. Есенбаев Ерік – Алматы институтының, қолданбалы математика факультетін өте жақсыға бітірді. Кеншінбаев Бауыржан – Москваның мұнайтехникалық институтын бітіріп, сонда жұмыс істеуге қалды. Тұрғанбаев Ержан – Алматы педагогикалық институтын бітіріп, суретші болып істейді. Тұрарова Гүлмира Қажықызы – математика мұғалімі, Өскемен қаласындағы № 10 мектепте завуч.



Құмаш Нұрғалиұлы туралы естеліктер сыр шертеді

Ардақты ұстаз Құмаш Нұрғалиұлы әрқашан шәкірттерімен, замандастарымен, халқымен бірге.

Қандай зор табысқа қол жеткізсе де асып-таспады, бірқалыпты қоңырқай тірлік кешті. Мақтап-марапаттауға бой алдырып тасыған жоқ. Қайсыбір шолақ ойлайтындар болмашы марапаттаудың өзіне күмпиіп, маңайына жан жуытпай кісімсіп қалады.

Қүмекен мұндай жат қылықтан іргесін аулақ салған, жастайынан арын, жанын таза сақтауға дағдыланған, өмірде кездесетін қиындықтарға мойымай қарсы тұра білген, тұла бойы тұнған өнеге болатын. Ол өмірден асыл қалпын, тұғырлы бейнесін кір шалдырмай сақтап өтті. Мектеп, шәкірт дегенде ішкен асын жерге қойды. Ұрпақ тәрбиесіне атсалысуды ғұмырының басты мәні деп білді. Жастарды жанындай жақсы көріп, бойындағы қасиеттерін солардың келешегіне бағыштады. Бұл тұрғыда оның қиындық көрген сәттері аз болған жоқ. Ол қандай жағдайда да ұстаздық адами қалпын сақтап қала алды. Ұжымның, әріптестерінің, барша қауымның жүрегіне жол тапты. Ішімдікке берілген, жаман жолға түскен, азып-тозған көптеген адамның тағдырына араша түсіп, жазықсыз жапа шеккендерге ағалық қамқорлық көрсеткен қайырымдылығы туралы естеліктер ел арасында жиі айтылады. Қүмекен қияндағы ауылдағы жастарды оқытумен қатар, бос уақыттарын басқа өткіздірмес үшін көркем өнерпаздар қатарын көбейтуге көңіл бөлді. Ауылдағы әнші, күйші, айтыскер таланттардың басын қосып, концерттер қоюға ұйытқы болды. Өзі басқаратын мектеп ұжымына жер-жерден талантты мұғалімдер шақырып, оларды тәрбие барысында шебер пайдаланды. Құмаш аға бұл қағидатқа сай ұстаз еді. Оның ұйтқы болуымен ауыл өнерпаздары ата-аналар алдында, көршілес елді мекендерде аудан орталықтарында өнер көрсетіп, таланттарын ұштады. Мектепте музыка аспаптары, сахнаға қажетті киім-кешек, қолайлы орын жеткілікті болатын. Қүмекен ұлттық айтыс өнерінің дамуына ден қойып, айтыскер ақындардың жекпе-жегін, шешендік, айтқыштық өнердің мектеп қабырғасында қалыптасуын жан-тәнімен қолдады. Оның тәрбиелік тағылымына ерекше мән берді. Ұлы Шоқанның айтқыштық өнердің тамаша көрінісі өнер сайысы үстінде, айтысқа түскен шақтарда, белгілі бір ақындардың өзара білім таластыруы, тапқырлықтары мен шешендіктерін ортаға салуы тұсында айқын аңғарылатынына көңіл бөлгенін, ақындар айтысының үлкен өнер екенін жоғары бағалай келіп, Орынбай, Шөже, Жанақ, Түбек... айтыстарына ерекше тоқталғанын оқушылардың санасына дарытты. Атақты Біржан мен Сара айтысын жіліктеп түсіндірді. Кеңестік дәуірдегі айтыскер ақындардың есімдерімен таныстырды. Мектеп жанынан туған өлкесін таныстыратын мұражай ашты.

Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиевтың ұстаздық өнегесі, тәрбиелік тағылымы, өмірге құштарлығы, адамды жатырқамайтын мінезділігі, қайсарлығы мен ізденгіштігі, шәкірт алдындағы беделі, Отанға сіңірген еңбегі, қайраткерлігі мен ұлт жандылығы, бауырмалдығы мен іскерлігі жайлы түрлі ұлт өкілдері, әр түрлі мамандық иелері жазған естеліктер жүрек толқытпай қоймайды. Бұл естелік-хаттардың біразы кітапта берілген. Оны оқыған кезде Құмаш ағаның адамға деген сүйіспеншілігін, жүрек лүпілін өздеріңіз пайымдайсыздар. Сонымен қатар, ұлылыққа деген қадір-құрметті саралай, сараптай аласыздар. Олар Қазақстанның, бұрынғы Кеңес Одағының түкпір-түкпірілерінен жазылған жадынама дерлік құндылыққа толы. Бұларда ұстаздың жарқын бейнесі асқақтай түскен.

Н. Қанафияұлы



*Дүйсембаева Бақтыкамал Алдажарқызы
естелігінен*

“Мен Зайсан ауданына қарасты Қорған ауылында дүниеге келіппін.

9-шы сыныпты Дайыр селосындағы Николай Васильевич Гоголь атындағы орта мектепте оқыдым. 1961 жылы жанұямыз Боран ауылынан көшуіне байланысты 10-шы сыныпты Боран орта мектебінде оқып, күміс медальға бітірдім.

Боран мектебіне келген алғашқы күннен бастап, көзіме бірден түскен нәрсе, ол оқушылардың қоғамдық жұмысқа деген белсенділігі, оқуға деген ынталары, өте тамаша жолға қойылған көркемөнер үйірмесінің жұмысы. Апта сайын өткізілетін пән кештерінің қонағы директорымыз Құмаш аға.

Мектептің іші де, сырты да тап - таза, тап-тұйнақтай. Ол кезде мектепті бітіретін оныншы сынып екеу, бірі орыс, бірі қазақ сыныптары.

Менің ұстаз болып қалыптасуыма, ұстаздық мамандықты тандауыма себеп болған адам-Құмаш аға еді.

1963 жылы Өскемен педагогикалық институтының жаратылыстану факультетінің химия-биология бөліміне сырттай оқуға түсіп, 1968 жылы аяқтап шықтым. Сырттай оқи жүре мектептің ішкі жұмыстарына көп араласып жүрдім, алғашында пионержетекшісі, кейіннен директордың сыныптан тыс жұмыстары жөніндегі орынбасары, оқу ісінің меңгерушісі болып, көптеген жылдар бойы Құмаш ағаның тәрбиесін көріп өстім.

Алғашында ешқандай жұмыстан хабары жоқ мені өте көп нәрсені білуге, уақытты жоспарлап, әрбір жұмыстың өз уақытында орындалып отыруына, тапсырылған жұмыстың дұрыс орындалуын қадағалап, үйретіп отыратын.

Біз ол кісінің ғаламат шыдамдылығына, қажыр-қайратына таң қалушы едік. Мектеп – ол кісінің барлық өмірі, тынысы болатын. Сағат 8 болмай келіп, кейде түскі асын мектептен ішіп, жұмыста 14-15 сағат бойы болатын.

Құмаш ағамен 26 жыл қызметтес болғанда бір мезгіл жайдан-жай қарап отырғанын көрмейппін. Үнемі ізденіс үстінде, үнемі жаңалық жаршысы газет-журналдарды ақтарып, керекті жерлерін жазып алып отырушы еді. Сол кездегі педагогикалық басылымдар: “Народное образование”, “Советская педагогика”, “Учительская газета” және “Правда”, “Известия” газеттері ол кісінің күнделікті бір нөмерін жібермей оқитын басылымдары еді. Атақты “Липецк методы”, “Бабанский жаңалықтары”, “Кисловодск № 2 мектебінің тәрбие жұмысы” осындай жұмыстардың үлкен тізімін жасауға болар еді.

Жұмыста тиянақтылықты, ұқыптылықты өте бағалайтын. Кейде біздің кабинетімізге келіп, жұмыс орнымыздың дұрыс болуына қатты мән беретін. Ол кісі өзінің қысқа ғұмырында мектепке кадрларды қатты іріктеп, қолынан іс келетін, өз ісінің шын мәніндегі маманы болатын адамдарды жинақтайтын.

Қазір ойлап отырсам, соның бәрі біздің болашағымыз балалар үшін істелінген үлкен жүректің қамқорлығы екен ғой.

Көп жылғы еңбегім ескерусіз қалған жоқ. “Еңбекте үздік шыққаны үшін” медалі, “Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі”, “Еңбек ардагері” медалі мен көптеген мақтау қағаздарымен марапаттадым”.



*Боран орта мектебінің түлегі
Смаилова Роза Қапасқызының
естелігінен*

“Халық Мұғалімі, соғыс ардагері Құмаш Нұрғалиев есімін тек мұғалімдер қауымы ғана емес, бүкіл еліміз жақсы біледі десем, артық айтпаған болармын. Мұндай абзал жандар қаншама! Олардың өнерлі де романтикалық еңбегі тыңдаушысын тамсандыратын ғажайып симфония деуге болады.

Ол кісінің бойында аса бағалайтын қасиеттер мол болған. Атап айтқанда, талапшылық пен іскерлік және қабылданған шешімнің сөзсіз жүзеге асуы ол кісі үшін қашанда әрі заңдылық, әрі парыз болған. Сондай-ақ жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен, еңбек сүйгіштігімен, өзіне де, қарамағындағыларға да талап қойғыштығымен ерекшеленді.

Ол кісі үлкен қамқоршы еді Өмір жолында талай адамдарға қайырымдылық шуағын шашқан, кісілікті кішіліктен іздейтін кішіпейіл жан болған. Бір кездерде жоғары оқу орындарында істеп, әртүрлі себеппен жұмыссыз қалған, партиядан шығарылған қаншама азаматтың тағдырына араласып, өмірден қайта өз орнын табуына көмектескен. Сондай-ақ қандай да бір шешімін таппаған мәселелермен ол кісіге көмек сұрап басқа мекеме қызметкерлері, кейде басқа ауылдан да адамдар да келетін. Оларды жылы жүзбен қарсы алып, мұқият тыңдап, өз көмегін көрсететін. Ол кісі қатысқан әр мәселе үнемі оң шешімін табатын. Бірде, кеңшарда жұмыс істеген жас маман (мал шаруашылығында) өзіне іс қозғалғанда не істерін білмей түнделетіп көмек сұрай келеді. Құмаш Нұрғалиұлы дереу телефон шалып, жас маманның тәжірибесіздігін пайдаланған азаматтармен тілдеседі де, істің ақ-қарасын анықтайды. Өмір бойы әділдікті ту еткен ол кісі жас маманды ақтап алады. Бүгінде ел ағасы болған сол жігіт осы оқиғаны тебірене еске алып, тағдырдың осындай адамға кездестіргеніне ризашылығын үнемі айтып жүреді. Міне, адамгершілігі мол адамның жүрегі кең, мейірбан болады. Олардың ең үлкен қасиеті- өзгелердің қуанышына, жетістігіне қуана білетіндігі.

Құмаш Нұрғалиұлы барлық саналы ғұмырында жеткіншектер тәрбиелеумен бірге үлкен қоғамдық жұмыстарды да атқарды. Үздіксіз ширек ғасыр аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланды. Немқұрайдылық, селқостық, енжарлықтың бірде-бір нышаны ол кісінің тарапынан байқалған емес, керісінше құлшынған белсенділік, білек түре күреске араласу – ол кісіге тән мінез осындай. Пленум, конференцияларда өз пікірін, кемшіліктерді ашық айтатын, сөз бен істің алшақтығын әшкерелейтін. Расында да: шындық сөз- күштің өзі, істің көзі. Сол кеңес заманында коммунистердің әр іс- әрекеті бюро, пленумда қаралатын. Бір мысал келтірейін- өз көзіммен көрдім, өз құлағыммен естідім. Бюро мүшесі болған бір азамат моральдық талаптарға жат қылық жасады деп пленум талқысына түсті. Пленум мүшелері ойланбастан, бірауыздан партиядан шығару туралы шешім қабылдамақ болғанда Құмаш Нұрғалиұлы сөз алды. Аталған азаматтың еңбегін, адамгершілік қасиеттерін айта келіп, адам тағдырына немқұрайды қарап, оның бір рет шалыс басқан ізін аңдып отырғандардың аты-жөнін атамай тұрып-ақ, әркім осы айтып тұрғаны мен ғой деп ойлайтындай етіп қатты сынады. Сөзінің соңын қалжыңға айналдырып: “Бірде-бір рет жігітшілік жасамадым дегендерің маған қараңдаршы”, – деді, (залда көпшілігі ерлер болатын). Осыдан кейін тыныштық орнап, ешкім басын көтере алмады. Осылай жалғыз өзі басым көпшілікке қарсы шығып, аталған азамат партиядан қалды. Сөйтіп, сүйсіне, тандана, мақтан тұтып, бас иіп тұрып айтарым осы бір ыстық жалынға толған сөз “Рухың бізді қолдасын, абзал азамат, сіздің өмір – үлгі тұтар ұлағат!”

Әсия Әкірамызы Әкірамова естелігінен

“1929 жылы Зайсан қаласында дүниеге келдім. 1945 жылы Зайсан педагогикалық училищесіне түсіп оқып, 1947 жылы ойдағыдай аяқтадым.

Алғаш мамандығым бастауыш сынып мұғалімі. 1947 жылы жолдама бойынша Марқакөл ауданы, Жаңа-ауыл В.И. Ленин атындағы орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып орналастым.

Жаңа-ауылда ұстаздық қызмет істеген жылдары тұрмыс құрдым. Жолдасым Зәкеш Ленин атындағы колхозда есепші болып қызмет атқарды. Ол кезде Жаңа-ауыл Шегір селолық советіне жатушы еді. 1960 жылы жолдасым Зәкештің қызмет бабына байланысты Боран аулына көшіп келдік. Ең алғаш Құмаш ағаны көргенде бұл кісінің қажыр-қайратына, жігеріне, еңбеккерлігіне тәнті болған едім.

Бұрын біз Жаңа-ауылда тұрғанда Құмаш аға бірнеше рет үйге келіп, дастарханнан дәм татқан еді. Боранға ауысар кезде Садық Түкібайұлы Құмаш Нұрғалиұлымен сөйлесіп, менің қызметіме деген ынта-ықыласымның жоғары екенін айтып, маған бастауыш сыныптан орын беруін сұраған екен. Біз Жаңа-ауылдан көшкен кезде бүкіл мұғалімдер коллективі болып қошеметпен шығарып салды. Боранға келгеннен кейін 3-ші сыныпқа сабақ бердім. Құмаш ағаның өзі ертіп келіп, орынбасарларымен, сынып оқушыларымен таныстырды.

Сөйтіп, Боран мектебіндегі еңбек жолым басталды. Ол кезде Құмаш ағаның жас кезі еді. Көп сабақтарға қатысып, әр сабақты егжей-тегжейіне дейін жеткізіп талдап, кемшілік, жетістіктердің бетін ашып беретін. Ол кісіге тіл сабақтарым ұнағандықтан, методикалық кеңестерде жас ұстаздарға мені үлгі етіп, сабақтарыма қатысуға кеңес беретін. Мектепте ол кезде мерекелер, сенбіліктер жиі-жиі өткізілуші еді. Соның бәріне ұйытқы болып, коллективтің басын қосып, ұжымның біртұтас болуына жағдай жасап отыратын Құмаш аға. Мен Қанипа Әйкенқызымен көп жылдар бойы дәмдес болып араласып, сыйласып жүретінмін. Қанипа Құмаш ағаның ең жақын жолдасы, серігі ғана емес, ақылына ақыл қосар ақылшысы да еді. Қанипадай сабаз, ақылды әйелдер өмірде сирек кездеседі. Құмаш ағаны тек жақсы жағынан көрсетіп қана қоймай, өзі де ұстаз болғандықтан бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлуші еді.

1972 жылы мектепке аудандық оқу бөлімінің бастығы Бөгенов Қабділәшім марқұм келіп, менің 25 жылдық еңбегіме баға беріп құрмет қағазын, “Еңбек ардагері” медалін тапсырды. Ол кісі менің ең алғашқы шәкіртімнің бірі болатын.

Мектебіміз бүкіл аудан ғана емес, республикаға танымал мектеп болғандықтан, қазіргі ұстаздар ұжымына табыс тілеймін”.

*Мұстафина Бағди Мұстафақызы
естелігінен*



“Мен жеті жылдық мектепті Құмаш аға өзі салдырып, өзі директор болған Сарымөңкеде бітіріп, 9-11 сыныптарды Боран орта мектебінде аяқтадым. Ол кезде Құмаш аға осы мектепте директор болатын, бізге тарих және қоғамтану пәндерінен сабақ беретін. Аудан орталығынан шалғайдағы шағын мектептен келген маған Боран мектебі үлкен бір шаһардай әсер етті. Мектепті ойдағыдай бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының тарих-педагогика факультетіне оқуға түстім.

Менің мұғалімдік мамандықты таңдауыма Құмаш аға мен тәрбиешіміз Қанипа апайдың ақыл-кеңестері демеу болды. Мен сүйікті мектебіме тарих пәні мұғалімі болып қайта оралдым.

Құмаш Нұрғалиұлы нағыз ұстаз, шебер ұйымдастырушы еді. Шәкірт бойындағы тума талантын, икемділігін, асқар арманын алдынала біліп, соған сай дұрыс бағытта бағдарлай білуіне байланысты екенін жақсы түсінетін. Өріптестеріне де талапты осы тұрғыдан қоятын. “Оқушыға тек қана программалық білім беру жеткіліксіз, сонымен қатар олар мектеп бітіріп шыққанда белгілі мамандық иесі болып, болашағына нық сенімін қалыптастыру қажет”. Бұл оның өзара пікірлесуде үнемі айтар сөзі еді.

“Адам күйін шертер тамаша кәсіп – мұғалімдік өнер де, өз жанының тұнығы да, солардың бойында ер жетіп бара жатқан секілденеді” – деп, толғанатын Құмаш аға өзінің тәрбие-тәлім берген шәкірттеріне сүйсіне қарап, жүзі нұр жайнап, шын жүректен күлімсірейтін.

Қай қашанда болмасын, адамның жақсы қасиетіне сүйсініп, мадақтауында да, жаман қылығына күйініп, мазалануында да, оның адамды ардақтау, адамға сену сезімі өзіне еріксіз назар аударататын.

Мен Құмаш ағаны шәкірті ретінде де, қызметтес өріптесі ретінде де өз өміріме баға беріп, бағдар сілтеген ақылшы ұстазым деп білемін. Бойымдағы кішкентай болсын адамгершілік қасиетім үшін Құмаш ағаға қарыздармын.

Мен мұғалім бола жүріп көп үйрендім, біліміме білім қосып үнемі өсу жолында болдым. Өрбір жеткен жетістігім үшін Құмаш аға аруағына бас иемін. Ол кісіні шәкірт кезімнен бастап-ақ қатты жақсы көрдім. Қажымас қайратына қашанда таң қалатынымын”.



Оразбекова Майшекер Мошатқызы Алматы қаласы № 162 орта мектебі Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, “Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері” естелігінен

“Бүгінгідей әлі есімде сол бір жылдар
Көз алдымда елес берер сол бір жандар...

Балалық шағымыздың куәсі, ұстаздық өмірімнің тұңғыш бастауы болған Қазақстанның шығысында орналасқан Боран ауылындағы, бүгінде “Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиев” атындағы үш қабатты зәулім ғимарат, алтын ұя мектебім, көз алдыма келеді.

Мектеп десем, мектебіміздің директоры Құмаш аға есімі еске оралады.

Иә, ол кісінің жұмысқа деген құлшынысы, талапшылығы, іскерлігі, кадр таңдай білуі, өз мектеп түлектерін жоғары оқу орнын бітірген соң, алтын ұясына шақыртып алуы (менде сондай шәкірттің бірі едім), мектеп, кабинет жабдықтаудағы талғампаздығы, жаңашылдығы – өзі басқарған мектебіне деген жанашырлығының, еліне, Отанына деген шынайы берілгендігінің, еңбектегі адал үлесінің белгісі еді.

Әкем Мошат Құмаш ағамен түйдей құрдас. Екеуі де-еліміздің жоғары наградасы болған “Ленин орденін” бір күнде алған замандас ұстаздар.

Әкем қайтыс болған кез еді...

Бір күні директорымыз Құмаш аға мені шақыртып алып:

– Қарағым, Майшекер, әкем өлді деме, әкең өлген жоқ, әкеңді көрген біз бармыз. Жасқанбай әкеңмен ақылдасатын шаруаларыңды менімен ақылдас, сен үшін есігім әрқашан да ашық, басыңды тік ұста! – деген әкелік сөздері менің жадымда мәңгі қалып қойды, бүгінгідей көз алдымда... Қандай жомарт жүрек десеңізші!

“... Әкеңді көрген өлмесін” деген осы екен де. Келісті ажарындағы соғыс қалдырған сұс пен жан дүниесіндегі мейірім шуақ жұптаса келіп, үлкен патриоттық рух ұялаған ұлы жүректің сирек те ерекше болмысы, адам көңілін сергітіп жіберер, өмірге құлшындырар осы бір қасиеті, ұлыларда кездесетін ұлылықтың белгісі Құмаш ағада ғана жатқан болар деп білемін.

Құмаш ағаның осындай адал да, арынды еңбегі әрбір шәкіртке, әрбір қол астында еңбек еткен ұстазға жарық жұлдыздай анық жол екені ауылға барғанда, мектепке кіре берісте “Боранның оқушылары Москваның оқушыларынан еш кем емес” деген мағынасы терең сөз жолдары келер ұрпаққа үлгі болар ұлы сөз екендігін байқатады. Білікті ұстазды қадірлей білген, шын мәніндегі еңбек адамының нағыз еңбегін байқай да, бағалай білген Құмаш ағаны “болмасаң да ұқсап бақ” деп, кейінгі қауымға үлгі етпекпін.

Міне, Құмаш ағадан әлі де тәлім аларлық, іс жүзінде пайдалана білерлік игі істер көп-ақ.

Адамды билейтін де, илейтін де орта болатыны сияқты осындай ұстаз алдын көріп, осындай мектеп басшысы алдында еңбек етіп, үлгі-тәрбие алғанымға ризалығымды білдіре отырып, бойымда ізгілік пен іскерліктің ізі болатын болса, ол-осы Құмаш аға үлгісі деп білемін”.

Қалимаш Асқабылқызы естелігінен



“...Мен Құмаш Нұрғалиевтің шәкіртімін, ол кісі менің ұстазым. Мен сол әйгілі Боран мектебінің, яғни бұл күнде Қ.Нұрғалиев атындағы мектептің түлегімін.

Кейіннен сол мектепте (1980-87) ұстаздық қызмет атқардым. “Ұстаздардың ұстазы” атанған Құмаш Нұрғалиұлының мектебінде жұмыс істеу менің қиын да, қызығы да мол ұстаздық еңбегімнің, оқушылық өмірімнің еншісіне тиген бір өзіндік ерекшелігі бар атаулы жылдар деп ойлаймын.

Құмаш Нұрғалиев өте мәдениетті, әділ, бетке тура айтатын, орысша – қазақша сөзге шешен, мейірімділігі мен қайырымдылығы және бар, биязы, білімдар, керек жерінде сұсты да болушы еді. Өткір қара көзінен өжеттілік пен еңбекқорлығы көрініп тұрушы еді, сондықтан да шығар бүкіл мектепті Рига мен Латвияның мебельдерімен, құрал-жабдықтарымен қамтамасыз еткені, жалпы мектебін елге танымал етіп мәртебесін көтергені. Бұл айтқанға ғана жеңіл, ал іс жүзінде іске асыру дегеніңіз – бұл керемет қуатты күш, мұны мен айтып жеткізе алмаймын.

Мен осы мектепке ұстаз ретінде жұмысқа келгенімде бұл мектеп республикаға танымал “шарықтап” тұрған кезі еді. Рас, менде қобалжу, жүрексіну атақты директор Құмаш Нұрғалиевпен жұмыс істеу қорқыныш туғызды.

Мен бұл кісінің кезіндегі шәкіртіне деген ұстаздық қамқорлығын, қарапайымдылығын, мәдениетілігін елге келген азаматқа деген ілтипатын (менің жолдасым Слямов Бөкейхан Боран кеңшарына директор болып ауысып келген) көрдім. Содан біз дәмдес болдық, араластық. Екі баламыз сол қасиетті шаңырақ Боран мектебінен бітіріп, білім алғанына мақтан етеміз.

Енді өз отбасында Құмаш Нұрғалиев қандай адам? – деп менен талай адамдар сұрады, басқа мектептерде істеп жүрген кездерімде. Біздерді жас деген жоқ, баяғыдағы осы мектептің көп түлектерінің бірі деген жоқ, әр мереке, жиындарда, әртүрлі отбасылық қуаныштарына ортақтастырып, шақырып отыратын қайран ардагер аға, үлгілі ұстазым! Осындай бас қосуларда ол кісі өте қарапайым, әңгімешіл, көпшіл, көңілі бос, кейде соғыс зардаптарынан сыр шерткенде көзіне жас алғанын әлденеше рет көрдім, оның үстіне ақынжанды адам еді”.



*Боран орта мектебінің түлегі Танарықова
Гүлзига Нұрахметқызының естелігінен*

“Құмаш Нұрғалиұлы тұғыры биік тұлға, өте мәдениетті адам болатын, мінезі салмақты, жүзі ашық, кісіге тіктеп қарайды, сырттай қарағанда өте қатал адам сияқты. Ол кісі нағыз ұстаз, қайраткер, басшы, адам ретінде сыйлы болатын.

Қ.Нұрғалиев аса іскер, ой-өрісі кең, жан-жақты, білімді, ұстамды, ісіне тиянақты азамат, орта білім беру саласында өшпес із қалдырған, ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болатын абзал жан еді.

Құмаш Нұрғалиұлын мен тек ұстаз ретінде ғана емес, сүйікті, қамқор әке, ата, аға, туыс, жолдас ретінде де жақсы білемін. Менің әке-шешем Нұрғалиевтар жанұясымен қарым-қатынастары үзілмей араласып өтті. “Әкесі достың баласы дос”, – деп, қазақ тегін айтпаған болар. Менің бауырым Бақытбек Мақсатпен жақсы дос болды, мен Манирамен доспын, достығымыз осы уақытқа дейін үзілмей жалғасын табуда.

Менің есімде қалған тағы бір жағдай Құмаш Нұрғалиұлы өмірден өтер алдында Өскемен қаласындағы облыстық ауруханада емделіп жатқанында көңілін сұрап барғанымда, қандай қатты ауырып, қиналып отырса да білдірмей өртүрлі жағдайларды сұрап әңгімелескені. Бірнеше күннен соң операциядан кейін көзін мәңгілікке жұмғанда ғана, сондай қатты ауырып отырып, қиналғандығын сездірмей әңгімелесіп, кетерімде қолымды қысып қоштасқаны мені қатты толғандырды.

Қазір ойласам, қатты ауырып отырса да сездірмеуі бойындағы қайтпас қайсарлық, тайсалмас табандылық, бекіністей беріктік, қуатты рухының арқасында болуы керек.

Құмаш Нұрғалиевтің өмірі мен қызметін ой елегінен өткізсем, адам қабілеті мен іскерлігінің мүмкіндігі шексіз екендігіне тағы да куә боламын.

Құмаш ағаның жатқан жері жарық, иманы жолдас болсын деймін. Біз оқушылары тірі жүргенде ешқашанда ұмытпаймыз.

Әке-шешемнің, ұстаздарымның шыншыл, әділетті болу керек деп тәрбиелегенінің нәтижесі болар, мен заңгер мамандығын таңдадым. Елімізде заңдардың дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура органдарында: Тарбағатай, Зайсан аудандық, Шығыс Қазақстан облыстық прокуратурасында және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасында барлығы 26 жылдан астам қызмет істедім. Прокуратура органдарының зейнеткерімін. Менің кейбір әріптес достарым “миынан сүйегіне дейін прокурор” деп қалжындайды. Еңбегім бағалаусыз қалған жоқ, 1986 жылы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының жарлығымен “Ерең еңбегі үшін” медалімен марапатталдым. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы прокуратура органдарының құрылғанына 75 жыл толуы қарсаңында Қазақстан прокуратурасының тарихы туралы “Дәуір дауысы (Время испытаний)” атты шығарылған кітапқа менің еңбек жолым туралы мақала басылды. Қазірде еңбектен қол үзген жоқпын, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің заң факультетінде 4-5 курс студенттері кәсіби тәжірибе өткенде өзімнің тәжірибемді үйретіп, оқыту прокуроры, судьясы ретінде дәріс беремін”.

Құмаш Нұрғалиұлы - ұстаз

Адамзат тарихында ұстаздың алатын орны ерекше. Әлемде бірінші ұстаз Аристотель болса, екінші ұстаз әл-Фараби бабамыз. Бұлар ақыл-ой кемелдігі арқылы ғасырдан ғасырға ұрпақ сабақтастығын жалғастырып келе жатқан кемеңгер шамшырақтар. Әр халықтың, әр ұлттың өз ұстаздары, пір тұтар, өнеге, ғибрат алар дана көшбасшылары болады. Оларсыз ғаламдық өркениетке жету, іргелі ел қатарына қосылу, рухы берік, адал, иманды, қайсар, білімді, білікті ұрпақ өсіру сыпайылап айтқанда, қараңғылықта қарманумен бірдей. Ақылгөй ата-бабаларымыз жаман мен жақсыны, ізгілік пен зұлымдылықты, тойымсыз ашкөздік пен қанағатшылдықты бес саусақтай айыра білген. “Ұстазы жақсының ұстамы жақсы”, “Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға”, “Шәкіртіне қарап ұстазын таны”, “Ұрпақ жолы – ұстаздан”, деген ғибратты сөздер тегін айтылмаған. Ұстазды асқақтата дәріптеп, өнегелі істерінен тағылым алған, білімге білуге ұмтылған. Жеткіншектерді заман талабына сай тәрбиелеуде, жан-жақты жетілген, талант, дарынын таныта алатын ұрпақ өсіруде ерекше тер төккен ғұламалар қазақ тарихында аз емес. Кешегі Шоқан, Абай, Ыбырай, бергіректегі Әлекең, Ахаң, Жақаң, Жүсекең, Шөкәрім, Мағжан, Мұхаң, т.б. елдігіміздің іргетасының берік болуына өлшеусіз үлес қосқан, жастарымыздың болашағына нұрлы жол нұсқаған көріпкел, текті, асыл, біртуар тұлғалар.

Солардың ағартушылық бастамасына өзіндік үн қосқан, ұлы ұстаздардың ізбасары ретінде жұртшылыққа жақсы қырынан танылған аса ізденімпаз ұйымдастырушы, ұрпақ қамы дегенде ішкен асын жерге қойған, қазіргі заманға лайық мектеп қалыптастырған Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиевті мақтанышпен атай аламыз. Ағарту саласындағы Құмаш аға салған сара бағыт бүгінде одан әрі жалғасын табуда, жетілдіріле, толықтырыла түсуде. Ұрпақ қамы жолында күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылған, адами қасиеттерді, ізгілікті, имандылықты, парасаттылықты, білімпаздықты жастардың бойына сіңіруді, қоғамның білікті мамандарын дайындауды алдына басты мақсат етіп қойған Құмаш Нұрғалиұлы көкейіндегі ізгі арманын орындауда елеулі табысқа жетті. Ауыр еңбек, терең ой, талмай-ізденіс оны қанаттандырды. Бұл тұрғыда Құмекең түрлі тосқауыл мен кедергіні жарып өтті. Жан-төнімен ұстаздық тағылымын барша қауымға өнеге етіп ұсына алды. Ол сонысымен де ұлағатты, ұлы, жаңашыл.

Құмаш Нұрғалиұлы жастардың білімнен кенже қалмауын қалады. Шет елдердегі, сол кездегі Одақтас республикалардағы озық мектептердің тәжірибесін жинақтап, қорытындылап, олардың қажеттілерін өзі қалыптастырған Боран мектебінде шебер пайдалана білді. Қазақстандық мектептердің арасында Құмекең басқарған мектеп ұжымы бірінші болып озық технологияны, техникалық жаңа құрал-жабдықтарды, қашықтан оқытуды, телестудияны, білімді еңбекпен ұштастыруды, лингофон, пән кабинеттерін ашуды, әдістемелік тың тәсілдерді, компьютерлік жүйені күнделікті өмірге енгізді, қолданысқа түсірді. Мектеп ғимаратын, оның іші мен сыртын көргенде көз тартатындай етіп, өзі бас болып салдыртты, мұғалімдерді білім сапасына, оқушыларға деген ыстық ықыласына қарай іріктеп отырды. Ол жетекшілік еткен білім ордасы кешікпей алтын ұяға айналды.

Нәресте дүниеге келісімен тырбанады, талпынады. Дәмді айырады, иісті сезеді, түсті ажыратады. Әуелі өзін қоршаған кішкене әлемді көрсем, білсем, танысам, деп үнемі ізденіс үстінде болады. Ананың сүті, әженің әлдіі, әке сөзі, тәлім-тәрбие тағлымы оған әр нәрсенің

сырын ұқтырып, көкірек көзін ашады, құпия дүниенің түңілігі түріле береді. “Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі”. Ұя қаншалықты ізгілікті, мерейлі, көргенді болса, ұрпақ та соншалықты текті, зейінді, иманды болып өседі. Еліне пана болар ұл, аймағына ана атанар қыз отбасы, ошақ қасында, бала бақша мен мектепте қалыптасады. Өзін қоршаған ортаны аялап, күтуде, ұрпақтарын адамгершілікке, адалдыққа, кісілікке тәрбиелеуде, сірә көшпенділер алдына жан салмас. Ұлы дала ұлтымыздың даңқын шығарған небір торсық шеке, марқасқа ұлдарды, еліміздің мерейін өсірген небір асыл аруларды өмірге әкелген ғой. Текті халықтың текті ұрпағының сабақтастығы ешқашан үзілмейді. Ұстаздық ғибраттың алтын арқауы да үнемі жалғасын табады.

Қорқыт бабамыз айтыпты ғой: өмір дегенің – керуен, бір жерде қонса, ертеңіне көшіп кетеді, оның басы – қуаныш, аяғы – құрдым деп... Фараби: ерте заманда талантты, ірі ғұламалар көп болған, олар ғылымды дамытуды өздерінің алдына басты мақсат етіп қойған. Ақыл-парасаты мол, сезімтал ғалымдар дүниеге бірінің артынан бірі келіп, алдыңғылардың ісін үйреніп, оны әрі қарай жалғастырып, дамытып отырған деген. Әлбетте ұстаздық өнеге, ғылыми ізеніс, рухани болмыс адамзат ғұмырымен бірге жасасады. Әр қоғамның, әр дәуірдің, әр заманның өз ұстаздары болған. Олар бірін бірі пір тұтқан, келешектің тірегіне айналар ұрпақ өсіруге жан-тәнімен атсалысқан. Асырлар қойнауынан шымырлап шыққан бұл дәстүр кеңестік дәуірде Бейсенбай Кенжебаев, Нұрғалиұлы Құмаш сияқты өз-ағалардың бастамасымен өзінің өміршеңдігін танытты, жастардың қиялын самғатып, өмірге, білімге деген құштарлықтарын арттырды.

Парасатты ұстаз, ғұлама ғалым, профессор Бейсекең әулие адам еді. Ол талант таңдауда географияға қарамайтын. Ұлтымыздың өткен тарихына, әдебиетіне, жазба өнеріне талдау жасағанда, халқымыздың бойына тән қасиеттерді дөп басып, көріпкел тамыршыдай жіліктегенде, көшпенділер мәдениетіне барлау жасағанда алдына жан салмайтын. Асыл мұраларымызды, рухани қазынамызды зерттеу үшін дарынды шәкірттерді іздеп тауып, оларды қамқорлық қанатына алатын. Кезінде Абай, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларын қызғыштай қорғаған, ақкөз дойырлардың тырнағынан сақтап қалған, әділ бағасын берген, Мұхтар Әуезовтың Абай туралы эпопеясының жарық көруіне қол ұшын ұсынған айтулы оқымысты, Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде қырық жылдан астам уақыт дәріс оқыған, еңбек торысы атанған Бейсенбай аға қиыр шеттегі Боран орта мектебінде атқарылып жатқан ағарту ісіне, ондағы жаңашыл шараларға, ұжымның табыстарына, Құмаш Нұрғалиұлының басшылық, іскерлік, ұстаздық даралығына ырзашылық білдіретін. “Жақсы жақсыны сонадайдан таниды”, дегендей Бейсекеңнің дәріс үстінде Құмаш аға туралы айтқан ыстық лебізі жадымызда сақтаулы.

“Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл ауданының түлегі Құмаш Нұрғалиев ағаларың – жастардың жан-жақты білім алуына, көргенді ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз мол үлес қосып келе жатқан ұстаздардың ұстазы. Оқытушы болу, мектеп басқару әркімнің-ақ қолынан келер, ал ұстаз атану қиынның қиыны. Оның әр қадамы, әр сөзі, киім киісі, өзін ұстай білуі шәкірттерге ғибрат, үлгі. Екі аяқ, бір қолсыз он екі мүшесі түгел жандардан мың есе артық қызмет ету баршаға ой салатын ерлік, қайсарлық. Адам баласының құпия тылсым күшінің қайнары ғажап! Мен Құмаштың оқу-ағарту ісіне қосқан теңдессіз үлесін қаһармандық, ұлы ұстаздық дер едім”, – деп студенттерге ой сала сөйлеген. Марқакөл өңірінен өзара тұстас Құмаш Нұрғалиев, Бошай Кітапбаев сынды халық ұлдары шыққанына айтарлықтай мән берген.

“Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”, – дейді данышпан Абай. Осы үш қасиет ұстаз бойында болуы шарт. Онсыз шәкірттерді биікке самғату, білімді, білікті, қайырымды етіп тәрбиелеу біржақты болып шығады. Қисық, қыңыр бала да тәрбиенің жетімсіздігінен. Қайрат әркімде-ақ бар. Бірақ ол бүлдіруге ме, әлде жасампаздыққа қызмет етуге бағытталған ба? Мәселе сонда. Абай ыстық қайрат, яғни, адамға жақсылық әкелетін қайратты таңдап, қалап отыр. Ақыл да әркімде-ақ бар. Оның да қолданысы әр түрлі. Абай соның нұрлысын, шәкіртке, төңірегіндегілерге күн сәулесіндей шапағат шашатынын, тәлім-тәрбие беретінін, даналыққа толы ақылды қалаған. Жүрек те әр түрлі болады. Халық жек көрген адамын тасжүрек, сужүрек, жүрегі мүйіз боп кеткен қатыгез, қанішер, мейірімсіз деп сөгеді. Ал адамға нұрлы болашақ сиялатын, келешегіне дұрыс жол нұсқайтын, ғибратты ақыл-кеңес беретін, жастардың бойына адамгершілік, имандылық дәнін себетін, рухты көтеріп, мерейді тасытатын жүректі жылы, мейірбан жүректі деп әспеттейді. Құмаш Нұрғалиев Абай шарттарына сай ұстаз болды. “Адам шын ізгі адам болам десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін”. Бұл ұлы Мағжанның арман-тілегі. “Елінде жақсы жігіттің алыста даңқы зор болар” (*Шал ақын*). Нұрғалиевтің ағарту саласына сіңірген еңбегі, жаңашылдығы төрткүл дүниеге таралды.

“Менің жаным мектепте. Мен мұғалімдерсіз, оқушыларсыз өмір сүре алмаймын. Жасаған Ием маған ұрпақтарға білім ұрығын себуді, дән егуді әуел баста-ақ жазған болар. Күндіз-түні ойлайтыным, армандайтыным адал, әділ, Абай кеменгеріміз қалаған жылы жүректі шәкірттер баулу, өсіру, тәрбиелеу. Осы арманымды, алға қойған мақсатымды орындауда мен қандай қиындық кездессе де мойымай, қажымай, қасарыса ілгері ұмтылуға әр кез дайынмын. Өнегелі іс тындыруға қажыр-қайратым да, білімім де, тәжірибем де жетеді”, – дейді екен Құмаш аға. “Арпалысып жүріп алған абырой – өмірдің ең шырын рақаты” (*Б. Момышұлы*).

Жұрттың қамын көп ойла,

Уайым-қайғы жеп ойла.

Артта қалған сорлы жұрт

Алға бассын деп ойла.

Мағжан Жұмабаевтың талабын Құмаш аға санасында сақтады. Ахмет Байтұрсыновтың “Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс”, “Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп налымаса, онда өкпелеу жөн... Баланы балаша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы”; “Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді”, – деген өсиетнамасын білім саласындағылар ескеруі қажет.

Ал Мағжан Жұмабаевтың жазуынша: “Жас бала – жас бір шыбық. Жас күнінде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ”.

Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десен, сындырып аласың. “Баланы - жастан» деген сөздің мәнісі осы”, “Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес... Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығу деген сөз”, “Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектептің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қатысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт”.

Бала тәрбиелеудегі Шығыс даналығын ескерген, орыс педагогтарының тәжірибесіне сүйенген айтулы ұстаз Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиев мектеп, мұғалім, оқушы, ата-ана ұғымын бір-бірінен бөліп-жармай бірлікте қарады. Ұрпақтарға сапалы білім беру үшін мемлекет тарапынан қажетті қаржы бөлінуін талап етті. Қаржы неғұрлым көп бөлінсе, нағыз білімді оқытушы да, мектепке қажетті техникалық құрал-жабдықтар да, түрлі үйірмелердің нақты, жемісті жұмыс істеуі де, жастардың жан-жақты білім ашуы да толық шешімін табады. Ал оқу-ағарту саласын қаржыдан қысу діттеген арманыңды іске асыруға кедергі келтіреді. Бұдан мемлекет ұтылады. Білікті кадрсыз мемлекет - әлсіз мемлекет. Болашақтың тірегі – жастар. Жастарымыз білімді, білікті болмай мемлекетіміздің қуатты болуы екіталай. Сондықтан бар жағдайды ұрпақтарға жасауымыз керек, деген қағиданы ұстанды. Өзі бас болып, жастардың қамын бірінші орынға қойды. Ұрпақ тәрбиесіне бөлінген қаржы он есе артығымен қайтатына көз жеткізді.

“Менің бақытыма қарай, ойға алған іс-шараларымды орындауға халық силап, Димаш атандырған ірі мемлекет және қоғам қайраткері, академик Д.А.Қонаевтың қамқорлығы, мейірімді жүзі, адамға зор ілтипаты, рухани, материалдық жағынан қолдауы, кадрларды оқытып, тәрбиелеудегі, біліктігі мамандарды лауазымды орындарға тағайындаудағы асқан іскерлігі айтарлықтай шарапатын тигізді. Димекеннің оң қабақ танытуының арқасында аудан, облыс басшылары, министрліктегілер менің ұсыныс-тіректерімді жерге тастаған жоқ. Қайда іс-сапармен барам десем жол ашық болды. Соның нәтижесінде мектебімізге қажетті мұқтаждықтарымызды өзіміздің шешуімізге жағдай жасалды.

Мемлекет тарапынан көрсетілген көмекті біз тиімді пайдалана білдік, ерінген де, қажыған да жоқпыз. Енді өзіміз өсіріп, өндірген жемісіміздің игілігін қоғамымыз көрсе екен, деп тілеймін, – деген Құмаш аға бір отырыста, – Біздің мектептеріміз, ондағы мұғалімдер қауымы, талантты шәкірттеріміз Мәскеу, Ленинград, Киевтегі, Балтық бойындағы әріптестерімізден неге кейін қалуға тиіс. Олардағыдай қолайлы жағдай жасалса, біздің де тереземіз теңеліп, рухымыз көтеріледі. Біздің оқушылардың қабілеттігі олардағылардан бір де кем емес. Қайта тектілігі жағынан артықшылығы бар. Үлкенді силау, жеті атаға дейін қыз алыспау біздің ұлтқа тән қасиет”.

Құмаш ағаның бұл сөздері “Қазақтар жаратылысының өзінен-ақ қабілетті, дарынды және ғажайып сезімтал келеді... Сұлтандардың ерлік істері мен естеліктерін жырлайтын суырып салма ақындары олардың барлық руларында кездеседі. Қазақтардың батырлық эпосы мен аңыздары, ертегілері өте көп және олар өлең мен музыканы жақсы көреді”;

“қазақ ақындарының импровизаторлық өнері көшпелі елдің салт-тұрмысына байланысты ғасырлар бойы қалыптасқан ақындық дәстүр негізінде туып, дамыды...”; “Импровизаторлық өнері жағынан қазақ ақындары көшпелі араб ақындарынан бір де кем түспейді”, деп салыстыра баяндаған дана Шоқанның пікірлерімен үндес келеді. Құмаш Нұрғалиев аталар сөзін ақылдың көзі деп білді. Мектеп жанынан көркемөнерпаздар үйірмесін ашты. Онда халқымыздың бай ауыз әдебиеті үлгілерінен үзінділер оқылып, түрлі сахналық көріністер жұртшылыққа ұсынылды. Ертегілердің, эпос қаһармандарының, ғашықтық жырларының мазмұнымен таныстыру оқушылардың қиялына әсер етті.

Белгілі педагогтар ғасырдан ғасырға мұра болып, үзілмей келе жатқан сөз байлығының баға жетпес інжу-маржаны халық ертегілерінде сақталады, оның ғылымдық, тіл байытушылық маңызы өте зор деп біліп, ертегілерді өз тәжірибелерінде, тәрбиелік қызметтерінде шығармашылықпен пайдаланған. Мәселен, Сухомлинский өзі басқарған мектептің жанынан Ертегі бөлмесін ашып, бөлменің ішін ертегілердің басты кейіпкерлерінің қолдан салынған суреттерімен толтырған, сөйтіп, оқушыларға рухани ләззат беріп, қиялына қанат бітіретін ғажайып көріністі елестеткен, оған көбінесе, төменгі сынып оқушыларын қатыстырған.

В.А.Сухомлинский “Бала кезде – үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта - әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады”, деп көрсеткен. Ұлы Шоқан ертегілерді ұқыпты жинақтап, жинастырып, олардың қайсыбірін орыс тіліне аударған, өмір танытушылық маңызын жоғары бағалаған. Мұхтар Әуезов “Ертегілер” атты ғылыми монографиялық еңбек жазған. Құмаш Нұрғалиұлының осы игі дәстүрді жалғастырушы болғаны құштарлық.

“Біз жас ұрпақты тәрбиелеуде мынадай ұстанымдарды есте сақтауымыз қажет”, – дейтін Құмаш аға, – Атамекенін, Отанын, ұлтын, дінін, тілін көздің қарашығындай сақтап, оларды қорғау жолында зор сүйіспеншілік танытатын жеткіншіктер өсіру, дайындау бағытында ұстаздар қауымы аянбай ізденуге тиіс. Бала – бүкіл елдің жарқын болашағы, халықтың ататын таңы, шығатын күні. Ол өз ұлтының тілін, дәстүрін, тарихын жақсы білуге міндетті. Ұстаздар осы тұрғыда еңбектенуге борышты. “Өнегесіз өспек жоқ”, деп Мұхтар Әуезов тауып айтқан. Мен сол қағиданы барынша қолдаймын және бойымдағы бар білімді, тәжірибемді өз мүмкіндігіме қарай жұмсаудан ешқашан жалтармаймын”. Халық мұғалімі, көрнекті ұстаз, ірі тәрбиеші Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиев біртуар тұлға ретінде халықтың қадір-құрметіне бөленді, ұстаздардың ұстазы атанды. Ол салған сара жол үзілмек емес, әр кез жалғасын табады. Әл-Фараби бабамыз адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болғандықтан, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және соны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуі тиіс екенін біліп алуы қажет, деп талап қойған. Құмаш аға бұл шартты орындай алды және өзінің алдындағы ұлы ұстаздардың заңды ізбасарына айналды. “Халықтың кемелін келіп, өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім қажет”, деген Шоқан қағидасын пір тұтты; Абай айтқан кірпіш болып қаланды.





КСРО Халық Мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің
педагогикалық әулеті 2005 жылы
"Қазақстан Республикасының кәсіби әулеттерінің кітабына "
бірінші болып енді.

Құмекең мен Қанекең – үш ұл, екі қыз өсіріп, оларды білім негізімен сусындатқан, халқына қалаулы, еліне сыйлы азамат еткен бақытты ата-ана, бірін бірі - демеп, қолдап қолтықтап, өмірден өз үлестерін алған, Нұрғалиевтар әулетінің қабілет-қарымын қалың елге танымал еткен, уақыт талабын тамыршыдай жақсы сезінген көреген ұстаздар. Бір отбасынан оннан астам мұғалім шығу сирек құбылыс және қандай мұғалімдер дейсіз ғой. Бірінен-бірі асып түсетін, бірінің ұстанымын екіншісі толықтыратын кілең жасампаз жаңашылдар, жастардың бақытына жаралған көшбасшы ұйымдастырушылар. Құмаш Нұрғалиұлының кез-келген баласы қоғамға пайда келтіретін, тиімді іс тындыратын, білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді, деп үнемі ілгері ұмтылатын көргенді ізденімпаз. Қай-қайсысы да әке абыройына дақ түсірмейтін, әулеттің даңқын арттыратын текті ұрпақ. Бұл тұрғында Абылай, Абай әулеттерінің тарихта қандай орны бар екенін ескерсек, Нұрғалиевтар әулетінің де ұлт сана-сезіміне игі әсер етер, ілгері ұмтылуға септігін тигізер тағылымы мол екенін айтуға тиіспіз. Шәкірттер:

*Әйгілі Құмаштың мектебі – ордамыз,
Білімнен, еңбектен, өнерден алдамыз.
Жыр тұнған, нұр тұнған мектепті пір тұтып,
Ордамыз алтын деп мақтана аламыз...
Немесе Ауылда тұрып шеткері
Ұрпағың өсіп көктеді.
Сапалы білім, тәрбие
Қалдырдың артта көп белгі.
Елімнің нақты ордасы
Құмаш аға мектебі,*

- деп тегін шырқатпаса керек.

Халық жақсыны да, жаманды да қалт жібермей бағалайды. Әділ қазы – халықта. Жұртшылық көрнекті ұстаз Құмаш Нұрғалиұлының Талант, Марат, сынды ұлдарын, Мәнира, Гүл тәрізді қыздарын, басқа да ұрпақтарын әке жолын қуып, жастарға сапалы білім, өнегелі тәлім-тәрбие берудегі қол жеткен жетістіктері үшін жоғары бағалайды, заңды ізбасарлар деп есептейді. Бұлар туралы аталмыш кітапта толық деректер келтіріліп, нақты фактілер оқырман қауым назарына ұсынылғандықтан бұл жерде қайта санамалап, тізіп жатуды артық деп білеміз. Түрлі естеліктерде, баспасөз беттерінде Нұрғалиевтар әулетінің педагогикалық, ғылыми ізденістері, табыстары, Қанипа апайдың жан тебіренер аналық мейірімі, Құмаш ағаға деген ыстық махаббаты жайлы әсерлі де тұжырымды баяндалған. Оларды сараптап, талдап оқыған кезде өздеріңіз-ақ талай жайға көз жеткізе аласыздар.

Халық мұғалімі, ұлағатты ұстаз, қайсар азамат, тамаша ұл-қыз өсірген қамқор отағасы, білікті қайраткер Құмаш Нұрғалиұлы атындағы Боран мектебін бүгінде оның жан-жақты білімді, қайырымды, иманды, жаңалыққа жаны құмар баласы Талант басқарса, көпшілік көңілінен шыққан Мараты колледж директоры, Мәнирасы ағылшын тілінің маманы, ғалым, ағарту саласының үздігі, “Қайнар” университетінің шет тілдер факультетінің теориялық пәндер кафедрасының меңгерушісі, ал кіші қызы Гүл Нұрғалиева педагогика ғылымының докторы, профессор, Республикалық білімді ақпараттандыру ғылыми әдістемелік орталығының директоры. Қазір оның өз ғылыми мектебі бар. Өке жолын қуған дарынды ұл-қыздар басқаларға қол ұшын бергіш, қамқоршыл, жастардың кемелденуіне қолайлы жағдай жасауда айрықша қызмет етіп келе жатқан шәкірт сүйіктілері, ұрпақты өрге сүйреген, жоғары атаққа, марапатталуға лайық абзал ұстаздар. Құмаш ағаның арманын іс жүзіне асырушы жомарт жүректі, жаны таза, тағылымы мол, асыл затты тәлімгерлер. Құмекеңнің бұлардан басқа да таланты немере-шөберелері, өте ізетті, білімді, иманжүзді келіндері толып жатыр. Олардың бәрін де үлкен жүректі ұстаз қадір тұтқан.

Құмаш аға үлкен ұлы Мақсат дүниеге келгенде шексіз қуанышқа бөленді. Кейінірек немересі Жеңіске арнап өлең шығарды. Үлкен жүректі адамның қуануы да, қайғыруы да қарапайым жандардан ерекше болатыны қызық. Ұлды болған, немерелі болған сәттерінде парасатты ұстаз шаттықтан жанын қоярға жер таппай, протезін лақтырып тастап, диванның о жақ, бұ жағына ары-бері аунаған, кеудесін, көкірегін кернеген тәубәшілік сезімін лапылдата сыртқа шығарған ұмытылмас кездерін айтып жеткізу қиын. Сондағы Мақсатының қазірде білікті кадр, полковник атанатынын, сондағы Жеңістің бүгінде Англияда елшілікте жауапты қызмет атқаратынын Құмекең дәл сол мезетте елестете алды ма екен?! Әй, қайдам...

Нұрғалиевтар әулетін қай жағынан мақтан етсек те артық емес. Өйткені бұл әулет – ар ілімін оқытқан, еңбекпен, өрнекпен өнерді ойға тоқыған, көңілді жайнатқан, өмірді қайнатқан әулет, жастарға жол көрсеткен нұрлы шапағатын шашқан әулет. Бұл әулеттің алтын дінгегі, асыл тұғыры Құмаш Нұрғалиұлы болса, алтын арқауы, үзілмес өзегі Қанипа Әйкенқызы. Олардың алдында бас ию ләзім!

Н.Қанафияұлы



Үлкен қызы Мәншүк қандай мамандықты таңдау керек, деп қиналған жоқ, әрине, тек мұғалім болғысы келді! Ол мектепті күміс медальмен бітіріп, Қостанай педагогикалық институтына оқуға қиналмай түсті, содан кейін, Алматының педагогикалық шет тілдер институтына ауыстырылды.

Қазақстан Республикасына Мәнира Құмашқызының кәсіптілігі осы кезде өте қажет. Ол “Қайнар” университетінің шет тілдер факультетінің теориялық пәндер кафедрасының меңгерушісі, С.Демирель атындағы Қазақ-Түрік университетінде сабақ береді. Тәжірибелі маман ретінде оны біздің қызметкерлер үшін, шетел компаниясында жұмыс істейтіндер үшін ағылшын тілінен курс өткізуге жиі шақырады.

“Менің ағылшын тілі мұғалімі мамандығын таңдауыма, – деп еске алады Мәнира Құмашқызы, – папам тікелей әсер етті. Ол адамның мәдениеттілігін шетел тілін білуімен байланыстыратын. Бүгінде, жасымның ұлғайған кезінде, оның көрегендігіне қайран қаламын. Ол өз уақытынан озық адам еді.

Біз отбасында 5 бала болдық. Әкеміз бізге қатал қарайтын әрқайсымызды құрметтей, жақсы көре отырып, әділ талап қоятын. Біз әрқайсымыз бір-бірімізге деген жауапкершілікті сезінетінбіз. Мысалға, мен институтта оқып жүрген кезде озат студент ретінде Мәскеудің Морис Торез атындағы шет тілдер институтына ауысуыма ұсыныс жасалынды, бірақ мен Алматыға оқуға келдім, ондағы ойым сол кезде әскери училищеге қабылданған Мақсатпен бірге болу еді”.

Институтты ойдағыдай бітірген соң, ол Өскемендегі №38 арнайы мектепте балалардың, тілге деген сүйіспеншілікті арттырып, ағылшын тілінің мұғалімі болып, ұзақ жыл еңбек етті. Бәрі де айтарлықтай өте жақсы болатын! Оның ғажап сабақтарын оқушылар ұмытпай, ризашылығын білдіріп хат жазып, құттықтаулар жебереді.

Құмаш Нұрғалиұлының күш-қуаты, жаңалыққа ұмтылуы Мәнира Құмашқызына берілген, оған тек таңғаларлықтай ырзалықпен, жақсы ниетпен қарауға болады. Ол студентермен тек қана күнделікті сабағын өткізбей, ең жаңа идеяларды, осы заманның талабына сай қазіргі оқыту әдістемесін, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияны өмірге енгізіп, сабақ барысында қолданады. Республикада Мәнира Құмашқызы ағылшын тілінің бірнеше электрондық оқулықтарының авторының ең алғашқыларының бірі болып табылады (“Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы”, “Ағылшын тілі” 5,7 және 11 сыныптар үшін және т.б.)

Мәнира Құмашқызы өзінің айтулы еңбектері үшін “Қаз КСР халық ағарту ісінің үздігі” атанды, Құрмет белгісімен марапатталды, республикалық байқаудың лауреаты болды, оған “Мұғалім жылында” “Жоғары категориялы мұғалім” деңгейі берілді.

Әкесі тұңғыш қызы Мәншүктен үлкен үміт күтіп, зор сеніммен қарады. Алғашқы баланың еңбек жолы басқаларға үлгі болатынын жақсы түсінген аяулы әке қызының жоғары дәрежелі білім алуына жол сілтей білді. Бүгінде әке арманы іске асуда, әлі де талай биіктерден балалары көріне береді деген сенімдеміз.



Құмаш Нұрғалиұлының балаларын кәсіби қызығушылыққа тәрбиелеуге бағытталған өнегелі ісі оның үлкен ұлы, қазірде ҰҚК полковнигі Мақсаттың өмірінен айқын байқалады.

Мақсат Құмашұлы Алматыдағы Ф. Дзержинский атындағы шекаралық командалық Жоғары училищенің саяси бөлімін “Саяси қызмет офицері” мамандығы бойынша бітірді. Мәскеуде және Ленинградта жедел қызметкерлер дайындау курстарында, Мәскеудегі КСРО МҚК Жоғары Қызылтулы мектепте оқыды.

“Менің балалық шағым, – деп еске алады Мақсат. – Біздің отбасының шекарашылармен үнемі байланыста болуына тікелей қатысты. Менің есімде әскерилердің кавалер шинелін киіп, итпен жүрген бейнелері ұмытылмай қалыпты. Әкем айтатын, менің жан дүниемде әскери киім киіп жүру арман сияқты еді. Бірақ ол мүгедектігіне байланысты арманын іске асырамай кетті. Тағдыр маған оның орындалмаған арманын іске асыруға жазған екен. Менің атымды Мақсат деп қоюдың өзі оның арманына байланысты болар.

1967 жылдың ақпан айы. Боран орта мектебінің негізгі залына сынып бітіруші түлектер жиналды. Кездесуді МҚК басқармасының қызметкерлері В.Кривоногов пен А.Мускин өткізді, олар кеңес-қытай шекарасына байланысты қызғылықты, тиянақты әңгімелер айтты. Сол кездегі екі мемлекет арасындағы күрделі текетірес жағдайды түсіндірді. Негізгі қарама-қайшылық мемлекеттік шекара жөнінен болғаны белгілі. Кеңестік шекара аймақтарында күшейтілген шаралар қолданылды, шекараның қорғанысы арттырылды, күзет күшейтілді: Орта Азия әскери округінде шекаралық отрядтар, соның ішінде Күршімде де осындай отряд құрылды; жергілікті тұрғындар арасында қырағылықты күшейту мақсатында кең көлемді жұмыстар жүргізілді. Бұл шаралар ауыл мектептерін де қамтыды, олардың шекарашылармен байланысы нығайтылды.

МҚК қызметкерлерімен кездесу мектеп директорының, менің әкемнің, Құмаш Нұрғалиевтің кеңсесінде одан әрі жалғасты. Оған менің төрт құрдасым шақырылды. Бізге Алматыдағы әскери шекарашылар училищесінде оқуға түсуге ақыл-кеңес берілді. В. Кривоногов өзінің қытай тілін меңгергендігін, Мәскеудің КСРО МҚК Жоғары мектебін бітіргенін айтты. Оның әңгімесі қызғылықты болды, дайындығы зор офицер тыңдаушыларын өзіне баурап алды.

Менің есімде қалғаны МҚК басқармасының бастығы полковник В.Я.Гуркинге оның кадр жөніндегі көмекшісі полковник Б.Б.Быжыбаевтың және аға жеделорындаушы майор Н.В.Ложкиннің 1971 жылғы қыркүйекте менің ШҚО бойынша МҚК Глубокое АББ жеделорындаушы қызметіне тағайындалуыма байланысты таныстыруы болды. Органның жетекшілеріне менің әскери жинақтылығым, әскери жарғының талаптарын нақты меңгергендігім ұнаса керек. Басқармадағы сол кездегі қызметкерлердің жасы менің жасымнан он жылдай айырмашылығы бар еді. Менің жаңа әріптестерімнің еңбек тәжірибелері, жұмыс тәсілдері зор болатын, олар комсомол ұйымдарында, мекемелерінде жұмыс істеп келген адамдар еді: Т.Н. Нұрахметов ұзақ жылдар орта мектептің директоры, М.Х.Жанболатов жұмысшы ұжымынан, А.Д.Мирманов зауыт құралдары бюросының конструкторы болып істеген. Басқарманың ұжымында Ұлы Отан соғысының ардагерлері, чекист-әскери операцияларға қатысқандар, басқа да қызметкерлер қызмет ететін: Кеңес Одағының Батыры С. Әбдіжапаров, сондай-ақ, К.А.Ошамбаев, К.Н.Нұржақыпов, Г.Н.Курин, П.Ф.Булавкин, А.К.Медведев, Н.В.Ложкин, Д.Г.Мабарада және басқалар менің ұстаздарыма айналды, жедел жұмыс атқарудың қыр-сырын үйретті. Олардың кейбіруі аңызға айналған белгілі адамдар еді.

1985 жыл мен үшін өте мәнді. Ұлы Отан соғысының жеңіс мерекесі менің есімде қалды. Мәскеудегі мерейтойға менің әкем немересі Жеңіспен және анаммен бірге қатысты. Біз ерекше толқып, жүрек тебіренісін баса алмай, жанарымыз жасқа толып тұрып, Әскери парадты, Қызыл Аланды тамашаладық. Танымал диктор И. Кириллов қонақтар мінбесінде әкемнен сұхбат алды. Мереке қарсаңында біздің отбасымызда елеулі жағдайлар болды, мен мемлекеттік марапаттауға ұсынылдым. 1985 жылдың 7 мамырында менің «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталғаным туралы жарлық шықты. Бұл марапаттау менің атқарған жұмысыма деген әділ баға, оның нәтижесінің қорытындысы сияқты еді. Менің мемлекеттік қауіпсіздік органдағы жетістігім отбасын мақтаныш сезімге бөледі, әсіресе, әкемнің қуанышында шек болмады.

1998 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін мен Басқарманың барлау жетекшісі қызметін атқарып келдім. 1997 жылы Қазақстанның арнайы қызметін ұйымдастыруға байланысты Шығыс Қазақстанда “Барлау” қызметі бөлімі құрылды, содан запасқа шықтым.

Менің әкем мемлекеттік қауіпсіздік органдарының қызметіне түсіністікпен қарады. Орган тарапынан оған қарсы әділетсіздіктер болған кездерді еске түсіремін. Педагогикалық тамыз конференциясында әкем жергілікті партия, өкімет органдарының атына өткір сын айтқан болатын, соған байланысты билік басындағылардың оған қысым жасағысы келді. Социалистік Еңбек Ері атағын беруге байланысты ұсыныстар кейінге қалдырылып отырылды.

Әкемнің органдағылармен қатынасының жақсаруы менің осы салаға қызметке келуіме байланысты. Басқарма бастығы В.Я.Гуркин әкемнің еңбегін, оның өмірдегі жігерлілігін, ашық бағытын, принципілігін жоғары бағалады. Әкемнің ерлігін өзінің сүйікті кітап кейіпкері Павел Корчагиннің ерлігіне теңеді.

Боран орта мектебінің базасында МҚК Басқармасының, облыстық партия комитетінің мемлекеттік қауіпсіздікті арттыру шараларына байланысты шекаралық аймақтағы жергілікті тұрғындардың саяси қыралығын көздеген республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді”.



Құмаш Нұрғалиев өмірден кеткеннен кейін ол басқарған мектеп “КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің мектеп-гимназиясы” атты авторлық мәртебесіне ие болды.

Оның ұлы Талант Құмашұлы осы мектеп педагогикалық ұжымының қолдауымен директор болып сайланды. Сол кездің өзінде ол жоғары маманды педагог ретінде танылған еді және Қаз КСР Халық ағарту ісінің үздігі атанып, Ыбырай Алтынсариннің медалімен марапатталған болатын.

Өйткенмен, ауыл мектебінің авторлық тұжырымдамасын дамытуды қолға алған Талант Құмашұлына алғашқы кездерде елеулі қиыншылықтар кездесті. 1999 жылы Қазақстанда, атап айтқанда, Зайсанда “9 балдық” ерекше жер сілкінісі болды. Жер сілкінудің орталығы Боран ауылынан 70 шақырым қашықтықта еді. Үш қабатты мектеп ғимараты толық күйреді десе болады. Іс жүзінде мектепті қайтадан қалпына келтіруге тура келді. Мектепті қалпына келтіруге екі-үш жылдай уақыт кетті. Құрылысшылар металмен қаптап, мектепті жаңадан салды.

Бұған қосымша осы уақытта ауыл тұрғындарының көші-қоны басталды, “Боран” совхозы күйреді, ауыл тұрғындары жұмыс іздеп жан-жаққа көшуге тура келді. Мұның өзі оқушылар мен мұғалімдер деңгейіне көп әсер еткен жоқ. Басқа жаққа көшкен ауыл тұрғындары балаларын осы жерде, сапалы білім-тәрбие беретін мектепте қалдыруға ұмтылды.

Бұл ауыр жылдары мектеп Президент пен ел басшыларының назарынан тыс қалмады. Бұған дәлел 1992 жылы Талант Құмашұлының республиканың Тәуелсіздік күні қарсаңында Н.Ә. Назарбаевтан құттықтау хат алуы.

Талант Құмашұлының басқаруымен мектеп сақталынып қана қойған жоқ, сонымен қатар, Құмаш Нұрғалиевтің мектеп-гимназиясы авторлық тұжырымды одан әрі дамытты. Педагогикалық ұжым өзінің іскерлігін танытты.

Мектеп жаңғырудың жаңа жүйесіне көшті. Саяси және әлеуметтік-экономикалық қоғам дамуына үлес қосты. Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасуына қажетті жағдайларды, оқушыларды тәрбиелеудегі теориялық және тәжірибелік жаңғыруды, педагогикалық мақсаттар мен міндеттерді жаңаша ойлауды жүзеге асырды. Құмаш Нұрғалиұлы қалыптастырған білім беру процесіндегі мектеп дәстүрін сақтай отырып, соның негізінде қоғамның талабына сай мұғалімдердің ізденістерін, олардың мүмкіндіктерін дамытуға, демократиялық және экономикалық мәселелерді, адамдардың еркіндігін, өзін-өзі басқаруын қалыптастыру мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлді.

2003 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күні мерекесі құрметіне Астанаға өмірдің әр саласында еңбек етіп жүрген алдыңғы қатарлы өкілдер шақырылды. Бұл адамдарға зор құрмет көрсетілді. Олар Президенттің қолынан үкіметтің жоғары марапаттауларын алды. Қазақстан оқытушылары атынан салтанатқа Нұрғалиев Талант Құмашұлы қатысты. Білім саласындағы ерекше жетістіктері және жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне қосқан зор үлесі үшін Талант Құмашұлы "Парасат" орденімен марапатталды. Мұның өзі Президенттің педагогтарға деген зор құрметінің көрінісі емес пе!





Құмаш Нұрғалиұлының кіші қызы – Гүл Құмашқызы, педагогика ғылымының докторы, профессор, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық білімді ақпараттандыру ғылыми-әдістемелік орталығының директоры, ол әкесінің идеясын одан әрі жалғастырушы. Кез келген бала, кез келген шәкірт, қай жерде жүрсе де, қалада ма, әлде ауылда ма, бәрібір лайықты білім алуға құқылы.

Қазіргі жағдайда, оның пікірінше мұндай табысқа жету үшін, ақпараттық-коммуникациялық технологияның (АКТ) педагогикалық мүмкіндігін меңгеруге тиіс. АКТ негізінде ақпараттық білім берусіз жаңа білім жүйесін сапалы қалыптастыру мүмкін емес. Білім беруде технологияның рөлін айтарлықтай түсіну бала кезден, отбасынан басталады

Гүл Құмашқызының республикалық білімді ақпараттандыру орталығына (РБАО) келуіне байланысты мынадай жобалар: ауыл қушыларын қашықтан оқыту және АҚ “КАТЕЛКО” “Қашықтан оқытудың серіктестік орнасын” (ҚОСА) іске қосу жүзеге асырыла бастады. Гүл Құмашқызы педагогикалық технологиялық электрондық оқулықтарды құрастырудың авторы, оның тікелей басшылығының арқасында жалпы орта білімге арналған 117 электрондық оқулық және әсіптік білім беретін 80-астам электрондық оқулық жасалды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған электрондық оқыту басылымдарының байқауында 2003 жылы 1 орын алды. Прагада 1999 жылы халықаралық семинарда “Electronic Publishing” ОО Институты Сорос қоры анынан сертификатпен белгіленді. 2003 жылы 803 электрондық оқыту басылымының финальдық конкурсында 136 мемлекет, соның ішінде Женевадағы гала-байқау бұл басылымдарға қызығушылық танытты. 2001 жылы ЮНЕСКО институтының “fokal point” 4-ін бірі Республикалық білімді ақпараттандыру орталығы (РБАО) мұрындық болды. ЮНЕСКО институтында (Мәскеу) 2003 жылдың мамырында ҚР Президентік білімді ақпараттандыру бағдарламасының тұсаукесерінде Г.Қ.Нұрғалиева модератор болды, оған 10 елдерінен 9 мемлекеттің өкілдері шақырылған. Тұсаукесердің материалдары ЮНЕСКО (ИТО) халықаралық басылымдарында кеңінен жарияланды.

Бұл зерттеулер, қазіргі ұрпақтардың, мұғалімдер мен оқушылардың, оқытушылар мен студенттердің пайдасына асуын көздейді. Оның бар ойлайтыны – білім берудің сапасын арттыру. Мұндай құндылық әкеден қалған асыл мұра деуге болады.

Гүл Құмашқызы ғалым ретінде ленинградтық ғылыми мектепте қалыптасты. Оның ғылымға, жаңалыққа деген ұмтылысы А.И.Герцен атындағы Ленинград мемлекеттік педагогикалық институтына әкелді. Мұнда ол ғылыммен шұғылданды, тәжірибеден өтті және аспирантурада оқыды.

Гүл Құмашқызының ғылыми жетекшісі жалпы педагогика кафедрасының меңгерушісі, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, РҒА академигі, педагогика ғылымының докторы, профессор Зинаида Ивановна Васильева болды. Ол басқаратын ғылыми деңгейі бұрынғы КСРО-ны ғана емес, сонымен бірге, Шығыс Еуропа, Куба, Вьетнам елдерін де қамтитын.

Зинаида Ивановна Гүл Құмашқызы үшін тек ғылыми жетекші ғана емес, өмірдегі нағыз ҰСТАЗЫНА айналды. Аспирантурада оқып жүрген кезде Гүл Құмашқызы көп нәрсені үйренді: шынайы зерттеушілікке, лекторлық шеберлікке, ұжымдық, өз-ара қарым-қатынаспен оны басқаруға қалыптасты.

Құмаш Нұрғалиұлы қызының ізденістігіне, талантына, сүйсіне қараумен қатар, оның жан-жақты білім алуына жағдай жасады, қызының еліміздегі жоғары оқу орынының жетекші педагогикалық кафедрасында оқығанын және жұмыс істейтінін мақтаныш ететін. Құмаш Нұрғалиұлы өзі ерекше бағалайтын Ленинградта қызының оқып жүргенін қадір тұтатын. Ол институтта алған білімнің жеке тұлғаны қалыптастыруда айтарлықтай ықпалы болатынын түсіне отырып, қоршаған ортаның да театр, мұражай, кітапхана, аспиранттар арасындағы қызу талас, ақыл-кеңес, ұзақ әңгімені де пайдасы бар екенін жоққа шығармайтын.

1985 жылы Құмаш Нұрғалиұлы талантты қызының кандидаттық диссертация қорғағанына қатысып, сөз сөйледі. Кафедраның және докторлық кеңестік мүшелері күні бүгінге дейін Құмаш Нұрғалиұлының жарқын сөзін мектеп басшы ретіндегі мазмұнды сөзін, оқу тәрбие процесін демократиямен адамгершілікке бағыттаған ой-пікірін ұмытқан жоқ.

Ленинградтық ғылыми мектептен тиянақты білім алып қайтқан Гүл Құмашқызы Қазақстанға, өзін туған институтына келіп, педагогикалық қызметке кірісіп кетті, ғылыммен одан әрі айналысты, 39 жасында тұлғаның құндылығын межеллеу проблемасы жөнінде докторлық диссертацияны ойдағыдай қорғап шықты. Сол кездегі республикадағы ең жас педагогика ғылымдарының докторы атанды.

Қазір Қазақстанда Гүл Құмашқызының өзінің ғылыми мектебі бар. Оның басшылығымен 50 ғылым кандидаты бірнеше ғылым докторы дайындалды.

Гүл Құмашқызы Халықаралық ақпарат академиясының академигі, Халықаралық әлеуметтік ғылым академиясының, Қазақстан педагогикалық ғылым академиясының академигі.

Гүл Құмашқызының ғылыми-теориялық қызығушылық саласы барынша кең, ол негізінен 3 бағытты қамтиды:

- тұлғаның құндылығын межеллеу проблемасы;
- кәсіптік білім берудің әдістемесі мен теориясын дамыту;
- АКТ негізінде білімді ақпараттандырудың педагогикалық технологиясы.



Марат Құмашұлы Нұрғалиев – Құмаш Нұрғалиұлының кіші баласы. Ол “Сыныптан және мектептен тыс жұмыстар жөніндегі тарихшы және ұйымдастырушы мұғалім” мамандығы бойынша Өскемен педагогикалық институтын бітірген. Қазақстан ОК КП жанындағы Алматы Жоғары партия мектебінде оқып, оны үздік аяқтаған.

Ол ұзақ жыл комсомол және партия қызметтерінде жұмыс істеді: үгіт-насихат және мә-

дени-көпшілік жұмыстарында бөлім меңгерушісі, лектор Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінде Саяси агарту Үйінде меңгерушінің орынбасары, Өскемен қалалық партия комитетінде идеология бөлімінің меңгерушісі болды. 1993 жылдан Шығыс гуманитарлық институтының проректоры болды. Ол қазірде КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің есімімен аталатын Шығыс гуманитарлық колледждің директоры.

Бүгінде КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев есімін иеленіп отырған колледж салыстырмалы түрде жақында ғана – 1998 жылы құрылды. Ол кезде еліміздің шығысында жеке орта кәсіптік оқу орындары өзі құрылмаған болатын. Сондықтан колледж бұл жерде осындай типтегі алғашқы мемлекеттік емес мекеме болды.

Колледж директоры Марат Құмашұлы Нұрғалиев әңгімелейді:

“Колледж ашу идеясы менде бірден туындаған жоқ. Ол кезде, 1997 жылдың аяғында, мен жеке жоғары оқу орнының қосалқы құрылтайшысы болғанмын. Оны құрудың бастамашысы тарих ғылымдарының докторы, профессор Н.В.Алексеев болды. Біздің ойымыздың бәрі өз мекемеміздің жағдайын нығайтуға ықпал ететін жолдарды іздеу тәрізінде айналып жүрді. Біздің ең жуыр маңдағы жоспарымызда Мәскеу жоғары оқу орындарының бірімен байланыс орнату болатын. Алайда, тұра жағдайлардың ықпалымен біздің Мәскеуге жіберген адамымыз тапсырманы орындай алмады. Міне, осы кезде мен Николай Владимировичке жақын болашақта орта буын мамандарына деген сұраныс өсетінін айтып, колледж ашуды ұсындым”.

Осылайша Шығыс гуманитарлық колледжі дүниеге келді. “Колледж бір кездері әкемің атың иеленеді-ау деген ешқашан ойымда да болған жоқ, – дейді Марат Құмашұлы. – Бұндай есімді иелену тек бедел әкеліп қана қоймай, үлкен жауапкершілік жүктейтінін де түсінемін. Мұны жай қысқа сөз үшін айтып отырған жоқпын. Бүкіл өмірі бойына әкем тән науқасын жеңіп, толыққанды еңбеккер болуға ұмтылды. Ол өз дегеніне жетті де. Бұған тек мемлекеттік наградалар мен КСРО Халық мұғалімі деген жоғары атақ қана емес, оның жерлестерінің және қай кезде болмасын бірге қызмет етіп, қарым-қатынас жасаған адамдардың зор сүйіспеншілігі мен сыйластығы да күе бола алады.

Сондықтан да студенттердің колледжге әкемің есімін берейік деген шешімін алғаш естіген кезде сәл іркіліп қалдым: осыншалық биік тұлғаның есіміне лайық бола аламыз ба?”

Колледж директорының орынбасары Галина Павловна Кожевникова әңгімелейді: “Колледжге Құмаш Нұрғалиев есімін беру идеясы бұрындары айтатындай “төменде”, студенттердің өзін-өзі басқару комитетінде туындады.

2002 жылы, Мұғалімдер күнінің қарсаңында колледж оқушылары үшін “Ұстаз, сенің есіміңе...” атты әдеби қонақжай ұйымдастырылып, ол Құмаш Нұрғалиевқа арналған болатын. Жастардың көбі ол жөнінде бұрын ештеңе білмейтін болып шықты да, осы бір адамның ерлігі мен қайтпас қайсарлығы барлығының жан-жүрегін баурап алды. Осыдан кейін үш жеті өткен соң студенттік есептік-сайлау конференциясында колледж атын өзгерту жөнінде жұмыс бастауға ұсыныс жасалды”.

Осы уақыт ішінде колледж дамуындағы оң үрдістер кездейсоқ сипатта емес екені анық болып қалып еді. Оқу орнының қысқа ғана тарихы көптеген түрлі оқиғалар мен жетістіктерден құралған. Семей, Зыряновск, Риддер, Шемонаиха қалаларында колледж филиалдары, Үлкен Нарын және Зайсан аудандарының орталықтарында оқу-кеңес беру орындары ашылды.

Колледж қалыптасуындағы жаңа кезең 2000 жылы, оқу орны дербес өмір сүре бастаған кезден басталады, колледж директоры М.Қ.Нұрғалиев өзімен пікірлес еңбекқор, шығармашыл ұжым құра алды. Мемлекеттік аттестациялық комитеттің 2001 жылғы мамырдағы оң бағасы ұжымның кәсіби мүмкіндіктері жоғары екенін көрсетті. Мемлекеттік білім стандарттары және тестілеу ұлттық орталығы жүргізген тестілеу нәтижесінде аттестация кезеңінде оқушылар 4,24 баллдық орташа білім деңгейін көрсеткен. Ал 2003 жылдан бастап колледжде мемлекеттік білім беру тапсырыстары орналастырылады.

Сонымен қатар, болашақ мамандарды даярлау сапасына деген ұстаздар жауапкершілігінің артуы өкімшіліктің ұдайы қамқорлығын талап етеді. Бірнеше жылдар бойына әрбір оқытушының жұмыс нәтижелерін оның еңбек ақысымен байланыстыруға мүмкіндік берген рейтинг жүйесі қызмет істеп келеді. Бұнда бекітілген ережеге сәйкес рейтинг нәтижелерін пәндік-циклдық комиссияларда тәуелсіз сарапшылар шығарып, содан соң әрбір оқу жылының басында ұстаздар кеңесінде бекітіліп отырады. Кеңес шешімінің негізінде өткен оқу жылы бойынша тұтастай еңбекақы қайта есептеледі.

Колледждегі оқу процесін ұйымдастыру үшін 44 пән кабинеті, 4 есептеу техника кабинеті, 7 компьютерлік сынып, 2 зертхана, 7 оқу-өндірістік шеберхана, оқу асханасы, шаштараз, әсемдік кабинеті, электронды кітапхана, оқу залы, тағы да басқа жайлар оқушылар игілігіне берілген.

Оқушыларды өте жақсы оқығаны және қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін материалдық және моральдық марапаттаулар кеңінен қолданылады. 2002 жылы КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев атындағы 3 дәрежелі стипендия тағайындалды. Осы жылдар ішінде оған Власова Татьяна, Әубәкіров Мақсат, Никишкова Ирина, Орленко Константин ие болды. Оның үстіне марапаттау рәсімі жариялы түрде өтеді, талапкерлер оқу топтарында талқыланады. Содан кейін, 29 қазанда, Құмаш Нұрғалиевтің туылған күнінде студенттердің есептік-сайлау конференциясында құпия дауыс беру жолымен “Жылдың ең үздік студенті” анықталып, конференция шешімі негізінде оған құрылтайшы оқу ақысы көлемінде стипендия тағайындайды.

Өскеменнің әрі Мересьеві, әрі Сухомлинскийі

Серғазы Қалиұлы, профессор.

Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік

сыйлықтың, КСРО және қазақ ССР

оқу-ағарту ісінің озаты белгілерінің иегері.

Майталман ұстаз Құмаш Нұрғалиевті жерлестерінің біразы біздің В.А. Сухомлинский деп атаса, енді біреулері Кеңестер Одағының батыры ұшқыш Мересьевке теңейді. Ол сөздердің жаны да бар. Себебі Құмаштың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік істері Кеңестер Одағының батыры-атақты летчик Алексей Мересьевті еске түсіреді. Алексей де екі аяғынан айырылып, госпитальде 10 ай жатып, ақыры өзінің қайсарлығымен протез аяғымен қабырғаға сүйеніп бір-екі аттаудан бастап, балдақсыз жүріп өзін-өзі дағдыландырып, ақыры истребитель-самолеттік штурвалына қайта отырып жауға бірнеше рет соққы беріп, Советтер Одағының батыры атағына ие болса, жас жауынгер Құмаш Нұрғалиев та 1944 жылы 29 октябрьде Калинин майданында Великие Луки қаласының түбіндегі неміс-фашист басқыншыларымен болған сұрапыл соғыста артилерияның снарядінен екі аяқ, бір қолынан айырылып, ауыр жараланып госпитальға түседі. Кейін Москва госпиталіне ауыстырылып он да 18 ай емделіп, ақыры 1946 жылдық күзінде екі балдақты протез аяқ, протез қолымен туған ауылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданына оралады.

Боран мектебі жаңашыл педагог В.А. Сухомлинский басқарған Павлыш орта мектебінде барлық жағынан ұқсас болғандықтан бүкіл Шығыс Қазақстандықтар «Нұрғалиев мектебі» деп зор мақтанышпен атайды. . . Жаңашыл бас ұстаз Қ.Нұрғалиевтан үлгі алған мектептің 65 мұғалімінің бәрі дерлік үнемі ізденімпаздықпен жаңаша сабақ беруді әдетке айналдырды. Сондықтан да Құмаш Нұрғалиев мектебі-озат тәжірибенің лабораториясы аталды. 1982 жылы Қазақ ССР Оқу Министрлігінің коллегиясы Боран орта мектебінің іс-тәжірибесін талқылып, Республика мектептеріне тарату туралы ұйғарыс қабылдаған болатын. Оған мектептің жаңаша оқыту технологиясына көшуі, 1981 жылы Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесіне қатынасып, 1 дәрежелі дипломмен марапатталуы себеп болған еді. 1982 жылы январында республикадағы мектеп директорларының Боран орта мектебі базасында тәжірибе алмастыру семинар кеңесі өткізіліп, онда мектептің саяси-идеялық, еңбек және адамгершілік тәрбие беру іс-тәжірибесіне баса назар аударылған. Осының бәрі мектеп басқарушы Қ. Нұрғалиевтің іске зор жауапкершілікпен қарауының, үнемі жаңалықтың жаршысы бола білуінің, өмірден үйренуден де, өз білетінің басқаларға үйретуден де жалықпауының, ізденгіштігінің нәтижесі болатын.

Жаңашыл-педагог Құмаш Нұрғалиев басқарған коллективтің іс-тәжірибесінен тәлім алып, кейін басқа қызметке жоғарылаған Горький атындағы орта мектептің директоры Ш.Батаев, Алексеевка орта мектебінің директоры Т.Лұқпанов, Прииртыш сегіз жылдық мектебінің директоры Қ.Омаров, партия кеңес қызметтері М.Дүнгенов, М.Медеубаев, Х.Кентаев т.б. талай майталмен басшы-кадрлар Құмаштың “құшағынан түлеп шыққандар”.

Өскемендіктердің Нұрғалиевтер әулетін 500 жылдық бай тәжірибе жинақтақан “ұстаздар академиясы” деп атауының мәні осында болса керек.

Артында өлмес мәңгі мұра қалдырып кеткен бұрынғы КСРО Халық мұғалімі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалім, соғыс және еңбек ардагері, бірнеше ордендер мен медальдардың иегері- жаңашыл педагог Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық бай тәжірибесімен ұстаздық өмір жолының 1998 жылы “Рауан” баспасынан шыққан Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясының 2 томына алтын әріппен жазылуы осының айғағы демекпіз.

Мен сізді көрмесем де ...

*Құмаш ата, мен сізді көрмесем де,
Бір терең, тұнық сыр бар елесінді ...*

Туған халқың сізді, мен мына дүниеге келмей тұрған шақта-ақ, қара жердің суық қойнына қабырғасы қайысып отырып тапсырған екен.

Алайда сіздің жарқын елесіңіз менің кішкене жүрегімнің ең түкпірінен орын алған.

Мен сіздің суреттегі жүзіңізге қараймын да, төгілген мейірім шуағын көрем.

Мен сіздің терең ойлы көзіңізге қараймын да, тұңғыық бір сыр ұғамын.

Сіздің бейнеңізге қараған сәтте «айналайын қарағым» деген жағымды да әуезді бір дауыс құлағыма келеді. Жұмыс кабинетіңізді сіз отырған орынды, сіз қолданған заттарды көрсем, жазбаларыңызға көз салсам, ұстаздар мен шәкірттеріңіздің арасында түскен суреттеріңізге үңілсем, өзімді өзіңізбен қатар тұрғандай сезінемін.

Үлкен жүрегіңізге, бейне жақұт жан дүниеніңізге үңілгім келіп, сіз туралы түсірілген деректі фильмдерді көрем, жазылған кітап, асыл бейнеңіздің қасиетін бетінде айшықтаған өлең жолдарын оқимын. Бірі сіздің ірі болмысыңызды бағалап, «тұлға» деп жатса, енді бірі «ұлағатты ұстаз» деп жатса, енді бірі көтереді. Ал өзіңізбен кезінде істес болған достарыңыз сіздің биік адамгершілігіңізді мадақ етіп: «Шіркін-ай, қандай жақсы адам ед. Кезінде осындай жақсылығын көріп едім», - деп таң қала тандана күні-түні отырып, баяндауға да бар.

Жаратқан иеміздің асыл адамзатты біздей ұрпақтарға үлгі етіп жіберген екен. Біздің өңір, қала берсе игісі қазақ сіздей тұлғасыменен мақтана алады.

Сіз қандай атақ-даңққа да лайықтысыз! Жұртың ол қадір-қасиетіңізді бағалады да, әлі бағалай жатар. Сізді әркім өзінше биіктен көреді.

Ал мен сізді адамшылық тұғырдың шыңына шыққан «нағыз адам» деген атаққа ұсынар едім. Және сол атақты өз жүрегімде сізге тағайындап та қойғам.

Ата, сіз бақыттысыз, себебі сіз әр шәкіртіңіздің жүрегінен биік орын алғансыз. Сіз туған халқыңыздың мақтанысыз, өзіңіз іргесін қалаған білім ұясының табалдырығын аттаған әр шәкірттердің үлгі тұтар биік тұлғасы тек қана сізсіз, ата!

Құмаш ата, мен сізді көрмесем де,

Сіз менің жүрегімнің төріндесіз!

*Бигалиева Рахима,
выпускница Бурановской школы,
закончила ВКГУ с отличием,
сейчас – учитель родной школы.*

Использованные источники

1. Нурғалиев Қ. Ұстаз борышы // Лениншіл жас. – 6.03.1955 г.
2. Нурғалиев К. //Правда. – 1968.
3. Нурғалиев К. Эстафета добра //Правда. – 26.06.1978 г..
4. Нурғалиев К.Н. Растим детей для счастья //Казахстанская правда, № 203 (19.429). – 1.09.1983 г.
5. Нурғалиев К.Н. Наш семидесятый учебный год //Учитель Казахстана, №40 (1813). – 1.10.1987 г.
6. Нурғалиев Қ. Сұңқар бол сен де жас ұрпақ // Қазақстан коммунисті. – 11.11.1987г.
7. Амирханов С. Школа Нурғалиева //Казахстанская правда. – 8.08. 1982 г.
8. Амирханов С. Эстафета добра //Казахстанская правда. – 17 .04.1980 г.
9. Аязбаев Е.М., Зенков В.М. Вся жизнь – подвиг //Педагогический вестник ВКО.– 2002. – №3.– С.53-56.
10. Викторов Б. Учитель 80-х.// Учительская газета. – №18 (8175). – 10.02.1983 г.
11. Володин О. Подвиг продолжается //Народное образование. –1983. – №2. – С.73-76.
12. Иванова Н., Садовникова В. Давным-давно окончен бой. – В кн. Народный учитель. Сб.очерков/Сост. В.Я.Ермолаев, Н.И.Целищева – М.: Педагогика, 1985. – С. 145-162.
13. Павлушин В. Сердце учителя //Правда. – № 94 (23620). – 4.04.1983 г.
14. Ривина Р. Вам слово, новаторы //Казахстанская правда. – 3.05.1988 г.
15. Розанов А. Полчаса и еще много-много лет //Наука и религия. – 1981. – № 2 – С. 11-15.
16. Розанов А. Где мы с тобой, там и Москва //Советский Красный крест. – 1983. – №11. – С. 6-7.
17. Розанов А. Вглядись в учителя //Комсомольская правда. – 3.10.1984 г.
18. Хромова К. Однополчанин Матросова //Красная звезда. – № 231 (17318). – 7.10. 1980г.
19. Шапорев Ю. Народный учитель // Казахстанская правда. – 1.09.1987 г.
20. Әлімбаев М. Құмашқа хат //Жұлдыз. – 1985. – № 1. – С.5-7.
21. Әгаліев М. Өнегелі өмір // Социалистік Қазақстан. – 26.01.1982 ж.

22. *Елеусізұлы Т.* Ұстаз туралы сөз // Қазақстан мектебі журналы. – №4. – 1982.
23. *Зөкенов К.* Құштарлық пен қайсарлық. – 1979 ж.
24. *Кітапбаев Б.* Қайран Құмаш, қайсар Құмаш // Егемен Қазақстан. – 27.10.1995 ж.
25. *Қалиев С.* От жүректі коммунист // Лениншіл жас. – №123. – 24.06.1988 ж.
26. *Нұрғалиев Т.* Болашағымызды ойлайық // Коммунизм туы. – №91. – 11.05.1990 ж.
27. *Нұрғалиев Т.* Педагогические возможности использования школьного телевизионно-технического центра в учебно-воспитательном процессе сельских школ. Дисс. ... канд.пед.наук. – Алма-Ата, 1992 г.
28. *Сатыбалдин О.* Құмаштың мектебі // Социалистік Қазақстан. – 14.02.1975 ж.
29. *Төжпаев У.* Ертеңін ерте ойлаған // Дидар. – 27.10.1997 ж.
30. Тұлаға. Халық мұғалімі, Қазақстанның мақтанышына айналған марқам Құмаш Нұрғалиев 70 жасқа толды // Дидар. – № 120. – 28.10.1995 ж.
31. *Шегенбайқов М.* Құмаштың мектебі. – Алматы: Жалын, 1986.
32. *Ыбраев Ж.* Қайсар // Қазақстан ауыл шаруашылары. – 1985.
33. *Розанов А.* На острие атаки // Техника – молодежи. – 1984. – № 1.
34. *Құльчимбаева Б.* Развитие педагогических идей в новаторской деятельности народного учителя СССР Кумаша Нурғалиева. Дисс. ... канд.пед.наук – Алма-Ата, 1996 г.
35. *Уманов Г.А.* Мечты отца, воплощенные в реальность // Вестник высшей школы. – 2004.
36. Д/ф “Учитель”, 1982. (автор сценария – Бортник П.И., кинооператор Фазыл С.).
37. Д/ф “Открытый урок”, 2004 г. (автор сценария – Азмухамбетов Ш., кинооператор Фазыл С.).
38. *Азмухамбетов Ш.* Восхождение // Простор. – 2005. – № 5. – с.169-177.

ББК.74.03
Х.17

Редакционная коллегия

Нурғалиева Г.К., доктор педагогических наук, профессор,
Артыкбаева Е.В., кандидат педагогических наук,
Жумажанова Т.К., доктор педагогических наук, профессор,
Кусаинов А.К., доктор педагогических наук, профессор, лауреат Госпремии РК,
Тажигулова А.И., кандидат педагогических наук,
Ферхо С.И., кандидат педагогических наук

Ответственный редактор: Нурғалиева Г.К.

Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлы. Педагогикалық әулеті.
Народный учитель Кумаш Нурғалиев. Педагогическая династия.
Алматы, 2005 г.-336 с.
ISBN 9965-27-754-0

Историко-педагогическая книга о жизнедеятельности Народного учителя СССР, педагога-новатора Кумаша Нурғалиевича Нурғалиева представляет собой воспоминания и размышления его коллег, способствующих осмыслению его педагогической системы.

Книга адресована не только для специалистов в области образования, но и для широкой педагогической общественности.

Н 4302000000-005
00(05)-05

ББК.74.0

ISBN 9965-27-754-0

© Нурғалиева Г.К., 2005

Компьютерный дизайн, набор и верстка

*Абдрахманова А.Т., Бухарбаева А.Е., Ан М., Еркебаева Н.Р.,
Ерманов О, Морозова Ю.С., Свиридов А.Н.*

Учреждение образования

“Центр педагогических технологий информатизации образования”

Подписано в печать 07.09.05 г. Формат 60х90¹/₈. Бумага мелованная.

Печать офсетная. Усл.печ.л. 42,0. Тираж 1000 экз. Заказ 50. (2 | 99)

Отпечатано ТОО Печатный дом “МерСал”

050100 г.Алматы, ул.Кабанбай батыра, 47.